Әл-Фарабидің бай ғылыми мұраларын зерттеу тақырыбы бойынша ғалым А. Көбесов ұлы ғұламаның 200-ден астам ғылыми, ғылыми-танымал және басқа да еңбектерін, араб тілінен аудармаларын жариялады. Олардың ішінде кеңінен танымал «Әл-Фараби» (1971), «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы» (1974), «Әл-Фараби еңбектеріндегі астрономия» (1981), ғалымның араб тіліндегі математикалық трактаттарының аудармалары, оның ««Алмагестке» түсініктемесі» және көптеген басқа да монографиялары, кітаптары бар [1] [2].

Әл-Фарабидің математика, математикалық жаратылыстану ғылымдары, философиялары, наутрфилософиялары бойынша жарияланған және жарияланбаған қолжазбалары негізіндегі жазылған автордың «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы» атты монографиясы оның ойшыл-математик екендігін көрсетті.

Бұл еңбекте әл-Фарабидің геометрия, тригонометрия, арифметика, әл-Фараби алгебрасы және олардың астрономия мен музыканың математикалық теориясында қолданылуы, сондай-ақ, ықтималдықтар туралы ілім, т.с.с. қарастырылған. А. Көбесов әл-Фарабидің бұл еңбектерінің барлығын, мүмкіндігінше, одан бұрынғы және сол сияқты кейінгі ғалымдар буындарының жетістіктерімен тығыз өзара байланыста қарастыра жазған.

Ұлы ғұламаның бүкіл математикалық еңбектерін талдауға, зерттеуге арналған бұл монографияда математикалық мазмүнды А. Көбесовтың өзі орысшаға аударып, өңдеуіне тікелей қатысқан мына төмендегі еңбектері қарастырылған:

1. «Ғылымдар энциклопедиясының» немесе «Ғылымдар тізбегінің» («Ғылымдар классификациясы» деп те айтады) математикалық тараулары. Мысыр оқымыстысы Осман Амин бастырған (1949 ж.) арабша нұсқасынан аударылды. Басқа тілге де бұрын аударылмаған, қазақшасы бар.
2. «Алмагеске қосымша кітабының» тригонометриялық тараулары. Лондондағы Британ музейінде сақтаулы жалғыз арабша қолжазбаның фотокөшірмесінен аударылды. Бұрын ешбір тілге аударылмаған, бар-жоғы белгісіз болып келген.
3. «Табиғат сырын геометриялық фигуралар арқылы танытарлық рухани айла-әрекетттер» немесе геометриялық трактат. Швецияның Упсала қаласында унгиверситет кітапханасында сақтаулы жалғыз арабша қолжазбасының фотокөшірмесінен аударылды. Французшасы А.Көбесовтың бірге авторлығымен бар болуы мүмкін. Қазақшасы бар.
4. «Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспелеріндегі қиын жерлерге түсініктемелер». Арабша қолжазбасы сақталмаған, ескі еврей тіліндегі нұсқасынан аударылды.
5. «Жұлдыз бойынша болжаулардың қайсысы дұрыс, қайсысы теріс». Неміс ғалымы Дитеерич бастырған арабша нұсқасынан аударылды. Басқа тілге аударылмаған.

Бұлардан басқа математикаға тікелей немесе жанама қатысы бар көп деректер ғұламаның «Музыканың ұлы кітабы», «Алмагеске түсініктеме» атты, тағы сол сияқты үлкен еңбектерінде мол орын алған.

Бұл монографиядағы алынған нәтижелер математиканың тарихи даму тұрғысынан қарағанда өте маңызды өз бағасын алған және автордың көптеген басқа жұмыстарынан белгілі болғандықтан, газет ауқымының шектеулілігі салдарынан тоқталмауға болар деген ойдамын. Тек, заманауи білім беру тұрғысынан қаншалықты құнды екендігі туралы мәселе ашық, әлі де зерттеуді талап ететіндігін атап өткен жөн.

Айта кетерлік нәрсе, еңбекте қарастырылған Фәрәбидің арифметикаға жататын, бірақ музыка теориясында әртүрлі қолданыс табатын сандар қатынасынастарына амалдар қолдану ережелерін тағайындап, ол амалдарды Фәрәби музыка теориясын жасауға қолдануы, оның «Алмагеске түсініктемесінің» бірінші кітабында Птоломейдің хордалар таблицасын жасау жөніндегі теориясын жаңартып, кемелдендіріп бір градустың хордасы, синусы, косинусын табу жөніндегі ілімі, А. Көбесовтың тікелей іздеп, тауып еңбектенуімен бізге аса маңызды, атақты геометриялық трактаттары - салу есептері, тағы сол сияқтылардың бір қатар нәтижелерін заманауи білім беру жүйесіне енгізуге боларлық дүниелер екенін айта кеткен абзал [3].

Жұртшылыққа, әсіресе, математиктер қауымына оның осы «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы» монографиясы кеңінен мәлім. Бұл еңбек шетел әл-Фараби зерттеушілерінің жоғары бағасын алған және әл-Фарабидің математикалық еңбектері жан-жақты жүйелі түрде терең зерттелген бірден бір еңбек ретінде маңызы зор.

Оның маңыздылығы бүгінгі күнде де одан әрі артпаса, кеміген жоқ. А.Көбесовтың осы «Математическое наследие аль-Фараби» («әл-Фарабидің математикалық мұрасы») атты еңбегінің шет елде, яғни Американың Мичиган университетінің кітапханасында цифрланған көшірмесі жасалынып, оған осы университеттің иелік жасауы (11 шілде 2007 жылы цифрланған, барлығы 246 бет) сол маңыздылық белгілерінің бірі екендігіне талас жоқ. Бұған қоса, жол жөнекей айта кетерлік нәрсе, А. Көбесовтың бастамасы бойынша, белсенді қатысуымен және ғылыми редакторлығымен шыққан әл-Фарабидің «Математичекие трактаты» («Математикалық тракттары») кітабының цифрланған көшірмесіне де осы Мичиган унивеситетінің (1 ақпан 2010 жылы цифрланған, барлығы 523 бет)], ал, сол сияқты, «Комментарии к "Альмагесту" Птолемея» еңбегінің цифрланған көшірмесіне Калифорния университетінің (27 тамыз 2008 жылы цифрланған, барлығы 324 бет) иелік жасауы көп нәрсені аңғартса керек.

Атап айтар болсақ, Гарри Дж.Ти (Окленд университеті, Жаңа Зеландия) Алеппо қаласында (Сирия) ағылшын тілінде шығатын «Араб ғылымының тарихы» журналында (мамыр, 1987, №2, т.2) (Journal of the History of Arab Science 1978, Volume 2, No 1 (1)) жариялаған мақаласының кіріспесінде былай деп жазған: «А. Көбесовтың монографиясы әл-Фарабидің математикалық еңбектеріне шолу жасалынған алғашқы кітап және әл-Фарабидің математикасына қызығушылық танытқандар үшін өте маңызды». Кітаптың мазмұнын ары қарай егжей-тегжейлі сын пікір бере келе, автор қорытындысында, жалпы былай деп бағалайды: «Көбесовтың кітабы әл-Фараби математикалық еңбектерінің керемет дәйектілігі мен тереңдігін және оның көптеген кейінгі авторларға күшті әсерін көрсетуімен құнды. Ол әл-Фарабидің шығармаларын зерттейтіндердің барлығына да пайдалы».

Белгілі ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Б.А. Розенфельд (Москва) өзінің бұл кітапқа кезінде берген сын пікірінде (Известия АН КазССР, 1976 ж.): «А.Көбесовтің бұл монографиясы әл-Фарабидің ғылыми шығармашылығының осыған дейін белгісіз тағы бір қырын ашып көрсетті және әлемдік ауқымда аталып отырған ұлы ойшылдың 1100-жылдығына лайықты ескерткіш болып табылады», - деп атап айтқан еді.

А. Көбесовтің Фарабитануға қосқан маңызды үлестерінің бірі, ғылым тарихында алғаш рет әл-Фарабиді ортағасырлық Шығыстың көрнекті астрономы ретінде көрсеткен «Әл-Фараби еңбектеріндегі астрономия» монографиясы болып табылады. Бұған дейін шығыс ғылымының тарихшылары әл-Фарабидің астрономиясы туралы айтқанда, оның тек «Птоломейдің «Алмагесіне» түсініктеме» кітабын жазғандағын және оның геоцентрлік болжамды қабылдағанын факт ретінде атаумен ғана шектелген болатын. Ал, аталмыш кітап авторы «Птоломейдің «Алмагесіне» түсініктеме» кітабын араб тілінен аударып, әл-Фарабидің бұл ірі шығармасының мазмұнын және басқа да еңбектерін зерттей отыра, әл-Фарабиді астроном-теорияшыл және астроном-тәжрибешіл ретінде жаңа қырынан танытты.

А. Көбесов өзінің тарихи-астрономиялық зерттеулерінде екі ғұламаның әл-Фараби мен Самарқанның ұлы билеушісі Ұлықбек арасында өзара сабақтастық байланыстың бар екендігін ашты.

Әл-Фарабидің физика-философиялық көзқарастарын зерттей отырып, А.Көбесов онда табиғатты зерттеудің эксперименталды-теориялық әдісінің бар екендігін, оның көмегімен вакуумның (бос кеңістіктің) болмайтындығы дәлелденетіндігін, сонымен қатар астрологиялық болжамдардың, алхимиялық наным-сенімдердің ғылыми негіздерін анықтағандығын айқындады. Автор әл-Фарабидің бұрын қарастырылмаған «Жаратылыстану негіздері жайлы» трактатын зерттеу негізінде онда қандай да бір космогоникалық және космологиялық тұжырымдама бар болған және ол бойынша қоршаған Әлем негізінде материалдық субстанция (Ұлы Алланың қалауымен жасалынған, нұр) жатыр; ол бүкіл Ғаламды қозғалыста, үзіліссіз, эволюциялық дамуда қарастырады деген қорытындыға келеді.

А. Көбесовтың аспиранты Е. Жәнібековтің зерттеулері ұлы ғалымның өз заманындағы көрнекі физик болғанын көрсетті. Фәрәби ең әуелі физиканың философиялық мәселелерімен көп шұғылданған: ол физика ғылымының пәнін анықтайды, материя және форма, кеңістік және уақыт, козғалыс және тыныштық, күш т. б. түбегейлі ұғымдар жөнінде құнды-құнды пікірлер айтқан.

Фәрәби, әсіресе, физиканың музыкалық акустика саласы бойынша ірі жаңалықтар ашқан. Ол, мәселен, музыканың физикалық негіздері, тәжірибе мен бақылаудың музыка теориясын жасауда рөлі, табиғи-музыкалық қабылдау, т. б. мәселелерді терең зерттеген.

Фәрәбидің физикалық көзқарастары оның «Музыканың ұлы кітабы», «Вакуум туралы трактат», «Ғылымдар энциклопедиясы», «Физика негіздері», «Мәселелердің түп мазмұны», «Астрологиялық, трактат», «Аристотельдің физикасына түсініктеме» және басқа еңбектерінде қамтылған.

Осының ішіндегі белгілісі «Вакуум туралы трактатқа» талдау жасай отыра, оның физикасын тарихи тұрғыдан зерттеушілер Фәрәби және оның шәкірттері Аристотельдің ізін қуып, ешқандай ваккумның жоқтығы жайлы ілім жасаған деген қорытындыға келеді.

А.Көбесовтың айтуынша, Фәрәбидің медицина, билогия ғылымдарымен шұғылданғаны мәлім болып отыр. Ол, әсіресе, бұл ғылымдардың теориялық мәселелеріне көп мән берген. Ол бұл жөнінде «Адам ағзалары жайлы», «Жануарлар ағзалары жайлы», «Темпераменттер туралы», т.б. еңбектер жазған. Олардың басым көпшілігі әлі аударылмай, зерттелмей жатыр.

Фәрәбидің кейінгі кезге дейін белгісіз осындай медициналық трактаты мәлім болып отыр. Медицина (тәуіптік) мәселелеріне арналған бұл еңбектің толық аты «Адам ағзалары жөнінде Аристотельмен алшақтығы туралы Галенге қарсы жазылған трактат». Гален Клавдий- біздің заманымыздың 130-200 жылдары шамасында өмір сүрген Рим дәрігері және табиғат зерттеушісі. Одан бізге жеткен азын-аулақ еңбектердің өзі Галеннің атақты Гиппократтан кейінгі ерте дүние медицинасындағы ең үлкен ғалым дәрігер болғанын көрсетеді. Гален орта ғасырлар заманында өте үлкен, талассыз беделге ие болған, медицина, биология ғылымының кемеңгері болған.

Ал, Аристотель болса, жалпы ғылымның, оның ішінде, медицина мен жаратылыстану ғылымдарының да «пайғамбары» болғаны мәлім. Фәрәби ескі дүние медицинасының екі алыбы жайлы трактат жазып олардың ұстаған ғылыми принциптерін, әдістерін саралап араларын ашып беруді көздеген, төрелік айтқан. Бұдан Фәрәбидің медицина, биология жөніндегі өзінің көзқарасын айқындау мүмкіндігі туып отырғандықтан, осы аталмыш ғылым салаларын зерттеуші ретінде төрелікті ол өзінің ғылымды жасау әдісіне сүйене отырып айтқан.

Атақты дәрігер ибн Сина Фәрәбидің осы еңбекте және басқа медициналық трактаттарында баяндалған теориялық принциптері мен нұсқауларына сүйене отырып өзінің әйгілі медициналық жүйесін жасаған.

Ұлы ұстаздың география (жағрафия) ғылымына жетік болғанын көрсетететін деректерде баршылық, - деп жазады А.Көбесов. Оның кезінде география мәселелері астрономиялық мағлұматтармен тығыз байланыста қарастырылатын. «Математикалық астрономияның бір тарауында, - дейді Фәрәби бұл туралы «Ғылымдар энциклопедиясында», - Жер мекенделген және мекенделмеген тұрғысынан зерттеледі, мекенделген бөлігінің шамасы анықталады, үлкен бөліктер – климаттардың (территория) саны көрсетіледі, сол климаттарға сәйкес мекенді пункттар тізімі келтіріледі, олардың орны мен реті сипатталады, әлемнің (аспанның) айналуы салдарынан әрбір климатта және мекенді пунктте болмай қоймайтын құбылыстар баяндалады, бұлар: күн мен түннің ауысуы, шығу және бату құбылыстары, күн мен түннің ұзақтығы және олардың өзгеруі».

Фәрәби «Алхимия өнерінің қажеттілігі туралы» деп аталатын арнайы еңбек жазып, алхимия өнерінде не дұрыс және не теріс екендігін ашып беруге тырысқан. Фәрәби алхимияны бүтіндей жоққа, бекерге шығарушыларға да, осы сияқты оны түгелдей ешбір күмәнсіз қабылдаушыларға да қарсы болады. Оның пікірінше, алхимияны ғажайып әулиелік құралы емес, өзінің зерттеу пәні, белгілі бір мақсаты бар жаратылыстану ғылымының бір саласы деп қарау керек.

Фәрәбидің алхимия, химия туралы туралы дұрыс көзқарасы, қағидасы кейінгі ғасырладрдың Ибн Сина, Омар Хайям, Леанордо да Винчи тағы басқа алдыңғы қатарлы оқымыстылар тарапынан қолдау тапқан деп тұжырымдайды А. Көбесов өз зерттеулерінде.

«Фәрәби бөлуі бойынша жартылыстану ғылымы сегіз бөлімнен тұрады. Олар: прогностика, яғни алдын ала болжау ғылымы, медицина, физиканың нигромантия ғылымы, навигация, яғни кеме жүргізу ғылымы, заттарды басқа түрге айналдыру амалын көздейтін алхимия және айналар жөніндегі ғылым»,- деп айта келе «Әбу Насыр Әл-Фәрәби» атты (Алматы: Қазақ университеті, 2004., - 176 бет.) кітабында «Бұдан кейін Фәрәби жоғарыда келтірілген ғылымдарды оқып үйрену үшін қажет болатын ғылымдарға тоқталады. Мұнда ол тіл ғылымын жоғары қояды, содан кейін грамматика, логика, поэтика келеді» дейді.

Бұл жерде, Фәрәбидің «Ғылымдар энциклопедиясынан» келтіріле айтылғандарды педагог А.Көбесовтың жаратылыстану ғылымдары мен гуманитар бағыттағы ғылымдардың фәрәбише өзара сабақтастығына білім беру барысында көңіл аударудың қажеттігіне мән бергендігінің мысалы ретінде түсінуге болады. Мұндай пәндік сабақтастықтарды білім беруде, әсіресе, білім беруді ақпараттандыру мен цифрландыру жағдайында ескерген жөн.

А. Көбесов өзінің зерттеу жұмыстарын ортағасырлық ғалымның шығармаларын зерттеумен жалғастырды, ол жаңа «Әл-Фарабидің жаратылыстану-математикалық мұрасы» (1997) және «Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі» (2002) кітаптарын жариялады.

Әл-Фәрәбидің педагогикалық мұрасы жайлы кейбір шағын мақалалар болмаса, оны жан-жақты талдап, ашып көрсетуге арналған еңбек кейінгі кезде А. Көбесовтың терең зерттулеріне дейін болмай келген еді. Оның «Фәрәбидің педагогикалық мұрасы» атты докторлық диссертациясы мен басқа да жарық көріп жұртқа танымал болған және әлі де бабамыздың жарияланбаған еңбектері мен аудармаларына сүйеніп жазған тамаша ғылыми еңбектері бұл салада бізге ұлы ғалымның

педагогикалық көзқарастарын, әрекеттерін біршама толық дәрежеде, ғылыми дұрыс әдіснамалық тұрғысынан ашып беруге мүмкіндік туғызып отыр [4].

Әл-Фәрәбиге Шығыс және Батыс оқымыстылары бір ауыздан адамзаттың Аристотель данышпаннан кейінгі «Екінші ұстазы» (муаллим сани) деген атақ беруінің өзі оның педагогика саласындағы аса ұлкен тұлға болғандығын дәлелдейді. Шынында, әл-Фәрәби өзінің трактаттарының басым көпшілігін халықты, әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеп білімдар ету, ағарту мақсатына арнаған. Бұлардың қатарына жоғарыда келтірілген математикалық және жаратылыстандыру еңбектерімен қатар «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жолдары», «Философияны оқып-үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі туралы», «Философиялық сауалдар және оған жауаптар» сияқты тағы басқа көптеген трактаттарын жатқызуға болады.

Фәрәбидің педагогикалық жүйесін мазмұндауды А. Көбесовтың өз сөзімен келтірсек, қысқаша былай келтіруге болады: «Әуелі Фәрәби педагогика ғылымының пәні мен мақсаттары туралы; екінші, ғұламаның жалпы педагогикалық идеялары, тәрбиенің мазмұны, түрлері мен әдістері туралы көзқарастары; үшінші, Фәрәби еңбектеріндегі дидактика проблемалары; төртінші, Фәрәбидің педагогикалық идеяларының оның математикалық және жаратылыстану ғылыми еңбектерінде қолданылуы және жүзеге асырылуы; бесінші, Фәрәбидің педагогикалық көзқарастарының кейінгі ғасырлардағы Шығыс, Батыс педагогикасына тигізген әсер-ықпалы» [5].

Фәрәбидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өте тығыз да біртұтас байланыста болғанымен, олардың педагогикалық құрал ретінде ерекше әрқайсысына ғана тән жақтары да ажарытылады. Мысалы, адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фәрәби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық тағы басқа тәрбиелер түрлерін енгізіп, сыйғызып қараған сияқты.

Фәрәбидің ілімі бойынша адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі, ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді. Оның пікірінше тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек», - дейді ғұлама. Фәрәбидің «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, дос пейілділік тағы басқа қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндайды.

Ғұламаның ғылыми-педагогикалық шығармаларында әдемілік, әсемдік пен үйлесімдік, гармония сезімдерін тәрбиелеуге ерекшк мән берілген. Олар эстетика-этикамен, қылықтылықпен тығыз байланыста. Фәрәби педагогикасында музыкалық тәрбиеге көп орын алады. Ол денсаулық үшін де пайдалы, себебі тән азап шеккенде, жан да ауырады, тән азап шеккенде жан да күйзеледі. Сондықтанда жағымды дыбыс көңілді көтеріп, жанды жадыратады, субстанцияға «асылына» лайықты күш тудырып, тәнді кеселден арылтады [6].

Ғұламаның музыкалық білім беру, тәрбие туралы ойлары мен жинаған қорытындылары «Музыканың ұлы кітабында» жүзеге асырылған.

Мұнымен қоса ғұлама басқа адамгершілік қасиеттермен бірге шәкірттерде гуманистік және патриоттық сезімдердің күшті болуына үлкен мән береді, «ол өзінің халқын сүйіп, беріліп, оның абзал дәстүрлерін дамытып, жоғын жоқтап, мұңын мұңын мұңдап отыруы қажет. Педагогиканың мақсаты, мұраты туралы Фәрәби ұсынған адамгершілік (гуманистік) идеялар мен қорытындылар адам өмірінің қазіргі кезеңінде де ағартушылықтың маңызды тіректерінің бірі болып отыр.

Бір қызық жәйт, ұлы бабадан мың жыл өткізіп барып данышпан Абай дәл осындай гуманистік ұлы қағиданы жаңғыртып, қайталап, қуаттай түсетіндігін А. Көбесов «Әл Фәрәби мен Абайды қатар оқығанда» (Алматы: Қазақ ун-ті, 2006.) атты өз еңбегінде ықласпен атап өтеді. Одан ары, «Ғұламаның ізгі адамдарға лайық асыл қасиеттерді бұлайша мұқият сынап, тәптіштеп талдауы Абайдың өлең-шығармаларындағы адамгершілікке, келісті кемеңгерлікке тән және оған жат кереағар қарсы мінез-құлықтарды тізбектеген түстарды еріксіз еске түсіреді. Бір топырақтан, ел-жұрттан тараған екі данышпанның педагогикалық идеялары мен түйгендерінің астасып, ұқсап жатқанына тағыда куә боламыз», -дейді ғалым педагог А. Көбесов.

Ғұламаның педагогикалық жүйесінде салмақты орын дидактикаға берілген. Фәрәби жазған «Ғылымдар энциклопедиясы» еңбегі педагогика тарихында ғылыми-дидактикалық шығармалардың алғашқыларының бірі болып табылады, өйткені, А. Көбесовтың айтуынша бұл трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар тізбегі», тағы басқа да аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде ұзақ уақыт барлық ғылым бастамалары жөнінен негізігі бағдарламалық жетекші құрал болған.

Бұл еңбек – жан-жақты білімді, тәлім-тәрбиелі, шын бақытқа жетуді көздеген адам меңгеруге тиісті барлық ғылым тарауларын және оны оқып-үйрену реті мен мазмұнын қысқаша тезис ретінде баяндап, талдап беруді көздеген бірегей дидактикалық шығарманың үлгісі деуге болады.

Фәрәби өзінің жинақтаған педагогикалық, дидактикалық. әдіснамалық идеяларын, қорытындылары мен қағидаларын көптеген ғылыми трактаттарын жазу барысында нақтылай түсіп, оларды жүзеге асырып отырған [7].

А. Көбесов әл-Фәрәбидің педагогикалық мұрасының ірі зерттеушісі бола отыра, әл-Фарабидің белгілі еңбектері мен оның ғылыми мұрасы бойынша жарияланған зерттеулері негізінде ойшылды ұлы әдіснамашы және әдіскер екендігін жаңа қырынан көрсетті. Сонымен қатар, әл-Фарабидің «Музыканың үлы кітабы», ««Алмагеске» түсінікітеме», ««Алмагеске» қосымшалар кітабы», «Аристотельдің «Физикасына» түсініктеме», «Жұлдыздар үкімінде не дұрыс, не теріс», «Алхимия өнерінің қажеттігі туралы», «Галенге қарсы жазу», «Ғылымның пайда болуы туралы», «Вакуум туралы», геометриялық трактаттар және т.б. көптеген шығармалары алғашқы рет тарихи-педагогикалық тұрғыдан зерттеуден толық өткізілді. Ол әл-Фараби педагогикасының философиялық және әлеуметтік-этикалық алғы шарттарын, әл-Фарабидің жалпы педагогикалық ойларын, әл-Фарабидағы дидактика мәселелерін; оның математикалық еңбектеріне әл-Фарабидің жалпы педагогикалық ойларын қолданып, жүзеге асыруды зерттеді. Әл-Фарабидің басты жетістіктерін айқындай отырып, оның мұсылман мемлекеттері мен ортағасырлық Еуропа ғалымдарының педагогикалық ойларының қалыптасуына және дамуына әл-Фарабидің педагогикалық шығармашылығының әсері туралы мәселелерді қарастырған.

Фәрәбидің бүкіл педагогикалық жүйесін ашып беру оңай нәрсе емес екенін, ол туралы арнайы зерттеулер жүргізіліп, кітаптар жазылуға тиіс деген ойларға меңзейді өз зерттеулерінде белгілі педагог ғалым А. Көбесов.

Өмірінің соңғы жылдарында ғалым әл-Фарабидің ғылыми-әдістемелік, математикалық жетістіктері мен заманауи ғылыми білім арасындағы байланысқа баса назар аударған, ал бұны куәландыратын оның жарияланбаған мына еңбектері: «Жоғары математика тарихы алдындағы әл-Фарабидің сіңірген еңбегі» (монографиясы) және «Әл-Фараби және қолданбалы математика мәселелері» (мақала). Бұл бағыт қазіргі кезде әдістемелік ғылым саласында одан әрі зерттеулер жүргізу үшін келешегі бар іс болып табылады.

А. Көбесовтің ғылыми-әдістемелік шығармашылығында жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған әл-Фәрәби шығармашылығы бойынша оқулық және оқу құралдарын жазып, солар бойынша көп жылдар бойы университет студенттері үшін дәрістер оқып, тәжірибелік сабақтар жүргізу үлкен орын алады. Оның үстіне, оның көрнекі ғалым ретінде әл-Фәрәбидің өзі туралы және оның ғылыми шығармашылығы мен ғұлама жайлы біліми мағлұматтарды халық ортасына кеңінен таратуда көп еңбек еткендігі баршаға мәлім [8-10]. Қорытындылай келгенде, шығармашылық жолы мен ғылыми зертеулеріне біз жасаған шолу - ғалым-педагог Ауданбек Көбесовтың ғұлама ғалым әл-Фәрәбидің ойшыл-математик, жарытылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін қалпына келтіруші, өз шыңының биігіндегі ғалым екендігін білдіреді. Бүгінгі күнде, мақала басында айтылғандай, әл-Фараби бабамыздың белгілі ғалым А.Көбесов тырнақтап жинап жүйелеген математикалық мұрасын жас буынды тәрбиелеу тұрғысынан математикалық ғылым-білімге баулу мақсатында насихаттау құралдарының жасалынуы, қазіргі оқыту мазмұнына оны инновация ретінде ендіру мүмкіндіктері, әдістері мен технологиялары бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулер енді-енді ғана жүргізіле бастады.

А. Көбесов өзінің «Ғылымда даңғыл жол жоқ» (Алматы, 2008 ж.) атты соңғы кітабында «Оқу – методикалық жағынан алғанда әл-Фарабидің геометриялық трактаты маңызын күні бүгінге дейін жоғалтқан жоқ. Қазіргі педагогика ғылымы талап дәрежесіне сай біраз өңделсе, толықтырылса, бұл еңбек орта мектеп және жоғары оқу орындарының оқушылары үшін салу есептері жөнінде аса пайдалы құрал болары сөзсіз», - деп жазған еді. Оның бұл айтқан тілегі қазірде шындыққа айналуда, яғни ол оның өзі білім алған қазақтың «Қарашаңырағы», алғашқы жоғары оқу орны Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетте шешімін тауып жатқан жайы бар.

Бұл игілікті істі университетіміздің информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасы (меңгерушісі,.профессор Е.Ы. Бидайбеков) «Әл-Фарабидің математикалық мұралары заманауи білім беру жағдайында» атты ғылыми жоба ауқымында іске асырып жатыр. Жоба бойынша әл-Фарабидің математикалық мұрасын тек геометриялық салу есептері бойынша ғана емес, тригонометриясы, арифметикасы мен музыка теориясы бойынша да, мектеп математикасының мазмұнымен сабақтастыра, заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдана отырып, оларды білім беру жүйесінде оқытудың жолдарын зерттеп іске асыруда. А.Көбесов негізін салған жүйе бойынша

жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қандай жетістіктерге қол жеткізілгендігі мақала басында қысқаша айтылды.

Бұл жетістіктерге қарамастан, әл-Фәрәбидің математикалық мұрасына жататын физика-математикалық бағыттағы сфералық тригонометрия мен астрономиясы, арифметика мен музыка теориясы қолданбалылық деңгейге дейін зерттеліп, сол сияқты оның физика саласы бойынша еңбектері заманауи білім берудегі өз орнын табатындай дәрежеде зерттеуді күтуде.

Ал, әл-Фәрәбидің жаратылыстану-ғылыми бағыттағы химия, медицина, география, ботаника, минерология тағы басқа жаратылыстану ғылымдары бойынша жазған трактаттары да, бұл салаға қосқан жаңалықтары жеткілікті екендігі белгілі, ғұламаның олар бойынша мұрасы да өз кезегінде заманауи білім беруде ендіруді қажет ететіндігі сөзсіз. Әл-Фәрәбидің гуманитарлық-ғылыми бағыттағы тіл білімі және оның тараулары; логика және оның тараулары; азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы тағы сол сияқты ғылымдар бойынша еңбектері де заманауи білім берудегі өз орнын табатындығына сенім артуға болады. Әл-Фәрәбидің педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығы белгілі. Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Сондықтан да бабамыздың педагогикалық бағыттағы мұрасы заманауи білім беруде көрнекі орын алатындығына талас жоқ.

Осыған орай, университетте Әл-Фәрәби білім беру орталығы ашылды. Біздің ұйғаруымызша, орталықтың алға қойған мақсаты әл-Фараби мұрасын дәріптеп қана қоймай, оны заманауи білім беру жүйесіне ендірудің ғылыми әдістемелік негіздерін жасай отыра, жас ұрпақты әл-Фәрәби еңбектері бойынша оқытып тәрбиелеу болмақшы. Әл-Фәрәбидің математикалық мұрасы бойынша ақпараттық цифрландыру технологиялары негізінде жұмыстар осы мақсатта басталып та кетті.

Айтарымыз, 1150 жылдық мерейтойы аталынып отырған «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың мұрасын өзекті ғылыми зерттеулерде және инновациялық білім беру үдерістерінде кеңінен қолдану мақсатында жас ұрпақты әл-Фәрәби еңбектері, мұрасы бойынша оқытып тәрбие жүргізуді Республикалық білім беру жүйесінде қолға алу біздің бұлтартпас парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Кубесов А.К. Математическое наследие Аль-Фараби. - Издательство «Наука» Казахской ССР. Алма-Ата. 1974.–246 с.*

2 *Аль-Фараби. Математические трактаты. / Ред.колл.: Ш.Е.Есенов (отв.ред.) и др.– Алма-Ата, «Наука», 1972.– 324с.*

3 *Бидайбеков Е.Ы. Әл-Фәрәбидің математикалық мұралары заманауи білім беру үдерісінде. //Педагогика и психология. Научно-методический журнал. –Алматы.– 2015. –№2(23). – С.66-70*

4 *Бидайбеков Е.Ы. О наследии аль-Фараби по геометрии по исследованиям Ауданбека Кубесова. - // http://group-global.org/en/node/18228*

5 *Бидайбеков Е.Ы., Кубесов Н.А. Ауданбек Кубесов // Білім – Образование. Научно-педагогический журнал. – №5 (41). – 2008. – С.67-69*

6 *Бидайбеков Е.Ы., Бостанов Б.Г., Камалова Г.Б. The mathematical heritage of Al-Farabi by A.Kubesov in modern conditions of educations // Материалы IX международного математического конгресса ISAAC. г. Краков, Польша, 5-9 августа 2013 г. - С.33-34.*

7 *Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г. Развитие алгоритмической культуры школьников на основе геометрии и алгоритмов аль-Фараби // Вестник Московсого городского педагогического университета. Серия «Информатика и информатизация образования». 2015.– №4(34)*

8 *Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Бостанов Б.Г., Умбетбаев К.У. О разработке и использовании образовательного портала по геометрическому наследию аль-Фараби в качестве средства информатизации обучения истории математики // Вестник Московсого городского педагогического университета Серия «Информатика и информатизация образования». 2015.– №4(34)*

9 *Бидайбеков Е.Ы., Бостанов Б.Г., Үмбетбаев Қ.Ү. Циркуль мен сызғыштың көмегімен салуға болмайтын есептерді әл-Фарабидің әдісімен шешу // Материалы VII Международной научно-методической конференции «Математическое моделирование и информационные технологии в образовании и науке (ММ ИТОН)», посвященной 70-летию профессора Е.Ы. Бидайбекова и 30-летию школьной информатики. - Алматы, 2015. - С. 443-447.*

10 *Bidaibekov Y., Oshanova N., Bostanov B. Information Technology As The Factor Of Usage Of The Mathematical Heritage Of Al-Farabi In The Modern Education. 13th International Technology, Education and Development Conference, Valencia, SPAIN, 2019, P.8838-8847*

МРНТИ 02.91:27. 01.09
УДК 101.9:51-7
DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.03

Н.Т. Ошанова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

МУЗЫКАНЫҢ ӘЛ-ФАРАБИ БОЙЫНША МАТЕМАТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада музыкадағы әл-Фараби бойынша математикалық негіздері туралы түсінік беріліп, музыкалық интервалдарды алу үшін қатынастармен орындалатын арифметикалық амалдардың Фараби бойынша тәсілдері ұсынылды. Фараби музыка өнерін білу үшін математикадан алынған біршама бастамаларға назар аударған.

Бұл мақалада оның сандық қатынастар жағынан қажет болған үш нарсені көрсетуі бойынша кең мағлұмат беріледі. Музыкалық интервалдар әртүрлі мәнге ие. Оларды бөлуге, көбейтуге және қосуға болады. Музыка теориясында белгілі сандық қатынастармен, сонымен қатар ол қатынастарды қосу мен азайту амалдарымен жұмыс жасауда математикалық негіздерімен таныс болу керек. Фараби дыбыстардың арақашықтық қасиеттері туралы ғылыми түсінік беріп қана қоймай, үйлесімділік пен музыкалық әуендердің пайда болуының математикалық негіздерін ашады.

Түйін сөздер: әл-Фараби, арифметика, математика негіздері, арифметикалық әдіс, музыка теориясы, арифметикалық қатынас, музыкалық интервал.

Аннотация

Н.Т. Ошанова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

МАТЕМАТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ МУЗЫКИ ПО АЛЬ-ФАРАБИ

В данной статье рассматриваются математические основы музыки по аль - Фараби, предложены основные действия арифметических операций с отношениями по Фараби для получения музыкальных интервалов. Фараби обратил внимание на некоторые проблемы для изучения музыкального искусства.

В этой статье дается обширное понятие о том, как три основные задачи нужны для получения соотношении. Музыкальные интервалы имеют разные значения. Их можно делить, умножать и сложать. В теории музыки надо быть знаком математическими основами для работы с соотношениями, а также арифметическими действиями как умножение, деление и сложение. Фараби не только дает научное представление о соотношении звуков, но и раскрывает математические основы возникновения гармонии и музыкальных мелодий.

Ключевые слова: аль-Фараби, арифметика, математические основы, арифметические методы, теория музыки, арифметические отношения, музыкальный интервал.

Abstract

MATHEMATICAL FOUNDATIONS OF MUSIC BY AL-FARABI

Oshanova N.T.

Abai Kazakh National pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

This article discusses the mathematical foundations of al - Farabi music, and suggests the main actions of arithmetic operations with Farabi relations to obtain musical intervals. Farabi drew attention to some problems for the study of musical art. This article provides an extensive understanding of how the three main problems are needed to get the ratio. Musical intervals have different values. You can divide them, multiply them, and listen to them. In music theory, you need to be familiar with the mathematical foundations for working with ratios, as well as arithmetic operations like multiplication, division, and addition. Farabi not only gives a scientific idea of the ratio of sounds, but also reveals the mathematical foundations of the emergence of harmony and musical melodies.

Keywords: al-Farabi, arithmetic, mathematical foundations, arithmetic methods, music theory, arithmetic relations, musical interval.

Әлемдік музыка мәдениеті тарихында музыка туралы ғылыми білімнің қарқынды өсуін білдіретін кезеңдер бар: осы саладағы барлық алдыңғы тәжірибені жалпылау музыкалық өнер ғылымының болашақ қайшылықтарын алдын-ала болжауда жаңа және нақты түсінік береді. Зерттеушілердің ойы оларға қайта оралып, өткен теориялық ілімдерден қазіргі мәдениеттің қайнар көздері туралы ақпарат алады. Шығыс музыка ғылымының аса ірі өкілі Әл-Фарабидің есімін музыка туралы тұтас ілім жасауға еңбегі сіңген Августин және Боэций сияқты Орта ғасырлардағы аса көрнекті ғалымдардың аттарымен қатар қоюға болады.

Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби (870-950) – философияның, логиканың, жаратылыстанудың және нақты ғылымдардың дамуына елеулі үлес қосқан ірі араб-мұсылман ойшыл-энциклопедисті,

музыкалық тарихнамада ерекше орын алады [1]. Фарабидің музыкалық-теориялық мұрасы орта және Таяу Шығыс халықтарының музыка тарихы мен теориясын зерттеуде негізгі рөл атқарады. Бұл тұрғыда оның «Музыканың үлкен кітабы» (Китаб әл-мусика әл-кабир) еңбегінің маңызы зор. Бұл шығармада Фараби Орта ғасырдағы ең ірі музыкатанушы ретінде көрсетеді. Ол дыбыстардың арақашықтық қасиеттері туралы ғылыми түсінік беріп қана қоймай, үйлесімділік пен музыкалық әуендердің пайда болуының математикалық негіздерін ашады. Әл-Фарабидің музыкалық еңбектері шығыстану ғылымында монографиялық, арнайы еңбектерде [2-3], сондай-ақ таяу және Орта Шығыстағы музыка ғылымы бойынша зерттеулерде бірнеше рет қарастырылды [4-5].

Орыс тілді әдебиеттерде әл-Фарабидің музыкалық-теориялық көзқарастарын И. Раджабов, А. Джахид, И. Земцовский және т. б. зерттеді [6-8], ал О. Матякубовтың монографиясында [4] лад, ырғақ, музыкалық аспаптар теориясының жалпылама баяндалуы ұсынылған. Аталған авторлардың еңбектерінде теорияның мазмұны жалпы теориялық және эстетикалық мәселелер тұрғысынан қарастырылды. Әл-Фарабидің музыкалық-теориялық көзқарастары А.К.Көбесовтың еңбектерінде де көрініс табады [8]. Соңғы жылдары Әл-Фарабидің жекелеген музыкалық шығармаларын қазақ тіліне аударуға көп көңіл бөлінуде. Әл-Фарабидің музыкасы математика ғылымдарының қатарына жатады. Музыка-дыбыстар мен дыбыстық қатынастар әлемі. Негізгі элемент - дыбыс. Әл-Фараби өзінің музыкалық шығармаларында ежелгі ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы идеяларға сәйкес келетін дыбыс ұғымын береді. Дыбыс - бұл басқа физикалық дененің күшімен (соққымен) басқарылатын физикалық дененің тербелісі (қатты немесе жұмсақ). Дыбыс төрт негізгі өлшеу параметрлеріне ие: биіктігі, ұзақтығы, тембр және көлемі [4].

Әл-Фарабидің музыкалық дыбысы әртүрлі аспектілерде - физикалық және геометриялық дене, арифметикалық сан ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, Әл-Фараби адам дауысының дыбыстарын – «табиғи» және аспаптардың дыбыстарын – «жасанды» деп ерекше ажыратады. Дыбысты зерттеудің негізгі саласы - оның биіктік жүйесіндегі байланысы. Ладты игерудің бірінші кезеңіндегі биіктік құрылымдарының өзі оларды құрайтын дыбыстар тұрғысынан зерттеледі. Интервал, ең алдымен, дыбыстардың бағынуы ретінде пайда болады, содан кейін біртұтас тұтастық ретінде пайда болады, оның басқа интервалдарға қатынасы қарастырылады. Аралықтарды анықтау кезінде Әл-Фараби жолдың ұзындығын бір тонның екіншісіне қатысты орнын оңай анықтауға мүмкіндік беретін маңызды мәлімет береді. Әл-Фараби «Музыканың үлкен кітабы» атты трактатында өзі теориялық арифметиканың пәні болғанымен музыка теориясында әртүрлі қолданыс тапқан сандар қатынасына ерекше тоқталады. Осыған байланысты, өзінің трактатындағы кіріспенің соңғы бөлігінде айтылған әл-Фарабидің келесі пікірі үлкен қызығушылық тудырады: «Бұл музыка туралы ілімде қолданылатын арифметикадан білу керек нәрсенің барлығын тондар мен интервалдарды, олардың мәні анықталатындай және оны жеке сандар көмегімен келтіруге болатындай етіп қалай қарыстыру керек екендігін көрсеттік. Сонымен қатар, біз бұл мәндерді қатысты сандар көмегімен келтіру үшін қандай көзқарас тұрғысынан қарастыру керек екендігін көрсеттік».

Мұнда әл-Фарабидің сәйкес бүтін және бөлшек сандар ретінде қолданылатын «жеке сандар» (адад әл-муфрада), «қатысты сандар» (адад әл-мудафа) терминдері қызығушылық тудырады. Осылайша, теориялық және практикалық арифметика бірін-бірі толықтыра отырып, ажырамас бірлікте жүреді. Айтылған ой әл-Кашидің еңбектерінен айқын көрінеді, ол былай деп жазды: «Егер біз санның өзіндік мөлшерін қарастырсақ, яғни қандай да бір басқа мөлшерге қатысты болмаса, бүтін деп аталады, мысалы, бір, екі, он, он бес, жүз; ал егер мөлшерді басқа мөлшерге қатысты деп қарастырсақ, онда ол бөлшек сан деп аталады, ал ол қатысты болған сан бөлімі деп аталады, мысалы, жарты деп аталатын екіден бір, бестен үш, яғни бірдің бестен үш бөлігі».

Бүтін сан оң және теріс таңбасымен алынған барлық натурал сандар жиынынан құралған сандар жиынын атаймыз. Яғни бүтін сандар 0, 1, 2, 3, 4,… және -1, -2, -3, -4, … сандар жиындарының бірігуінен құралған [11].

Бөлшек сан арифметикада - бірліктің (бір бүтіннің) бір не бірнеше тең үлестерінен құралған сан. Ол m/n белгісімен өрнектеледі, мұндағы m – бөлшектің алымы, ол бірліктен алынған үлес санын көрсетеді, ал n – бөлшектің бөлімі, ол бірліктің тең бөлікке бөлінгендігін көрсетеді [12]. Осы мәселеге байланысты Г.П.Матвиевская былай дейді: «Осылайша, әл-Каши бойынша теориялық арифметикадан алынған «өзіндік сан» («жеке сан») мен «тәуелді сан» түсініктері бүтін және бөлшек санға сәйкес келетін практикалық арифметиканың түсініктеріне айналды»[3]. Әл-Фараби «Музыканың үлкен кітабының» кіріспесінде музыка теориясын құруда қолданылуы мүмкін сандар туралы ілімнің сұрақтарын арнайы атап көрсетеді. Әл-Фараби оларды арифметикадан алынған қағидалар деп атайды.

Әл-Фарабиді бүтін сандарды салыстырғанда пайда болатын сандық қатынастар ерекше қызықтырады. Ол былай деп жазады: «Кез келген санды екі жағынан қарастыруға болады: өз алдына

сан ретінде немесе берілген жағдайда салыстыру мүшесі қызметін атқаратын басқа санға қатысты сан ретінде. Бірінші жағдайда мәселе, мысалы, «бір» санында болып тұр, біз оны екі санымен салыстырмай және екінің жартысы екендігін айтпай жеке сан ретінде қарастырамыз. Немесе біз екі санын бір санымен салыстырмай және оның бір үшін екі еселенген сан екендігін айтпай жеке қарастыра аламыз. Дәл осыны басқа барлық сандар үшін де айтуға болады. Екінші жағдайда қарастырылатын сан қандай да бір басқа санға қатысты деп алынады, және ол сол сан үшін өлшеу бірлігі қызметін атқарады. Мысалы, бір саны екі санына қатысты өлшеу бірлігі болады, және де басқа сандар үшін де солай.

Сөйтіп, Әл-Фараби тұжырымдамасы бойынша, бір саны тең құқылы сан ретінде қолданылады, және ол $m < n$ болған кездегі $\frac{m}{n}$ түріндегі дұрыс сандарды қарастырады.

Әл-Фараби сандардың қатынасы екі түрлі болады деп ойлады, яғни теңдік және теңсіздік қатынастары. Ол былай деп жазды: «Егер екі санды салыстырсақ, онда олар тең немесе тең емес болады. Екі тең сандардың қатынасы теңдік қатынас деп аталады. Егер сандар тең болмаса, онда олардың арасындағы қатынас екі түрлі болады: не олардың ең кішісі ең үлкенімен салыстырылады, мысалы 1 мен 2 сияқты, не ең үлкені ең кішісімен салыстырылады, мысалы 2-нің 1-ге қатынасы». Сөйтіп, теңсіздік қатынастары кіші және үлкенге бөлінеді.

Әл-Фараби музыка теориясында кең қолданыс тапқан сандық қатынастарға қолданылатын амалдарды жан-жақты қарастырады. Бұл жайында әл-Фараби былай деп жазады: «Келесі үш есептің қандай түрде шешілетіндігін түсіндірген кезде, біз музыка арифметикадан нені алғандығының барлығын көрсеттік деп айта аламыз:

1. Сандар қатары бір-бірімен белгілі бір қатынаста болады. Бізге қатынастары өзінде бүкіл қатынастарды қамтитын сондай екі санды табу керек.
2. Екі сан бір-біріне белгілі қатынаста орналасқан. Бізге осы қатынасты бастапқы қатынаста сақтайтын ортақ сандарды табу керек.
3. Берілген қатынастағы екі сандар, олардың қосындысын бастапқы қатынастан алуға болатындай, өздерінің арасында ортақ мүшеге ие. Бізге қалдық қатынасты беретін санды табу керек, яғни қосындымен салыстырғандағы бастапқы қатынастың қалдығын табу керек.

Бірінші есепті шешу – екі санның қосындысын табу. Екінші есептің шешімі бір қатынасты бірнеше қатынасқа бөлу, ал үшінші есеп бір қатынасты басқа қатынастан алу жолымен табылады. Осылайша, Фараби сандық қатынастармен орындалатын үш амалды орнатады – қосу, бөлу (жіктеу) және қатынастарды алу. Осы жерде ол музыка теориясына байланысты пайда болған көрсетілген үш есептің шешімінің қарапайым әдісін ұсынады. Сонымен қатар, әл-Фараби осы мақсатқа қажет болатын ғана сандық қатынастардың түрін қарастырумен шектеледі. Яғни, мұндағы, қосу, бөлу және азайту деп ол дәстүр бойынша сәйкес көбейту, жіктеу және бөлу амалдарын түсінеді.

Фараби музыка теориясын құру үшін қажетті осы мәліметтердің көмекші сипаттамаларына байланысты пайда болған қосу, бөлу (жіктеу) және қатынастарды азайту ережелерін дәлеледеусіз келтіреді.

Қосу (көбейту). Оның қосу ережесі екі жағдайға ажыратылады:

1) қосылатын қатынастар бір-біріне тең;
2) қосылатын қатынастар бір-біріне тең емес.

Бірінші жағдайға қатысты ол былай жазады: «Егер сөз бір қатынасты екінші қатынасқа екеуі де тең болғанда қосу туралы болса, онда біз ол қатынасты ең қарапайым түрінде аламыз. Екі мүшесінің әрбірін өз-өзіне көбейтеміз. Алынған көбейтінділер бір-біріне ізделініп отырған қатынаста болады».

Оны былай жазуға болады:

$$\frac{A}{B} \cdot \frac{A}{B} = \frac{A \cdot A}{B \cdot B} = \frac{A^2}{B^2}.$$

Көрсетілген ереже келесі мысалмен келтіріледі: «Егер де, мысалы, $1+\frac{1}{3}$ қатынасын $1+\frac{1}{3}$ қатынасына (бұл қатынастардың әрқайсысының ең қарапайым мүшелері 4 пен 3-ке тең) қосқымыз келсе, онда соңғыларын өз-өзіне көбейтеміз. Сонда осы екі сан сәйкесінше 16 мен 9 сандарын береді. Осы сандардың қатынасы ізделініп отырған қатынас болады».

Берілген мысалда

$$\left(1+\frac{1}{3}\right)\cdot\left(1+\frac{1}{3}\right)=\frac{4}{3}\cdot\frac{4}{3}=\frac{16}{9}.$$

Әл-Фараби бұл ережені қосындылардың кез келген қажетті саны үшін жалпылайды.

Ол осыған ұқсас ережені қосылатын қатынастар бір-біріне тең емес жағдай үшін де келтіреді: «Егер қосылатын қатынастар өзара тең болмаса, онда олар не тізбектес немесе тізбектес емес болады. Мысалы, $1+\frac{1}{2}$ және $1+\frac{1}{3}$ қатынастары тізбектес. $1+\frac{1}{2}$ және $1+\frac{1}{4}$ қатынастары тізбектес емес.

Егер қосылатын қатынастар тізбектес болса, онда олардың әрқайсысының ең қарапайым сандарын алып, қатынастардың біріндегі ең кіші сан бір уақытта басқа қатынаста ең үлкені болатынын байқаймыз. Осылайша, біз үш тізбектес – екі шеткі және бір ортаңғы сандар аламыз. Ең үлкен санның ең кішісіне қатынасы қатынастың суммасы болады.»

Әл-Фараби «тізбектес» деп келесі түрдегі қатынастарды атайды

$$1+\frac{1}{n},\ 1+\frac{1}{n+1},\ 1+\frac{1}{n+2}...,$$

оларды қосу келесіден құралады

$$\left(1+\frac{1}{n}\right)\left(1+\frac{1}{n+1}\right)=\frac{n+1}{n}\cdot\frac{n+2}{n+1}=\frac{n+2}{n}$$

немесе

$$\left(1+\frac{1}{n+1}\right)\left(1+\frac{1}{n+2}\right)=\frac{n+2}{n+1}\cdot\frac{n+3}{n+2}=\frac{n+3}{n+1}.$$

Ары қарай әл-Фараби былай жазады: «Қосуға тиісті екі қатынас та тең емес және тізбектес емес болғанда, онда келесі түрге келтіреміз: олардың ең қарапайым мүшелерін аламыз. Олар бізге төрт сан береді. Олардың ең үлкені ең үлкен шеткі мәнді, ең кішкентайы – шеткі мәндердің ең кішісін білдіреді. Екі аралық сан, яғни ортаңғы сандар: бірі ең үлкен шеткі санға, екіншісі ең шеткі кіші санға жақын.

Егер ең үлкен санға жақын санды кіші санға, ал кіші санға жақын санды ең үлкен санға көбейтетін болсақ, онда алынған екі сан да ізделінді қатынаста болады».

Шамасы, әл Фараби «тізбектес емес» қатынас деп келесі түрдегі қатынастарды санайды:

$$1+\frac{1}{n},1+\frac{1}{n+2},1+\frac{1}{n+4}\ \text{және т.б.},$$

оларды қосу шынында да көрсетілген ережемен орындалады. Мысалы, $1+\frac{1}{n}$ мен $1+\frac{1}{n+4}$ қатынастарын қосу кезінде төрт сан алынады: $n, n+1, n+4, n+5$. Оларды көрсетілген ереже бойынша қос-қостан көбейтіп, ізделінді қатынас болатын төмендегі қатынасты аламыз:

$$\left(1+\frac{1}{n}\right)\left(1+\frac{1}{n+4}\right)=\frac{(n+1)(n+5)}{n(n+4)}.$$

Осылайша, әл-Фарабидің қатынастарды қосу амалы, мағынасы бойынша, бүгінгі бөлшектерді көбейту ережесімен сәйкес келеді.

Қатынастарды бөлу (жіктеу). Жоғарыда атап өткендей, әл-Фараби бойынша қатынастарды бөлу – берілген қатынасты олардың қосындысы бастапқы қатынасқа тең болатындай бірнеше өзге қатынастарға бөлу. Бұл музыка теориясының негізінде пайда болған арнайы амал, яғни: ол квартаның интервалдарын өзгермелі (модулирующие) компоненттерге жіктеу кезінде арифметикалық аппарат ретінде қолданылды.

Қатынастарды бөлу үшін әл-Фараби келесі ережені ұсынады: «Егер біз бір қатынасты бірнеше басқа қатынастарға бөлгіміз келсе, онда біз мүшелері өзара бірдей шамаға немесе әртүрлі шамаға айырмашылықта болатын қатынастар қатарын құрамыз. Бірінші жағдайда төменде көрсетілгендей жасаймыз: берілген қатынастың қарапайым мүшелері бізге жүргізу қажет болатын бөлулер санына тең санға көбейтіледі. Осылайша, біз бөлуге тиісті қатынастың жаңа шеткі мүшелері болатын екі сан аламыз. Аралық сандар бір-бірінен ізделінді қатынастағы аралықта болады.

Әл-Фараби бұл ережені келесі мысалмен келтіреді: сөйтіп, мысалы, біз өзімізге $\frac{4}{3}$ қатынасын қарапайым мүшелері бір-бірінен тең шамаға ерекшеленетін басқа үш қатынасқа бөлу мақсатын қойған болайық. 3 және 4 саны, яғни берілген қатынастың мүшелері 3-ке көбейтіледі. 12 және 9 шығады. Бұл сандардың арасына екі ортаңғы сандар орналасады, яғни 11 мен 10. Осылайша, біз үш қатынас аламыз: $1+\frac{1}{11}$, $1+\frac{1}{10}$ және $1+\frac{1}{9}$ және төрт мүшесін аламыз».

Жалпылама түрде бұл ережені былай жазуға болады: $\frac{n+d}{n}$ қатынасы берілген болсын, оны k қатынастарға бөлу керек.

Көрсетілген ереже бойынша:

$$\frac{n+d}{n}=\frac{k(n+d)}{kn}=\frac{kn+kd}{kn+d(k-1)}\cdot\frac{kn+d(k-1)}{kn+d(k-2)}\cdots\frac{kn+2d}{kn+d}\cdot\frac{kn+d}{kn}$$

Мұнда, мағынасы бойынша, әл-Фараби шеткі мүшелері $k(n+d), kn$ және айырмасы $d=(n+d)-n$ болатын арифметикалық прогрессияны құрайтын k сандарды табуға сүйенеді.

Келтірілген мысалда $k=3$ - шеткі мүшелері сәйкес 12 мен 9-ға, айырмасы $d=4-3=1$ тең, сондықтан

$$\frac{4}{3}=\frac{12}{9}=\frac{12}{11}\cdot\frac{11}{10}\cdot\frac{10}{9}.$$

Бұл мысал кездейсоқ таңдалынған жоқ, себебі берілген жағдайда жіктеуге тек қана музыкада «жиі кездесетін» қатынастар ғана қатысады.

Әл-Фараби басқа жағдай үшін де ереже ұсынады, онда бір қатынас мүшелері бір-бірінен бірдей емес санға айырмашылықта болатын бірнеше басқа қатынастарға бөлуге тура келеді. Ол үшін әл-Фараби бірінші берілген қатынасты көрсетілген әдіс бойынша мүшелері бір-бірінен бірдей санға айырмашылықта болатын басқа бірнеше қатынастарға бөлуді ұсынады, ары қарай осы алынған қатынастар өз кезегінде дәл осындай түрде бөлінеді. Әл-Фараби сандық қатынастарды жіктеудің басқа да түрлері болатынын ескереді.

Азайту (бөлу). Қатынастарды азайтуды әл-Фараби қатынастарды қосуға кері амал ретінде қарастырады. Ол мағынасы бойынша қазіргі бөлшектерді бөлу ережесіне ұқсас ережені ұсынады: «Егер бізге бір қатынастан екінші қатынасты алу керек болса, онда келесі ережені қолданамыз: екі қатынастан да ең қарапайым мүшелерін аламыз, бірінші қатынастың ең кіші мүшесін екінші қатынастың ең үлкен мүшесіне көбейтеміз, одан кейін соңғысының ең кіші мүшесіне бірінші қатынастың ең үлкен мүшесін көбейтеміз. Осы екі амалдың нәтижесінде бір-бірімен қалдық қатынаста болатын екі сан алынады.

Оны былай жазуға болады:

$$\frac{A}{B}:\frac{C}{D}=\frac{A\cdot D}{B\cdot C}$$

Көрсетілген ереже келесі мысалмен келтіріледі: «Егер, мысалы бізге $1+\frac{1}{3}$ қатынасын $1+\frac{1}{2}$ қатынасынан алу керек болса, онда біз осы екі қатынастың қарапайым мүшелері сәйкес: 4 пен 3, 3 пен 2 болатынын байқаймыз. 3-ті, яғни $1+\frac{1}{2}$ қатынасының ең үлкен мүшесін 3-ке, яғни $1+\frac{1}{3}$ қатынасының

ең кіші мүшесіне көбейтеміз, содан кейін 2-ні 4-ке көбейтеміз. Осы екі амалдың нәтижесінде екі сан аламыз, яғни 9 және 8, олардың қатынасы, яғни $1+\frac{1}{8}$ ізделінді қатынас, яғни қалдық болады».

Берілген мысалда:

$$\left(1+\frac{1}{2}\right):\left(1+\frac{1}{3}\right)=\frac{3}{2}:\frac{4}{3}=\frac{3\cdot 3}{4\cdot 2}=\frac{9}{8}.$$

Фараби әртүрлі музыкалық интервалдарды, түрлер, топтарды алу кезінде осы қатынастармен орындалатын барлық амалдарды шебер қолданады, сонымен қатар ол көпсанды, өте қиын болып табылатын арифметикалық-есептеуіш сипаттағы мәселелерді шешеді. Мұнда ол өзін шебер практик-есептеуіш ретінде танытады. Әл-Фарабидің бұл әдісі музыкалық дыбыстар мен интервалдарды нақты физикалық құбылыстар ретінде сандар мен сандық қатынастардың көмегімен сипаттауға болатындығын негіздейді. Әл-Фараби әр тонға санды, ал музыкалық интервалдарға сандар қатынасын сәйкес келтіреді [12]. Музыка теориясын құру әдісіне сүйене отырып, Фараби арифметиканы қолдануға негізделген музыкалық интервалдарды алудың осындай өзіндік әдісін ұсынады. Көріп отырғанымыздай, Әл-Фараби математика мен музыканы бір-біріне қатысты деп санады. Ол музыка математиканың жеке көрінісі деп санайды. Музыканың үлкен кітабында ол бұл туралы былай деп жазады: «Музыка математикамен байланысты, өйткені оның мақсаты дыбыстарды және олармен байланысты барлық нәрсені, шамаларды зерттеу болып табылады» [13]. Әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты шығармасы тек ертедегі барлық музыка теориясының тарихи еңбегі емес, сонымен бірге өзіндік және келешектік құны бар еңбек. Фараби Евклид іліміне сүйене отырып, музыкалық интервалдарды зерттеуде математиканы кеңінен қолданған, сонымен қатар дыбыстарды өлшеуге мүмкін болатын шамалармен типтес етіп өлшеуді ұсынады. Мысалы, тондарды (үндерді) ажырату үшін әл-Фараби бір жағынан шек ұзындығының қатынастарын пайдаланса, ал екінші жағынан бұл қатынастарға арифметикалық тәсілдерді қолданады. Ол интервалдарды қосу, азайту, бөлу және т.б. сол сияқты мүмкіншілігі бар барлық амалдарды пайдаланады.

Қорыта келгенде, Фарабидің пікірінше, музыканың ғылыми іргетасы математика ғылымының қағидаларынан тұрады, ал оның негізгі мақсаты мен адамның эстетикалық мұқтаждығын қанағаттандыруға тиісті оның бір ұшы поэзияға тіреледі, өйткені поэтикалық тіл мен музыка тілі бір-біріне етене болып қабысқан кезде музыканың әсерлігі күшейе түседі, яғни музыка ғылым ретінде математикаға жақын тұрса, өнер ретінде поэзияға туыстас. Фарабидің музыка теориясын дамытуы осы ғылымның келешектегі өсуіне жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Аль-Фараби О происхождении наук // Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана 7-12 вв. - М., 1960.*

2 *Al-Farabi Grand traite de la musiqueKitabu 1-musiqi al-kabir // d'Erlanger R. La musiquearabe. - T.l-2. - Paris, 1930-35.*

3 *Матвиевская Г.П. Фараби и математика // Общественные науки в Узбекистане. - №6. - Ташкент, 1973.*

4 *Матякубов О. Фараби об основах музыки Востока. - Ташкент, 1986.*

5 *Раджабов И.О. О наследии Фараби в области музыки // Общественные науки в Узбекистане. - №6. - Ташкент, 1973.*

В статье изучены организационно-педагогические условия развития исследовательской компетентности обучающихся на лабораторных занятиях, где целями развития исследовательской компетентности являются ориентация учебной деятельности на понимание и признание профессиональной значимости исследовательской компетентности в обучении, а также привлечение обучающихся к исследовательской деятельности кафедры, направленное на осознанное овладение основными знаниями и умениями в области научного исследования. Приведена методика выполнения учебного исследования и требования к представлению полученных результатов, а также организация деятельности преподавателя и обучающихся на лабораторных занятиях и этапы выполнения учебного исследования эмпирического уровня. Дана характеристика исследовательской компетентности студентов, также формируемые компетенции при выполнении лабораторной работы.

Ключевые слова: исследовательская компетентность, организационно-педагогические условия, учебное исследование, лабораторные занятия.

Аңдатпа

Ә.Ә. Ақжолова[1], В.Н. Косов[2], М.С. Молдабекова[3]
[1]І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРДА БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мақалада зертханалық сабақтарда білім алушылардың зерттеу құзыреттілігін дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары зерттелген, онда зерттеу құзыреттілігін дамыту мақсаты оқу іс-әрекетінің білім берудегі зерттеу құзыреттілігінің кәсіби маңыздылығын түсіну және мойындауға бағытталуы, сондай-ақ білім алушыларды ғылыми зерттеу саласындағы негізгі білімдер мен іскерліктерді саналы меңгеруге бағытталған кафедраның зерттеу қызметіне тарту болып табылады. Студенттердің зерттеу құзіреттілігінің сипаттамасы, сонымен қатар лабораториялық жұмысты орындау барысында қалыптасатын құзырлар берілген.

Оқу зерттеулерін орындау әдістемесі және алынған нәтижелерді ұсынуға қойылатын талаптар, сонымен қатар оқытушы мен білім алушылардың қызметін зертханалық сабақтарда ұйымдастыру және эмпирикалық деңгейдің оқу зерттеуін орындау кезеңдері келтірілген.

Түйін сөздер: зерттеу құзыреттілігі, ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар, оқу зерттеуі, зертханалық сабақтар.

Abstract

ORGANIZATIONAL AND PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR DEVELOPMENT OF RESEARCH COMPETENCY OF FUTURE PHYSICS TEACHERS AT LABORATORY LESSONS

Akzholova A.[1], Kossov V.[2], Moldabekova M.[3]
[1] Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan
[2] Kazakh National Pedagogical University Abai, Almaty, Kazakhstan
[3]Kazakh national university al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

The article covers the organizational and pedagogical conditions for the development of research competence of students in laboratory classes. It provides the methodology of the educational research and the requirements for the presentation of the obtained results, as well as the organization of the activities of the teacher and students in laboratory classes. Also it contains the stages of the educational research at the empirical level, where the objectives of the development of research competence are the orientation of the educational activity to understand and recognize the professional significance of research competence, as well as attracting students to the research activities of the department, aimed at consciously mastering the basic knowledge and skills in the field of scientific research. The characteristic of students' research competence is given, as the competencies are formed performing laboratory work.

Keywords: research competence, organizational and pedagogical conditions, educational research, laboratory studies.

Постановка проблемы. Развитие исследовательской компетентности обучающихся в рамках системно организованной учебной деятельности возможно в целостном педагогическом процессе, организацией новых связей между научными исследованиями и соответственно, формируемыми в учебной деятельности профессиональными компетенциями.

Основными задачами развития исследовательской компетентности в подготовке будущих учителей являются: вовлечение обучающихся в исследовательскую деятельность, овладение её методологией, т.е. разнообразными методами, приемами и средствами научного исследования, а также формами организации научного знания, исследовательскими компетенциями и совершенствование опыта исследовательской работы.

Следовательно, необходимо определить организационно-педагогические условия (ОПУ), влияющие на эффективность развития исследовательской компетентности будущих учителей. Существуют много вариаций ОПУ, ведущие к формированию компетентно подготовленного учителя. Эти условия, способствующие вовлечению обучающихся в деятельность, направленную на развитие исследовательской компетентности требуют, чтобы методы обучения были ориентированы на самостоятельную работу обучающихся и их взаимодействие по решению исследовательских задач.

Целями организационно-педагогических условий развития исследовательской компетентности становятся:

- ориентация учебной деятельности на понимание и признание профессиональной значимости исследовательской компетентности в обучении;
- привлечение обучающихся к исследовательской деятельности кафедры, направленное на осознанное овладение основными знаниями и умениями в области научного исследования.

Таким образом, основными организационно-педагогическими условиями развития исследовательской компетентности, являются:

- Создание условий на развитие критического мышления обучающихся; осознанное применение научных методов, на понимании их возможностей и границ применимости; разработка и включение в процесс учебно-педагогических ситуаций, обеспечивающие готовность обучающегося к эффективной учебно-исследовательской деятельности; организация самостоятельной учебно-исследовательской деятельности обучающегося; рейтинговая оценка предметных знаний, рецензирование рефератов, проектов, дипломных, исследовательских работ и др.
- Совместная научная работа с преподавателем, научным коллективом; организация научных обществ обучающихся и молодых ученых; создание научно-исследовательской среды, которая охватывает все виды аудиторной и внеаудиторной учебно-познавательной деятельности; использование в учебном процессе продуктивных методов обучения.
- Решения различных исследовательских задач с привлечением научных методов под руководством преподавателя.

Обогащение опыта исследовательской деятельности в процессе такой подготовки представляет собой совокупность педагогических действий по расширению данного опыта обучающимися посредством их приобщения к самостоятельному творческому поиску.

Организационно-педагогические условия, способствующие вовлечению обучающихся в деятельность, направленную на развитие исследовательской компетентности требуют, чтобы методы обучения были ориентированы на самостоятельную работу обучающихся и их взаимодействие по решению исследовательских задач. Часть решений этих вопросов связана с взаимодействием учебного процесса с научно-исследовательской работой (НИР) кафедры и может быть осуществлена на лабораторных занятиях, где имеются объективные предпосылки для использования современной материально-технической базы лабораторий и научно-исследовательских подразделений.

Изложение основного материала. Исследовательская компетентность будущих учителей формируются в рамках учебных исследований при обучении базовых и профилирующих дисциплин по физике, в частности, на лекционных, практических и лабораторных занятиях.

Важным средством развития уровня исследовательских компетенций обучающихся является неразрывная связь научных исследований, теоретического обучения [1, 2], а также практическое освоение методов и техники физического эксперимента и измерений в лабораторном практикуме. Учебно-исследовательские задания в лабораторном практикуме дают возможность обеспечить практическое воспроизведение объективно реальной конкретности (явление, процесс), что данное явление изучается под его контролем, служит реализации тех или иных целей будущей специальности.

Организация деятельности преподавателя и обучающихся на лабораторных занятиях и этапы выполнения учебного исследования эмпирического уровня представлены в таблице 1 [3].

Таблица 1. Этапы выполнения учебного исследования эмпирического уровня

Этапы	*Содержание деятельности*	
	Преподаватель	*Студент*
1. Вводный	*Организация работы по вовлечению обучающихся в проектирование исследования, по завершению которого формулируются конкретные задачи по выполнению учебного исследования эмпирического уровня.*	*Определение совместно с преподавателем задачи исследования и условия их решения: актуальность исследования, направленная на решение конкретной задачи; изучение имеющихся теоретических предпосылок (закрепление теоретического материала, обдумывание ожидаемых результатов); обсуждение содержания исследования; понимание сущности и условий используемого метода и отличие его от других известных методов исследования; планирование эксперимента; определение погрешности измерений, условия, влияющие на результаты, пределы изменений физических величин и т.п.*
2. Подготовка эксперимента	*Организация выполнение этапа технологической подготовки исследования в виде предварительного экспериментального исследования, связанного поставленной задачей.*	*Выполнение отладки экспериментальной установки и измерительной ячейки под планируемый эксперимент, изучение экспериментальной установки, устройства для получения и измерения требуемых физических величин; овладение навыками отладки установки и работы с ней; изучение практической методики измерения с целью обнаружения исследуемого явления и границ его исследования.*
3. Выполнение эксперимента	*Организация и контроль выполнения обучающимся стадии проведения исследования, при необходимости преподаватель консультирует и помогает.*	*Выполнение экспериментального исследования, осуществление регистрации результатов эксперимента в журнале, повторение эксперимента для достижения достоверности результатов и требуемой точности измерений.*
4. Обработка результатов эксперимента	*Контроль обработки результатов эксперимента*	*Овладение методами получения и математической обработки экспериментальных данных с использованием информационных технологий с целью установления закономерности, вытекающей из результатов измерений. Представление (группировка) полученных данных в виде таблиц или диаграмм, графиков и уравнений, т.е эмпирических соотношений и вычисление по этим результатам искомых величин. Объяснение результатов экспериментального исследования на основе физических явлений, моделей, законов и анализа ранее выполненных и опубликованных научных и учебно-методических работ*
5. Апробация результатов и рефлексия	*Организация и обсуждение результатов выполненного исследования*	*Анализ и обсуждение результатов проведенного эксперимента (при необходимости дополнительные эксперименты, подготовка выступлений, написание тезиса или статьи); оформление результатов исследования: подготовка доклада или отчета; оценивание своей деятельности.*

На занятиях с использованием информационных технологий создаются педагогические условия, обеспечивающие мотивацию деятельности на достижение успеха и для подкрепления процесса обучения. Усиление механизмов имитации процесса, расчеты и графические представления оказывают значительное влияние для понимания абстрактных процессов и явлений. Анализ преподавателем пробелов при изучении теоретического материала позволяет диагностировать отдельные этапы обучения, как требующие внимания. Это обусловливает изменение критериев отбора учебного материала.

Лабораторные работы способствуют повышению уровня исследовательских умений и навыков обучающихся и прохождению всех этапов исследования, решению задачи в целом, как в реальной научно-исследовательской деятельности. К некоторым лабораторным работам и практическим занятиям предлагаются дополнительные задания научно-исследовательского содержания, расширяющие круг учебных исследований.

При выполнении лабораторной работы, руководствуясь методическим указанием по его выполнению, студенты определяют характер поисковой литературы и систематизируют экспериментальные и табличные данные по литературным источникам. Заранее изучают методы обработки результатов исследования, самостоятельно проводят эксперимент, умеют устанавливать аналитические зависимости, выражающие количественные соотношения между переменными, делать оценку погрешности результатов и проводить корректирующие меры, а также оформлять результаты и составлять отчет.

Формируемые исследовательские компетенции при выполнении лабораторной работы следующие:

- знание основных физических понятий, законов, теорий;
- умение работать с источниками научной информации;
- умение решать исследовательские задачи;
- умение осознанного и рационального выполнения этапов исследования;
- способность к самостоятельному проведению опыта с использованием измерительно-аппаратурного комплекса;
- умение настраивать и устранять неисправности приборов;
- способность анализировать результаты исследования;
- защищать полученные результаты.

Следует отметить, что более эффективное использование значительного научно-теоретического материала, представляет основу формирования профессиональных, в том числе исследовательских компетенций и достижения высокого уровня качества подготовки кадров с физическим образованием. В результате, это приводит к приобретению новых сторон профессиональных компетенций, которыми будущий учитель должен обладать и иметь практические навыки их применения в работе. На основе обобщения результатов самостоятельного научного исследования обучающимися на практических занятиях формируются исследовательские компетенции по одной из актуальных проблем современной науки [1, с. 99-100].

В качестве конкретных примеров выделим несколько физических ситуаций, которые могут быть использованы для формирования и развития исследовательской компетентности будущего учителя физики при изучении дисциплины «Техника школьного эксперимента» и ее раздела «Тепловые явления»:

1. Исследуйте явления теплообмена.
2. Исследуйте зависимости коэффициента поверхностного натяжения жидкости от температуры.
3. Исследуйте явление диффузии.

Перечисленные задания учебного исследования по содержанию соответствуют заданиям по физике в средних образовательных школах [4,5]. Целью, изучаемой в педагогическом вузе дисциплины «Техника школьного эксперимента» является развитие экспериментальных навыков и умений, а также организация лабораторно-экспериментальных работ по физике. В процессе изучения дисциплины студенты овладевают методами измерения основных физических величин, знакомятся с конструкцией и инструкциями использования, применяемых на уроках физики различными измерительными приборами, математическими методами обработки результатов измерений и их оценки точности.

Методика выполнения учебного исследования и требования к представлению полученных результатов по данной дисциплине предварительно обсуждаются на занятиях. Основная работа по проведению исследования выполняется обучающимися на лабораторных занятиях и СРОП. Затем преподаватель консультирует, как планировать работу, объясняет основные моменты исследования (этапы) и проверяет результаты измерений, которые оформляются в виде отчета и презентации.

Рассмотрим один из примеров выполнения лабораторной работы на примере физической ситуации «Изучение явления теплообмена». Для выполнения задания используем методологию решения проблем качества, представляющую собой «учение о структуре, логической организации, методах и средствах систематического, постепенного, последовательного и компетентного решения» и организации исследовательской деятельности.

Тема задания: «Получить экспериментальное подтверждение справедливости уравнения теплового баланса».

В ходе работы студент, владея системой знаний по тепловым явлениям и практическими навыками по организации и постановке физического эксперимента, самостоятельно выполняет экспериментальное исследование, тем самым демонстрирует способности к проведению эксперимента с использованием разных измерительных приборов и анализировать результаты исследования. Чтобы получить экспериментальное подтверждение справедливости уравнения теплового баланса, обучающиеся должны сформулировать проблему исследования, определить факторы, влияющие на проведение эксперимента и различные виды теплопередачи. Затем выполняют экспериментальную часть выполнения измерений. На следующем этапе выполнения исследовательского задания, студенты проверяют достоверность полученных результатов исследования, представляют их в табличном и графическом видах. На четвертом этапе студенты оформляют результаты исследования и представляют их к защите, т.е. готовят доклад, дополнительно осуществляют апробацию результатов исследований и представляют результаты в виде компьютерной презентации, а также осуществляется рефлексия с целью критического анализа проделанной работы и ее результатов, определения направления новых физических экспериментов и исследований эмпирического уровня.

В результате выполнения лабораторной работы формулируются следующие исследовательские компетенции [6]:

- способность к самоорганизации при выполнении исследовательской работы;
- умение самостоятельно проводить эксперимент для раскрытия сущности тепловых явлений и процессов;
- способность к обработке и анализу полученных результатов и определить значение полученных результатов;
- умение обосновывать и правильно оформлять в виде отчета (презентации) результаты эксперимента.

Как видно, при решении поставленных задач студент овладевает характерными для будущего учителя физики способами познавательной деятельности, способствующие формированию исследовательской компетентности. Он приобретает практические навыки работы на лабораторной установке, в частности, реализующей процесс передачи тепла от одного теплоносителя к другому. Осваивает методы измерения температур среды и изучает процесс их выравнивания. Вместе с тем обучающиеся осваивают математические методы обработки экспериментальных данных и их сопоставление с табличными данными и данными других авторов. При выполнении лабораторной работы весь процесс обучения ориентирован на субъект, на осознаваемые мотивы деятельности и развитие личностных возможностей средствами педагогически целесообразно организованной деятельности. Это побуждает к потребности в глубоком овладении исследуемого процесса и пониманию основных его вопросов. Решение исследовательских задач на занятиях по технике школьного эксперимента способствует развитию интереса к научному поиску, существенному расширению профессиональных знаний, воспитанию широкой информированности и способности к критическому мышлению. Овладение методологическими основами физики на практике дает осознание его ценности в собственном реальном развитии и применение для решения познавательных и социально-практических проблем.

Исходя из вышесказанных и на основе результатов наших исследований, полученных с использованием комплексов научных методов, дана характеристика исследовательской компетентности и ее структурных компонентов, состоящих из способности, умений и готовности [7]. На рисунке 1 показана характеристика исследовательской компетентности, способствующая развитию профессиональной компетентности будущего учителя физики.

Вывод и перспективы и дальнейших исследований. Обобщая вышеизложенное, отметим, что организационно-педагогические условия развития исследовательской компетентности при подготовке будущих учителей физики активизируют учебно-исследовательскую и научно-исследовательскую деятельности обучающихся в образовательном процессе педагогического вуза вследствие возникновения потребностей побуждающие к исследовательской деятельности и самовыражению в соответствии с их потенциальными возможностями.

Рисунок 1. Характеристика исследовательской компетентности

Мотивация обучающихся к исследовательской деятельности требует постановки перед ними конкретных задач исследовательского характера с умеренной возможностью неудачи и для пробуждения инициативы. Наличие интереса к исследовательской деятельности вызывает удовлетворение результатами работы и мотивирует обучающихся на повышение эффективной деятельности.

Следовательно, позитивные показатели оценки и самооценки образовательного процесса, его результатов объясняются эффективностью выявленных и реализованных организационно-педагогических условий.

Список использованной литературы:

1 Молдабекова М.С., Акжолова А.А. Формирование исследовательских компетенций на практических занятиях по профилирующим дисциплинам // Вестник. Серия «Физико-математические науки». – Алматы: КазНПУ имени Абая, 2014. - №4 (48). – С. 96-101.

2 Молдабекова М.С., Акжолова А.А. Информационные технологии в лабораторном практикуме как средство повышения качества фундаментальной подготовки специалистов-физиков в педвузе // Материалы VII международной научно-практической конференции «Математическое моделирование и информационные технологии в образовании и науке», посвященной 70-летию профессора Е.Ы. Бидайбекова и 30-летию школьной информатики. - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2015. – С. 497-501.

3 Белянин В.А. Методическая система формирования исследовательской компетенции будущего учителя при изучении физики: дис. ...док. пед. наук: 13.00.02. – М.: МПГУ, 2012. - 483с.

4 Типовая учебная программа по учебному предмету «Физика» для 7-9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию. Приложение 13 к приказу и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 25 октября 2017 года № 545. smk.edu.kz (25.10.2017 г.)

5 Қазақбаева Д.М., Насохова Ш.Б., Ж.Ж.Абжалелова. Физика: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 2019. – 224 б.

6 Ақжолова Ә.Ә. Студенттердің зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастырудағы зертханалық жұмыстардың маңызы. //«Жұбанов тағылымы» дәстүрлі IX халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы АқӨМУ «Жұбанов университеті» баспасы, 2017. – 404-407 б.

7 Акжолова А.А. Характеристика исследовательской компетентности будущих учителей физики в педагогическом вузе. // Вестник. Серия «Физико-математические науки», №1 (61). – Алматы: КазНПУ имени Абая, – 2017. – С. 124-129.

МРНТИ 29.01.45
УДК 539.62
DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.15

Л. Ғ. Қасенова[1], С.С. Сағынтаев[2], Б.Х. Жанбусинова[3]

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ҮЙКЕЛІС КҮШІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ БОЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Аңдатпа

Үйкеліс - денелердің өзара әрекеттесуінің бір түрі. Үйкеліс екі дененің жанасуы кезінде пайда болады. Жанасатын қатты денелер беттерінің арасында әрекет ететін күштер құрғақ үйкеліс күштері деп аталады. Олар әрдайым жанасатын беттерге бағытталған және тыныштық үйкелісі, сырғанау үйкелісі және домалау үйкелісі күштеріне бөлінеді. Үйкеліс күші үйкеліс процесі болған кезде денелердің қозғалысына әсер ететін көптеген факторларға тәуелді. Осыған байланысты үйкеліс күштерін сипаттау эмпирикалық жолмен табылған жуық заңдардың көмегімен ғана мүмкін болады, олар көбінесе өрескел болып табылады. Тыныштық үйкеліс күші – тұрақсыз шама, ол нөлден ең жоғарғы мәнге дейін өзгеруі мүмкін. Денеге тыныштықтың үйкеліс күшінен асатын күш түссе, дене орнынан жылжып, қозғала бастайды. Мақалада үйкеліс күші қозғаушы күш ретінде жаңсақ түсіндірілетін қозғалыс мысалдары қарастырылған. Тыныштық пен домалау үйкеліс күштерінің табиғаты заманауи физикалық материалтану тұрғысынан талданған.

Түйін сөздер: үйкеліс, қозғалыс, өзара әрекеттесу, деформация, серпімділік.

Аннотация

Л.Г. Касенова[1], С.С. Сагинтаев[2], Б.Х. Жанбусинова[3]

Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, г. Нур-Султан, Казахстан

МОЖЕТ ЛИ СИЛА ТРЕНИЯ БЫТЬ ДВИЖУЩЕЙ СИЛОЙ?

Трение – один из видов взаимодействия тел. Оно возникает при соприкосновении двух тел. Силы, действующие между поверхностями соприкасающихся твердых тел, называются силами сухого трения. Они всегда направлены по касательной к соприкасающимся поверхностям и подразделяются на силы трения покоя, скольжения и качения. Силы трения зависят от многих факторов, которыми сопровождается движение тел при наличии трения. В связи с этим описание сил трения возможно лишь при помощи эмпирически найденных приближенных законов, которые часто являются довольно грубыми. Сила трения покоя – величина непостоянная, она может изменятся от нуля до некоторого максимального значения. Приложив к телу силу, превышающую максимальную силу трения покоя, мы сдвинем тело с места, и оно начнет двигаться.

В статье рассмотрены примеры движения, в которых сила трения может ошибочно трактоваться как движущая сила. Природа сил трения покоя и качения рассматривается с позиций современного физического материаловедения.

Ключевые слова: трение, движение, взаимодействие, деформация, упругость.

Abstract

CAN THE FRICTION FORCE BE THE DRIVING FORCE?

Kassenova L.G.[1], Sagintayev S.S.[2], Zhanbusinova B.H.[3]

Kazakh University of Economics, Finance and international trade, Nur-Sultan, Kazakhstan

Friction is one of the types of interaction between bodies. It occurs when two bodies touch. The forces acting between the surfaces of contacting solids are called dry friction forces. They are always directed tangentially to the touching surfaces and are divided into the forces of friction at rest, sliding and rolling. The friction forces depend on many factors that accompany the movement of bodies in the presence of friction. In this regard, the description of friction forces is possible only with the help of empirically found approximate laws, which are often quite rough. The rest friction force is a variable value, it can change from zero to a certain maximum value. By applying a force to the body that exceeds the maximum resting friction force, we will move the body from its place, and it will begin to move.

The article considers examples of motion in which the friction force can be mistakenly interpreted as a driving force. The nature of the forces of friction at rest and rolling is considered from the perspective of modern physical materials science.

Keywords: friction, movement, interaction, deformation, elasticity.

Кіріспе. Үйкеліс – техникада көптеген жағдайларда негізгі рөл атқаратын, табиғаттың маңызды құбылыстарының бірі. Үйкеліс мәні де қозғалыс мәні сияқты үлкен. Қозғалыс және үйкеліс – ажырамайтын қарама-қайшылықтардың жұбы. Алайда, мектеп физикасы мен техникалық жоғары оқу орындарындағы жалпы физика курстарында үйкеліс тақырыбына өте аз сағат бөлінген. Білім алушы

«Үйкеліс» тақырыбымен бастапқы физика курсында танысады. Мысал ретінде 7-сыныпқа арналған физика оқулықтарынан екі фрагментті келтіреміз. «Дене қозғалған кезде жанасқан беттердің бойымен қозғалысқа қарсы бағытта пайда болатын күш үйкеліс күші деп аталады» [1]. «Бір дене екінші дененің бетімен қозғалған кезде пайда болатын және дененің қозғалыс бағытына қарама-қарсы бағытталған күшті сырғанау үйкеліс күші деп атайды» [2]. Жоғары сыныптарда және жоғары оқу орындарында физиканы оқу барысында үйкеліс күші есеп үстінде ескеріледі, бірақ үйкеліс табиғаты, әдетте, мүлдем қарастырылмайды, немесе "...үйкеліс жанасатын беттердің кедір-бұдырлығымен байланысты; тегіс беттер жағдайында үйкеліс молекулааралық тартылыс күштерімен байланысты" деп қысқаша айтылады [3]. ЖОО оқулықтарында үйкеліс түрлерін жіктеуге қосымша ақпарат ұсынылады [4]. Физикалық энциклопедиялық сөздіктен анықтама: “Үйкеліс (сыртқы) – бір-біріне қысылған екі дененің салыстырмалы қозғалысы кезінде жанасу жазықтығында пайда болатын механикалық қарсылық. Осы дененің салыстырмалы қозғалуына қарсы бағытталған қарсылық күші $\vec{F}$ осы денеге әсер ететін үйкеліс күші деп аталады” [5]. Орысша-қазақша түсіндірме сөздіктен анықтама: “Үйкеліс күші - дененің тіреу бетімен сырғанаған кезде әсер ететін күш; жанасатын денелердің сұйықтар немесе газдардың қабаттарынын салыстырмалы орын ауыстыруына кедергі жасайтын күш” [6]. Барлық дәйексөздік анықтамалар үшін жалпы: үйкеліс – денелердің өзара қозғалуына кедергі келтіретін қозғалысқа қарсы әрекет ететін құбылыс. Келтірілген авторлар анықтамаларынан кейін ішкі үйкеліс мәселелерін қозғамай, сыртқы үйкеліс құбылыстарын қарастырумен шектелейік. Сонымен, екі жанасқан дененің бір біріне қатысты қозғалысы кезінде, әдетте, осы қозғалысқа қарсы күш – үйкеліс күші пайда болады. Ілгермелі қозғалыс кезінде сырғанау үйкеліс күші, ал айналмалы қозғалу кезінде домалау үйкеліс күші пайда болады. Бұдан әрі денелерді бір-біріне қатысты жылжытуға тырысатын күш болғанмен, қозғалыс орын алмаған жағдайда пайда болатын тыныштық үйкеліс күшіне толығырақ тоқталайық. Үйкеліс күшін қоспағанда, кез келген күштер денені қозғалысқа әкеліп, кинетикалық энергиясын арттырады. Сырғанау және домалау үйкеліс күштері кинетикалық энергияның азаюына алып келетін теріс үдеуді тудырады. Тыныштық үйкеліс күштері әрдайым қозғалысты тудыруға ұмтылған күшке тең болып, ешқандай үдеу жасамайды және жанасатын денелердің кинетикалық энергиясын өзгертпейді.

Үйкеліс бар жағдайда өзара әрекеттесу мысалдары.

Білім алушыларға тыныштық үйкеліс күші орын алған жиі ұсынылатын динамика есептерін қарастырайық.

1 Мысал.

(Ж) жазықтықтың көлденең бетінде бірінің үстінде бірі орналасқан білеуше 1 және білеуше 2 бар (сурет 1).



Сурет 1. Тыныштық үйкеліс күшін айқындатын мысал

Егер 1 төменгі білеушені бірқалыпты немесе үдемелі жылжытсаңыз, 1 білеуше үстінде орналасқан 2 білеуше де (Ж) жазықтық бетімен қозғалады. Әдетте, бұл жағдайда 2-ші білеуше 1 және 2 білеушелердің түйіскен беттерінен пайда болатын тыныштық үйкеліс күшінің арқасында қозғалды деп айтамыз. Демек, үйкеліс күші қозғаушы күш ретінде әрекет ете ме!? Дәл осындай пікір мектеп бітірушілерде жиі қалыптасады, кейін бұл теріс пікір студенттердің есінде де осылай сақталып қалады. Жеткілікті үлкен үдеу болғанда, жоғарғы білеуше төменгі білеуше бетімен сырғып, одан артта қалады, ал білеушелер арасында сырғу үйкеліс күші пайда болады.

2 Мысал.

Көлбеу жазықтықта дене (білеуше) орналасқан. Егер ол тыныштық қалпын сақтаса, демек, оған әрекет ететін күштер теңгерілген. Мектеп бағдарламасы есептерінде бұндай жағдайда денеге үш түрлі күш әрекет етеді деп алынады: ауырлық, үйкеліс және тірек реакциясы күштері. Бұл тәсіл есептерді шешу үшін ыңғайлы, бірақ физика тұрғысынан нақты емес.

Күш – денелердің өзара әрекеттесу шарасы, Ньютонның үшінші заңына сәйкес,

$$\vec{F}_{12} = -\vec{F}_{21} \qquad (1)$$

екі дене бір-біріне мәні бойынша тең, бағыты бойынша қарама-қарсы күшпен әрекет ететінін ескерейік (сурет 2).



Сурет 2. Екі дененің өзара әсері

Бұл ретте өзара әрекеттесетін денелердің әрқайсысына бір ғана күш әсер етеді.

Егер N денелер өзара әрекеттессе, онда әрбір денеге (N – 1) дене әрекет етеді, демек, күш саны да сондай, яғни (N – 1). Көлбеу жазықтықта жатқан денеге екі зат әсер етеді: Жер және тірек (көлбеу жазықтық). Жер денеге тігінен төмен бағытталған $\vec{F}_{\text{а}}$ ауырлық күшімен әсер етеді. Егер дене тыныштық сақтап тұрса, онда тірек денеге тігінен жоғары бағытталған, модуль бойынша ауырлық күшіне тең $\vec{F}_0$ күшпен әсер етеді (сурет 3).



Сурет 3. Көлбеу жазықтық үстінде тыныштық сақтаған дене

Ауырлық күшінің табиғаты – гравитациялық өзара әрекеттесу, $\vec{F}_0$ күшінің табиғаты - атомаралық (молекулааралық) өзара әрекеттесу. Келтірілген есептердің шешуін ыңғайлардыру үшін $\vec{F}_0$ күш векторын екі өзара перпендикулярлы компоненттерге бөлу абзал: бірін - $\vec{N}_1$ көлбеу жазықтыққа перпендикулярлы (нормалды), екіншісін – $\vec{F}_{\text{тү}}$ жазықтыққа параллельді (жанама, немесе тангенциалды). Көлбеу жазықтыққа перпендикуляр компонентін $\vec{N}_1$ тірек реакциясының күші деп атады, бірақ мағынасы бойынша бұл атауды $\vec{F}_0$ күшіне қолдану керек еді. Тірек реакциясы ұғымы тарихи түрде көлденең жазықтыққа қатысты. Мұндай сәйкессіздік, бәлкім, осы себептен болар.

Бұл жерде көлденең жазықтықтағы дене туралы есептегідей жазықтыққа параллель компонентін $\vec{F}_{\text{тү}}$, тыныштық үйкеліс күші деп атады. Осылайша, бір күштің екі құрамдас компоненттері ретінде, тірек реакциясы мен тыныштық үйкеліс күші атомаралық өзара әрекет бойынша бірдей физикалық табиғатқа ие болды.

Ауырлық күшін де екі компонентке бөлуге болады – көлбеу жазықтыққа перпендикуляр $\vec{N}_2$ және параллель $\vec{F}_{\text{д}}$. Олардың біріншісі $\vec{N}_2$ қалыпты қысым күші, ал екіншісі - $\vec{F}_{\text{д}}$ домалау күші деп аталады. Күшті күш теңгереді. Күштің болуы дене жағынан жазықтыққа әсер ететін модуль бойынша тең және бағыты бойынша қарсы тыныштық үйкеліс күшінің пайда болуына себепші.

Бұл есепте өзара әрекеттескен денелердің екі жұбы бар екенін ескеру қажет: дене – Жер және дене – көлбеу жазықтық. Көлбеу жазықтық - Жер жұбы қарастырылмайды, өйткені көлбеу жазықтық жердің бір бөлігі болып есепке алынады. Естерімізге салсақ, Ньютонның үшінші заңына сәйкес, жұпты құрайтын екі дене бір бірімен модулі тең, бағыты қарама-қарсы күштермен әрекет етеді.

3 Мысал.

Автокөлік түзу жазық жолмен тұрақты жылдамдықпен қозғалады. Ньютонның екінші заңына сәйкес, мұндай қозғалыс мүмкін болады, егер автомобильге әсер ететін күштер теңгерілген болса. Тік

бағытта ауырлық күші (жолдың) тірек реакциясы күшімен теңгерілген. Әдетте көлденең бағытта қозғалтқыш жасаған тарту күшін үйкеліс күші теңгереді деп есептеледі.

Мектеп бағдарламасының физика есептерінде үйкеліс күшінің екі түрін де, яғни домалау және тыныштық, ескеру керектігіне аса назар аударылмайды. Ньютонның екінші заңы көлденең оське проекцияда жазылуы

$$\vec{F}_{\text{т}} = \vec{F}_{\text{ү}} \qquad (2)$$

$\vec{F}_{\text{т}}$ - тарту күші, $\vec{F}_{\text{ү}}$ - үйкеліс күші.

Бірқалыпты қозғалыс кезінде тарту күшін домалау үйкеліс күші теңгереді. Бұл жерде тыныштық үйкеліс күшінің рөлі мүлдем қарастырылмайды немесе жеңіл түрде қарастырылады. Ньютон заңына сәйкес, егер денеге теңгерілмеген күш әсер етсе, онда дене үдеумен қозғалады. Дөңгелекке әсер ететін тыныштық үйкеліс күші автомобильдің қозғалысы бойынша бағытталған және, Ньютонның екінші заңына сәйкес, алға бағытталған үдеуімен қосымша тарту күші әсерінен жасалған үдеудің пайда етілуі тиіс пе (?!).

4 Мысал.

Айналмалы цилиндр үстелдің көлденең бетіне құлайды. Бетпен жанасу кезінде цилиндрдің тік жылдамдығы нөлге айналады деп есептейік. Үстелге түскеннен кейін цилиндр өзінің жоғарғы нүктелері қозғалатын жаққа қарай жылжи бастайды (4 суретте оңға).



Сурет 4. Цилиндр тербелісі

Оңға бағытталған цилиндрге әсер ететін жалғыз күш - тыныштық үйкеліс күші. Логикалық қорытынды: цилиндрді жазықтық бетімен қозғалуға мәжбүрлейтін күш – тыныштық үйкеліс күші. Бірақ тыныштық үйкеліс күші, анықтамасына сәйкес, бір денені екіншісінің бетімен жылжытуға тырысатын күш болған жағдайда ғана пайда болады. Біздің мысалда бұл қандай күш? Цилиндрге тек үстел әсер етеді, демек, тек сол ғана осы күштің "көзі" болуы мүмкін. Цилиндрдің домалауы кезінде домалау үйкеліс күші пайда болады, ол ақыр соңында денені тоқтатады. Домалау үйкеліс күшінің "көзі"-де сол үстел. Бір дене (үстел) жағынан екінші денеге (цилиндрге) әсер ететін екі үйкеліс күші бір-біріне қарама-қарсы бағытталған ба (?!).

Қатты дене деформациясы.

Сонымен, тірек реакциясы мен тыныштық үйкеліс күші жалпы физикалық табиғатқа ие - атомаралық (молекулааралық) өзара әрекетке. Қазіргі ғылымның мәліметтерін ескере отырып, бұл табиғатты физикалық материалтану (немесе қатты дене физикасы) ұғымдары негізінде қарастырған жөн. Қатты денені (кристалды) параллелепипед түрінде қарастырайық (сурет 5a).

Егер оған ығысу күші әсер етсе, ол деформацияланады – басында серпімді (сурет 5b). Серпімді механикалық кернеу дененің жоғарғы бөлігін оңға, ал төменгі бөлігін солға жылжу қозғалысына кедергі келтіреді. Кейін ығысу кернеуі ұлғайған кезде пластикалық деформация, соңынан әлсіз жерде сыну құбылысы орын алуы мүмкін, яғни бір дененің екіге бөлінуі (5c суретте орташа сызығы). Одан кейін дененің жоғарғы бөлігі оның төменгі жағымен (үйкеліспен) сырғи бастайды.



Сурет 5. Ығысумен деформацияланатын қатты дене

Үйкеліс және серпімділік.

Жоғарыда қарастырылған мысалдардағы жағдайларды талдау мақсатында келтірілген пайымдауларды қолданамыз:

1. 1 мысалда дененің тыныштық жағдайы немесе бірқалыпты қозғалысы кезінде үйкеліс күші болмайды. Молекулааралық өзара әрекеттесудің арқасында екі білеуше іс жүзінде бір қатты денені білдіреді (5 суретте дененің екі бөлігі тәрізді), ал олардың жанасу беті ақау - бөлім шекарасы ретінде қарастырылуы мүмкін. 1-ші дененің төменгі бөлігінің үдемелі қозғалысы оның жоғарғы бөлігінде серпімді кернеулердің пайда болуын тудырады, олар 2-ші денеге беріледі, сонымен жоғарғы дене төмендегімен бірге қозғалуды бастайды. Серпімді кернеулер жоғарғы денені төменгі дене бойымен сырғуына жол бермейді, осылайша тыныштық үйкелісі пайда болады. Демек, жоғарғы денелерді жылжытуға мәжбүрлейтін күш - деформацияға байланысты серпімділік күші. Тыныштық үйкеліс күші әлі де бір-біріне қатысты денелердің сырғанауына қарсы тұрады. Біріктірілген дене жанасу жазықтығы бойынша екіге бөлініп, бір-біріне қатысты қозғалады, ал атомаралық өзара әрекеттесу сырғу күшінің пайда болуына себепші болады.
2. Үйкеліс күшіне қатысты көлбеу жазықтықтағы есеп қарастырылған жағдайға ұқсас келеді.
3. Дөңгелек арқылы берілген мысалдағы дөңгелектің жолға ілінісуінің болуын (тыныштық үйкелісі) – олардың бір денеге біріктіру фактісі ретінде қарастыруға болады. Автомобиль қозғалтқышының күші дөңгелектің (күштің оське қосылуы*), жоғарғы бөлігін қажетті бағытта, ал төменгі бөлігін – қарама-қарсы бағытта қозғалатындай етіп бұруға тырысады. Егер дөңгелектің екі бөлігіне ештеңе кедергі келтірмесе, ол айналады, бірақ автокөлік орнында қалады. Егер дөңгелектің төменгі бөлігі жолға байланысты болса, онда дөңгелектің осіне қосылған қозғалтқыштың күші дөңгелек материалында ығысу және серпімді механикалық күштер (кернеулер) деформациясының пайда болуына себепші болады.

Осының салдарынан дөңгелектің жоғарғы бөлігі, ось және автокөлік өзі-де алға жылжи бастайды. Бұл жағдайда дөңгелектің жолға ілінуі оның төменгі бөлігінің жолға қатысты қозғалуына (сырғанауына) кедергі келтіреді, демек, тыныштық үйкелісі рөлін атқарады. Тыныштық үйкеліс күші - біріккен дененің бұзылуына жол бермейтін күш. Дөңгелекті алға жылжытуға мәжбүрлейтін қозғаушы күштің рөлін серпімділік күші атқарады. Аталған мәселені келесі тәжірибеде көрсетуге болады. (*Мұнда математикалық айналу осі емес, техникалық бөлшек – дөңгелек бекітілетін автомобиль бөлігі қарастырылған).

Тағы бір мысал қарапайым велосипед дөңгелегімен келтірейік. Эксперимент үшін оның барлық сымдардын алып тастап, үш-төртеуін ғана қалдырамыз. Алдына қандай да бір кедергі қойып, дөңгелек шанағын жолға (еденге) қысамыз және орталық бөлігін бұра бастаймыз. Бұл жағдайда сымдардың майысатынын (деформацияланатынын) көруге болады.



Сурет 6. 4 - жол үстіндегі 1 - дөңгелек: 2 - ось, 3 – сым

Егер сымдар жақсы болаттан жасалған болса, деформация серпімді болады. Серпімділік күші сымның екі нүктесінде - осьте де шанақта да бірдей екені анық. Деформация аз жағдайда, дөңгелек айналмайды, өйткені сымдағы серпімділік күшіне тең тыныштық үйкеліс күші пайда болады. Сымның серпімділік күші жолға әсер етеді. Бірақ жолдың өзі де деформацияланады (тек серпімді деформацияны қарастырылады!). Жолдың серпімділік күші Ньютонның үшінші заңына сәйкес дөңгелекке әсер етеді және бұл екі күш бір-біріне тең. Егер енді кедергіні алып тастасаңыз, дөңгелек серпімділік күшінің әсерінен дөңгелейді.

Сымдар түзеле бастайды, серпімділік күші, сонымен бірге, дөңгелектің үдеуі де азаяды. Серпімділік күші домалау күшінен кем болғанда, қозғалыс баяулайды.

Сонымен, дөңгелектің жолмен жанасу жердінде сымдарда пайда болатын серпімділік күші дөңгелекті алға жылжытуға тырысатын күш рөлін атқарады, ал жолдың серпімділік күші – тыныштық

үйкелісінің рөлін атқарады. Сымның дөңгелек осімен қосылған жерінде ешбір күшпен теңгерілмеген серпімділік күші тарту күшінің рөлін атқарады.

Нақты көлік құралдарының дөңгелектерінің жасалуы оларда пайда болатын серпімді деформацияның аздығын көрсетеді. Сырттай байқалмаған мен, ол әрқашан орын алады, сондықтан мұнда келтірілген тұжырымдар түрлі материалдардан жасалған кез келген дөңгелектерге толық қатысты.

1. Дөңгелек жылжыған кезде, оның артқы бөлігінде молекулааралық байланыстардың үзілуі орын алады, байланыс энергиясы жылу энергиясына айналады. Осы құбылысқа механикалық энергияның бір бөлігі жұмсалады, ол әдетте үйкеліс күшінің, бұл жағдайда домалау үйкелісінің жұмысы ретінде қарастырылады.

2. 4 мысалда цилиндр жазықтықпен жанасқанда, олар қысқа уақыт мерзімге біріктірілген денені құрайды. Бұл жағдайда пайда болатын атомаралық өзара әрекеттесу күштері (тыныштық үйкеліс күші) цилиндрге жазықтық бойымен сырғанауға мүмкіндік бермейді. Алайда, импульс моментінің сақталу заңына сәйкес цилиндрдің айналуы тоқтаталмайды. Цилиндрдің жоғарғы бөлігі инерция бойынша бұрынғы бағытта қозғалады, бұл цилиндр мен жазықтық арасындағы байланысты үзетін күштің пайда болуына әкеледі.

Іс жүзінде бұл жағдай шұғыл тежелінген автобуста тұрған адамның құлау жағдайына ұқсас - құлауды тыныштық үйкеліс күші емес, кедергі болатын инерция бойынша қозғалыс мәжбүр етеді.

Осыған ұқсас талдауды үйкеліс күштерімен байланысты басқа да есептерде жасауға болады. Қалай болғанда да үйкеліс күші, нақты айтқанда, тыныштық үйкеліс күші қозғаушы күш бола алмайды.

Қорытынды

Тыныштық үйкеліс күшінің қозғаушы күш болып көрінетін жағдайларды көптеген мысалдардан келтіруге болады, бірақ бұл қозғалысқа қарсы тұрған үйкеліс күшін анықтамасына қайшы келеді. Оның үстіне, кейбір механика есептерін шешкен кезде үйкеліс күшін Ньютонның екінші заңы теңдеуіне формальды түрде енгізуге болады. Егер жанасқан денелердің салыстырмалы ықтимал қозғалысы кезінде пайда болатын күштерді деформацияланған қатты дене физикасы тұрғысынан егжей-тегжейлі қарайтын болсақ, қарама-қайшылық жойылады [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Башарұлы Р. Физика: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 208 б.

2 Тоқбергенова У.Қ., Кронгарт Б.А. Физика: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2017. – 200 б.

3 Трофимова Т.И. Основы физики. Механика: учеб. пособие. - М.: КНОРУС, 2011. – 224 с.

4 Савельев И.В. Курс общей физики. В 5-ти т. Том 1. Механика. Учебн. пос., 5-е изд. – СПб. Лань. 2011. – 352с.

5 Физический энциклопедический словарь / Гл. ред. А. М. Прохоров. М: Сов. энциклопедия, 1984. – 944 с. - с. 765.

6 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Механика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007. - 291 б.

7 Kassenova L.G. Elements of innovation in learning physics students of technical specialties in the conditions of modernization of education. // Вестник КазНПУ, серия «Физико-математическая». – 2019. - №3 (67). - С.154-158

МРНТИ 30.17.35
УДК 533.15:536.25
DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.16

FEATURES OF ISOTHERMAL MULTICOMPONENT MIXING OF GAS MIXTURES CONTAINING METHANES AT CONVECTIVE INSTABILITY

Kossov V. N. [1,2], Mukamedenkyzy V. [2], Zhussanbayeva A. [1]

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]Institute of Experimental and Theoretical Physics, Almaty, Kazakhstan

Abstract

The features of the change in the regimes "diffusion-gravitational concentration convection" in isothermal ternary gas mixtures have been studied experimentally and numerically. It is shown that, at a certain pressure, due to the difference in the diffusion coefficients of the components, an instability of mechanical equilibrium arises, leading to the appearance of structured convective formations. Calculation results are compared with experimental data on the location of the instability boundaries in the studied gas mixtures. Intensity of convective mixing is also influenced by the content of the component with the highest molecular weight in the initial mixture. In terms of Rayleigh numbers, a boundary relation is obtained that determines the regime change. The solution of the problem of multicomponent mixing in a cylindrical vertical channel of finite height with solid and impermeable boundaries for the substance made it possible to determine the concentration distribution along the length.

Keywords: convection, diffusion, instability, concentration, synergistic effect, mechanical equilibrium.

Аннотация

Косов В.Н. [1,2], Мукамеденқызы В. [2], Жусанбаева А. [1]
[1]Казахский национальный педагогический университет им.Абая, Алматы, Казахстан
[2]Институт экспериментальной и теоретической физики, Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ИЗОТЕРМИЧЕСКОГО МНОГОКОМПОНЕНТНОГО СМЕШЕНИЯ ГАЗОВЫХ СМЕСЕЙ СОДЕРЖАЩИХ МЕТАН ПРИ КОНВЕКТИВНОЙ НЕУСТОЙЧИВОСТИ

Экспериментально и численным образом изучены особенности смены режимов «диффузия- гравитационная концентрационная конвекция» в изотермических тройных газовых смесях. Показано, что при определенном давлении за счет различия в коэффициентах диффузии компонентов возникает неустойчивость механического равновесия, приводящая к возникновению структурированных конвективных формирований. Результаты расчетов сравниваются с опытными данными по расположению границ неустойчивости в исследуемых газовых смесях. На интенсивность конвективного смешения также оказывает влияние содержание компонента с наибольшим молекулярным весом в исходной смеси. В терминах чисел Рэлея получено граничное соотношение, определяющее смену режимов. Решение задачи о многокомпонентном смешении в цилиндрическом вертикальном канале конечной высоты с твердыми и непроницаемыми для вещества границами позволило определить распределение концентрации по длине.

Ключевые слова: конвекция, диффузия, неустойчивость, концентрация, синергетический эффект, механическое равновесие.

Аңдатпа

В.Н. Косов[1,2], В. Мукамеденқызы[2], А. Жусанбаева[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Казахстан
[2]Эксперименттік және теориялық институті, Алматы қ., Қазақстан

КОНВЕКТИВТІ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ КЕЗІНДЕ МЕТАНЫ БАР ГАЗ ҚОСПАЛАРЫН ИЗОТЕРМИЯЛЫҚ КӨП КОМПОНЕНТТІ АРАЛАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Изотермиялық үш компонентті газ қоспаларында «диффузиялық-гравитациялық концентрация конвекциясы» режимдерінің өзгеру ерекшеліктері тәжірибелік және сандық тұрғыдан зерттелген. Белгілі бір қысым кезінде компоненттердің диффузия коэффициенттерінің айырмашылығына байланысты, құрылымдық конвективті түзілімдердің пайда болуына әкелетін механикалық тепе-теңдіктің тұрақсыздығы пайда болатыны көрсетілген. Есептеу нәтижелері зерттелетін газ қоспаларындағы тұрақсыздық шекараларының орналасуы бойынша тәжірибелік деректермен салыстырылған. Конвективті араластырудың қарқындылығына бастапқы қоспадағы ең жоғары молекулалық салмағы бар компоненттің құрамы да әсер етеді. Рэлей сандарының терминінде ауысымды режимдерін де анықтайтын шекаралық қатынас алынды. Концентрацияның ұзындығы бойынша таралуын анықтауға мүмкіндік беру үшін соңғы биіктіктің цилиндрлік тік каналында қатты және зат өткізбейтін шекаралары бар көп компонентті араластыру процессі де іске асты.

Түйін сөздер: конвекция, диффузия, тұрақсыздық, концентрация, синергетикалық эффект, механикалық тұрақтылық.

In multicomponent gas mixtures, there is a wide variety of mixing regimes [1]. The experiments were carried out on a device in which two flasks were connected by a vertical channel. In the work [2] shows high-quality shadow images of diffusion instability in the flasks of the diffusion apparatus. Experiments on the study of multicomponent mixing in gases at elevated pressure [3, 5], diffusion of a mixture of solution vapors into an inert gas [4] registered convective flows. In its turn, this convective flows leading to a synergistic effect. The synergistic effect associated with a significant increase in the mixing rate of the system components. Features which are observed in [3-5], during change of the "diffusion - convection" regimes is the fact, that it is realized not under traditional conditions corresponding to the thermal problems of Rayleigh [6] and Rayleigh-Taylor [7], arises under the condition that the density of the mixture decreases with height. In this work, researching the mechanism of the "diffusion - convection" transition in gas mixtures containing methane, which is important for the problems of combined heat and mass transfer of multicomponent systems containing hydrocarbon components. This feature arises at the initial hydrostatic - stable stratification, which implies a decrease of the density of the mixture with height.

In this work presents experimental data on the study of boundaries of change in kinetic regimes. Analytical results on the research of ternary gas mixtures for convective stability in vertical channels are showed. Comparison is made between experiments and theoretical calculations.

- PL – слова во множественном числе
- $Pers$- личные местоимения
- $hasVP$ – имеет глагольное словосочетание;
- $DirVP1$ – глагольное управление (имя существительное в направительном падеже + глагол)
- $hasHead$ – имеется главное слово;
- V– глагол
- $hasRoot$ –имеет корень
- $root$ – корень
- $isSpace$ –является ли словом с пространственным значением
- $noSpace$–*непространственная семантика*

Если все условия соблюдены тогда при запуске резонера в среде Protégé, предложение *«Çocuklar yemeğe doydu»* который является индивидом концепта Sentence (предложение) определяется как тип предложения $SubObjPr$, так как глагол «doy» является непространственным глаголом, а также выполнены необходимые и достаточные условия этого типа предложения.

На рисунке 6 представлен тип предложения «Онтологическая модель предложения турецокого языка типа $SubObjPre$» [8, 9].



Рисунок 5. Фрагмент структуры онтологической модели предложения турецкого языка



Рисунок 6. Онтологическая модель предложения турецокого языка типа SubObjPre

Заключение

Полученная онтологическая модель предметной области позволяет формализовать ее знания и представить онтологии как ее спецификацию. Практическая ценность полученных результатов состоит в том, что разработанный метаязык и построенные онтологические модели синтаксических правил турецкого языка будет использованы в проведении сравнительного анализа этих языков с указанием качественных и количественных показателей, в разработке онлайн обучения этим языкам, создания систем многоязычного поиска и извлечения знаний, а также машинного перевода между этими языками.

Работа выполнена при поддержке грантового финансирования научно-технических программ и проектов Министерством науки и образования Республики Казахстан (грант № AP05132249, 2018-2020 годы).

Список использованной литературы:

1 https://ru.wikipedia.org/wiki/Prot%C3%A9g%C3%A9

2 Chomsky N. Syntactic Structures. — The Hague: Mouton, 1957. (Переиздание: Chomsky N. Syntactic Structures. – De Gruyter Mouton, 2002. – ISBN 3-11-017279-8.)

3 Цуканова Н. И. Онтологическая модель представления и организации знаний. – Москва: Горячая линия – Телеком, 2015. – с. 272.

4 Лапшин В.А. Онтологии в информационных системах. – Москва, 2009. – с.247.

5 Bekmanova G., Sharipbay A., Altnbek G., Adalı E., Zhetkenbay L., Kamanur U., Zulkhazhav A. A uniform morphological analyzer for the Kazakh and Turkish languages / Proceedings of the Sixth International Conference on Analysis of Images, Social Networks and Texts (AIST 2017) July 2017, Moscow, Russia. –P. 20-30.

6 Горшков С. Введение в онтологическое моделирование. – ООО «ТриниДата», 2016. – с.165.

7 Jurafsky D., Martin J. H. Speech and Language Processing: An Introduction to Natural Language Processing, Computational Linguistics, and Speech Recognition (2nd ed.). - Prentice Hall PTR, Upper Saddle River, NJ, USA, 2009.

8 Щека Ю.В. Практическая грамматика турецкого языка. М.: АСТ: Восток–Запад, 2007. – 666 [6] с. – ISY 978-5-17-043016-1; ISY 978-5-478-00529-0.

9 Hengirmen, M.: Turkish Grammar (in Turkish) Ankara, (2007)

МРНТИ 20.01.45
УДК 371.39
DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.31

Д.Н. Исабаева[1], С.Н. Исабаева[2], Л.Б. Рахимжанова[3]

[1]Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Нұр-мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан
[3]Әл-Фараби Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН ҚАШЫҚТАН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында білімді бақылау және бағалау әдістері келтірілген. Бірнеше алдыңғы қатарлы ғалым-педагогтардың пікірлеріне сүйене отырып, сапаны бақылау терминіне анықтама берілген. Абай атындағы ҚазҰПУ-індегі қашықтықтан оқыту жағдайында кіріс, ағымдағы, аралық, қорытынды тәрізді білімді бақылау мен бағалау түрлеріне тоқталған. Оқу модулінің әр тақырыбын зерттеу үшін білімді игерудің белгілі бір деңгейінде көрсетілген дидактикалық мақсаттарды белгілеу қажет. Қашықтықтан оқыту жағдайында, студенттің материалды есте сақтау және түсіну қабілетін тексеруден басқа, оның проблемалық жағдайларды талдау, шешімдерді синтездеу, теориялық материалдың өзіндік тәжірибесімен үйлесуін тексеру қажет. Сонымен қатар басқа бірнеше мемлекеттердегі білімді бақылау және бағалау әдістерінің тәжрибелеріне сүйене отырып, Open-book Exam or Open paper Exam, Open paper Exam, Open book Exam, Thinking exam әдістерін жіктеп, түсіндірме келтірген.

Түйін сөздер: бақылау, бағалау, ашық кітап емтиханы, жабық кітап емтиханы, сыни ойлау, бақылау әдістері мен түрлері.

Abstract

EFFECTIVE APPROACHES OF REMOTE CONTROL AND ASSESSMENT OF STUDENTS LEARNING ACHIEVEMENTS

Issabaeva D.N. [1], Issabaeva S.N. [2], Rakhimzhanova L.B. [3]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakstan
[2]Egyptian University of Islamic Culture "Nur-Mubarak", Almaty, Kazakhstan
[3]Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

The article presents methods of control and assessment of knowledge in the context of distance learning. The definition of the term "Quality control" is given. The forms of control and assessment of knowledge are given: input, current, intermediate, final, using in the conditions of distance learning in Abai KazNPU. To study each topic of the training module, it is necessary to establish didactic goals, expressed at a certain level of knowledge assimilation. In the case of distance learning, in addition to testing the student's ability to memorize and understand the material, it is necessary to analyze problem situations, synthesize solutions, and check the compatibility of theoretical material with one's own experience. In this regard, and based on the experience of methods of control and assessment of knowledge in distance learning in a number of other countries, the methods of Open-book Exam or Open paper Exam, Open paper Exam, Open book Exam, Thinking exam are classified and recommended.

Keywords: quality control, assessment, open book exam, closed book exam, critical thinking, methods and forms of control.

Аннотация

Д.Н. Исабаева[1], С.Н. Исабаева[2], Л.Б. Рахимжанова[3]
[1]Казахский национальный педагогический унивверситет имени Абая, г. Алматы, Казакстан
[2] Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», г. Алматы, Казакстан
[3]Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казакстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ ПОДХОДЫ ДИСТАНЦИОННОГО КОНТРОЛЯ И ОЦЕНКИ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

В статье приведены методы контроля и оценки знаний в условиях дистанционного обучения. Дано определение термину «Контроль качества». Рассмотрены входные, текущие, промежуточные и итоговые формы контроля и оценки знаний, использующиеся в условиях дистанционного обучения в КазНПУ им.Абая. Для изучения каждой темы учебного модуля необходимо установить дидактические цели, выраженные на определенном уровне усвоения знаний. В случае дистанционного обучения, помимо проверки способности ученика запоминать и понимать материал, необходимо анализировать проблемные ситуации, синтезировать решения, проверять совместимость теоретического материала с собственным опытом. В связи с этим и опираясь на опыт методов контроля и оценки знаний при дистанционном обучени в ряде других стран, классифицированы и рекомендованы методы Open-book Exam or Open paper Exam, Open paper Exam, Open book Exam Thinking exam.

Ключевые слова: контроль качества, оценка, экзамен с открытой книгой, экзамен с закрытой книгой, критическое мышление, методы и формы контроля.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының анықтайтын міндеті-өз білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіре алатын, ақпараттың өсіп келе жатқан ағымында тез жүре алатын және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдай алатын мамандарды даярлау. Елімізде белең алған жағдайға байланысты, жаппай, қолжетімді білім алу мүмкіндігі қашықтықтан оқыту нысанын іске асыру кезінде мұндай талаптарды қашықтықтан оқыту арқылы жүзеге асыру қажеттілігі туындады. Алайда, қашықтықтан оқыту процесін жүйелі ұйымдастырудағы кемшіліктер, бақылаудың нақты реттелетін рәсімдерінің болмауы көбінесе студенттерді даярлау сапасының төмендеуіне әкеледі және жалпы қашықтықтан білім алуға теріс көзқарасты тудыратыны да аландатты. Бұл туралы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Қолжетімді әрі сапалы білім» атты бөлімінде «Коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде. ...» деп атап өткен болатын [1]. Аталған проблема қашықтықтан оқыту нысанын іске асыратын әрбір жоғары оқу орны үшін оқыту сапасын бағалау жүйесін құру бойынша міндеттер кешенін шешу қажеттілігін туындатады. Бұл міндеттерге сапаны жоспарлау, сапаны басқару, сапаны қамтамасыз ету, бағалау және бақылау кіреді. Бақылау - бұл сапа жүйесінің маңызды компоненттерінің бірі және бағалау, тексеру, сапаны қамтамасыз ету сияқты ұғымдармен тығыз байланысты.

Сапаны бақылау – белгілі бір күтілетін сапа деңгейіне жетуге бағытталған сапаны бағалаудың сыртқы рәсімдерін белгілеу үшін қолданылады. И.П. Подласый бүгінгі таңда педагогикалық теория білімді "бағалау", "бақылау", "тексеру" сияқты ұғымдар үшін бірыңғай анықтамасының нақты ұсынылмағанын мәлімдейді. Жоғарыда аталған терминдер үшін жалпылама түсінік ретінде ғалым бақылау ұғымын алға тартады, ол өз кезегінде тексеруден басқа бағалауды (процесс ретінде) және бағалауды (тексеру нәтижесінде) қамтиды. Білім алушының үлгерімін бағалау негізі бақылау нәтижелері болып табылады [2].

Педагогикадағы білім сапасын бағалау көрсеткіштері ретінде білімнің толықтығы, тереңдігі, тиімділігі, икемділігі, хабардарлығы сияқты принциптер қарастырылады. Құзыреттілік тәсілі тұрғысынан болашақ мамандарға кәсіби қызмет тәсілдерін меңгеру үшін қажетті құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін оқыту нәтижесі ретінде қарастырған жөн. Сонымен қатар, оқытуды бақылау студенттің ЖОО-да оқуы барысында жүргізіледі және білім құрылымының тұтастығын қамтамасыз етуі, оқуға деген ынтаны қалыптастыруға ықпал етуі, әрбір білім алушының жеке жетістіктерін қадағалауға мүмкіндік беруі тиіс.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде бақылау ерекше мәнге ие болады, өйткені оқытушы мен студенттердің өзара іс-қимылы жанама түрде, ЖОО-ның ақпараттық ортасы жағдайында өтеді. Осыған байланысты, бір жағынан, мұғаліммен жеке байланыстың жоқтығын өтейтін, ал екінші жағынан, субъектілер үшін тартымды заманауи технологиялық процесті бақылау процедурасын ұсынатын тексеру шараларының әдістері мен формаларын қолдану қажет.

Қашықтықтан оқытуды бақылау жүйесін құру тәжірибесін А.А. Андреев, В.И. Солдаткин, Д.Е. Гавриков, Е.С. Полат, А.В. Хуторский, Н.А. Добролюбова, қазақстандық ғалымдар Е.Ы. Бидайбеков, Т.О. Балықбаев, А.Е. Сағымбаева және т. б. еңбектерінен бастау алған [3].

Дегенмен, пандемия жағдайында білім алушылардың оқу жетістігін жаппай қашықтан бақылау мен бағалау жүргізуде, бұл мәселенің жіті зерттелуі және әлемдік тәжірибелерді саралау қажеттігі туындады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-інде оқу модулі «Univer 2.0» ақпараттық жүйесінде оқу мақсаттарына сәйкес технологиялық және әдістемелік қамтамасыз етуі бар оқу пәні шеңберіндегі салыстырмалы түрде тәуелсіз және тұтас оқыту бірлігі ретінде ұсынылады. Модульді және оған кіретін оқу бірліктерін (тақырыптарын) зерделеу үшін оқу-әдістемелік іс-шаралардың реттілігін сипаттайтын оқу-әдістемелік кешендер әзірленеді: оқытушымен қосымша сабақтар өткізу жиілігі, онлайн сабақ кестесі, он-лайн семинарлар, тестілеу, білім алушылардың өзіндік жұмысының көлемі мен құрылымы келтіріледі. Әрбір модуль және оған кіретін оқу бірліктері бақылау және өзін-өзі бақылау рәсімдерімен сүйемелденеді.

Курстарды іске асырудың техникалық негізі жоғары дидактикалық әлеуетке ие заманауи ZOOM қашықтықтан оқыту платформасы болып таңдалды.

Бақылау жүйесін құру үшін негізгі және кәсіби маңызды құзыреттерді қалыптастыру көрсеткіштерін анықтау, тексеру тапсырмаларын әзірлеу, бақылаудың тиімді және технологиялық формаларын таңдау, бақылау процедураларының реттілігі мен жиілігін анықтау қажет болды.Түрлері бойынша педагогикалық бақылау дәстүрлі түрде кіріс, ағымдағы, аралық және қорытынды болып бөлінеді. Педагогикалық әдебиеттерден басқа да жіктеулерді табуға болады, мәні тұрғысынан жоғарыдағыларға жақынбастапқы, тақырыптық, қорытынды деп бөлінеді. Әрқайсысына жеке тоқталсақ:

Кіріс бақылауы білім алушылардың пәннің оқу модулін оқуға дайындығын анықтауға, оларды дайындық деңгейіне қарай саралауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы бақылау оқытушы мен білім алушының өзіне материалды игеру тереңдігін бағалауға, оқытудың жеке қарқынын белгілеуге, оқу процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді.

Аралық бақылау оқытудың келесі сатысына өтуге дайындығын анықтайды, белгілі бір кезеңнің нәтижелерін анықтайды. Ағымдағы және аралық бақылау оқушының даму жолындағы жеке қозғалысын көруге мүмкіндік береді.

*Қорытынды бақылау*білім беру бағдарламасына сәйкес қойылған мақсаттарға сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын игеру дәрежесін анықтайды.

Білім алушылардың білімін бағалауды дараландыру психологиялық-педагогикалық жағдайларды, олардың ішінде тұрақты оқу мотивациясы; болашақта олардың кәсіби салада жетістікке жетуін қамтамасыз ететін студенттердің құндылық бағдарларыұйымдастырудықамтиды.

Білімді бағалаудың дараландыру мен объективтілігі рейтингтік бақылау жүйесін қолдануды қамтамасыз ете алады. Рейтингтік жүйе білімді бақылаудың екі деңгейінде әрекет етеді: модульді зерделеу қорытындылары, сондай-ақ модульге кіретін оқу бірліктері бойынша ағымдағы және межелік бақылау. Ағымдағы бақылаудың жиынтық рейтингі оқытушы белгілеген белгілі бір жұмыс түрлері үшін алынған ұпайлардан тұрады.

Екі деңгейлі рейтингтің үйлесуі студенттердің өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, сондай-ақ өзіне деген сұранысты қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл тәсіл оқытушының электрондық оқу материалдарының сапасын жақсартуға, оларды құрылымдауға, әртүрлі рейтингтік құндылықтағы тапсырмаларды таңдауға деген ұмтылысын ынталандырады.

Univer жүйесінде «Қашықтық оқыту» модулінде қолданылатын рейтингтік бақылау әдістемесінің мәні келесідей:

- оқытушы оқытылатын пән процесінде орындалатын деңгейлік тапсырмалардың сапасын бағалау шкаласын әзірлейді. Тапсырмаларды құрастыру кезінде білімнің тереңдігі мен құрылымын анықтауға мүмкіндік беретін деңгейлік таксономиялық тәсіл қолданылады;
- оқытушы бағалау критерийін және тапсырманың қандай сапасы белгілі бір бағалауға сәйкес келетінін анықтайды. Әр тапсырманы орындау үшін барлық мүмкін болатын бағалардың қосындысы максималды қорытынды баға береді;
- оқытушы осы модуль бойынша студенттің оқуының рейтингтік шкаласының максималды мәнін білдіретін пәннің барлық бақылау тапсырмалары бойынша ең жоғары рейтингтік бағалардың жиынтығын анықтайды.

Оқу модулінің әр тақырыбын зерттеу үшін білімді игерудің белгілі бір деңгейінде көрсетілген дидактикалық мақсаттарды белгілеу қажет. Қашықтықтан оқыту жағдайында, студенттің материалды есте сақтау және түсіну қабілетін тексеруден басқа, оның проблемалық жағдайларды талдау, шешімдерді синтездеу, теориялық материалдың өзіндік тәжірибесімен үйлесуін тексеру қажет.

Пандемия жағдайында бақылау және бағалау процесін жүзеге асыруға жүргізілген халықаралық зерттеу нетижесінде:

Гарвард университеті білімді бақылау жүйесінде қанағаттанарлық/қанағаттанарлықсыз)

(SAT/UNSAT) жүйесі қолданылған, «қанағаттанарлық» бағасын алу үшін, білім алушы курстың барлық тапсырмасын орындауы және барлық онлайн сабақтарға қатысуы міндетті екендігі атап көрсетілген.

Нью-Йорк университетінде алдын ала тестілеу, сұрақ-жауап (Google форма, NYU Survey Service), бірнеше типті сұрақтары бар емтихан, жазбаша емтихан (Gradescope), прокторингпен емтихан (NYU Zoom) жүргізілген.

Колумбия университетінің тәжірибесі бойынша бағалау жүйесі «тапсырды - тапсырмады» жүйесіне көшкен, сондай-ақ оқытушылар әріптік эквивалентке көшірілетін бағаны қоймаған. Калифорния технология университетінің тәжірибесі бойынша да «тапсырды - тапсырмады» жүйесі жүзеге асырылған. Moodle техникалық ресурсында оқыту туралы негізгі ақпараттар, силлабустар енгізілген.

Болоньи университетінде қашықтан оқыту жүйесі Microsoft Teams оқу жүйесінде жүзеге асырылып, тапсырмаларды тапсыру уақыты ұзартылған.

Барселона университетінде бақылау жеке және қашықтан жүзеге асырылған.

Ұлыбританияда барлық емтихандар онлайн бағалауға ауыстырылған.

Кембридж университетінің тәжірибесі бойынша, студенттерге қолдау көрсететін веб-беттер дайндалған және техникалық ресурс ретінде Moodle жүйесі қолданылған.

Лондон университеті колледжінің тәжірибесі бойынша «ашық кітап», көп уақытқа берілетін тапсырмалар қолданылған [4].

Сорбонна университетінде Moodle жүйесі белсенді қолданылған, сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамы Panopto жүйесін пайдаланған. Мультимедиалық сервер Moodle-мен интеграцияланып, үй жағдайында арнайы құрал-жабдықтың көмегінсіз сабақ жазуға және оқу материалдарын интеграциялауға мүмкіндік берген. Басқа да Zoom стримингтік платформалар университет қауымдастығына нақты уақытта виедоконференция жүргізуде қолданылған. Сонымен қатар, Wooclap студенттер мен оқытушылардың біріккен әрекетін сауалнама мен сұрақ-жауаптар жүзеге асыруға бағытталған жүйелері қосымша пайдаланылғандығы айқындалған [4].

Сондықтан, шетелдік және қазақстандық қашықтықтан оқыту жүйесіндегі қолданылатын бақылау әдістерін талдап және іріктедік: ауызша емтихан (Oral Exam), жабық кітап жазбаша емтиханы(Closed book Exam), ашық кітап немесе сұрақемтиханы(Open-book Exam or Open paper Exam), «Сыни ойлау» емтиханы («Thinking» exam), Үйге берілетін емтихан жұмысы(«Take-Home» exam), практикалық емтихан (Practical exam), Тестілеу (Multiple-choice exam или Shot-question) (1-сурет).



Сурет 1. Бақылау әдістері

Бізге жазбаша, ауызша, тестілеу, практикалық емтихандар таныс. Сондықтан, ішіндегі ерекше бақылау әдістеріне толығырақ тоқтала кетейін:

Ашық кітап немесе сұрақ емтиханы – білім алушыларға оқулықтар мен басқа кітаптарды пайдалануға рұқсат етілген емтихан. Бұл дегеніміз, басты назар "оқушының есінде сақтауы" емес, ол оқыған және талдаған "материалды қалай қолдана алады" дегенді білдіреді. Ашық кітап емтиханы тек механикалық оқыту ғана емес, зияткерлік қабілеттер мен дағдыларды беруге арналған, білім алушыны қажетті ақпаратты тез табуға, содан кейін түсінуге, талдауға, білімді қолдануға және сыни ойлауға қабілеттілігін арттырады.

Үйге берілетін емтихан- бір немесе екі сұрақ студенттерге алдын-ала хабарланады (мысалы, бір апта ішінде). Оны тапсыру үшін студент өзінің зерттеу немесе аналитикалық дағдыларын көрсетуі керек. Нәтиже берілген тақырып бойынша қысқа эссе түрінде жасалады. Емтихан күні алдын-ала дайындалған эсселерін жазады.

Ашық кітап емтиханы -білім алушылардың оқулықтарды пайдалануға құқығы бар емтихан нысаны. Алайда кітаптардың саны мен түрі шектеулі. Бұл өте жеңіл форма сияқты көрінуі мүмкін, бірақ оны тапсыру өте күрделі. Мысалы, мұндай емтихан әдетте формулалар мен есептеулер көп болатын пәндер үшін қолайлы.

«Сыни ойлау» емтиханы–білім алушылардың белгілі бір мәселе бойынша бір үлкен мәтін жазуы. Мысалы, білім алушыларға үш сағат ішінде бір үлкен эссе жазуға тапсырма беріледі. Бір сағат ішінде студенттер рефлексия жасайды, эскиздер жасайды және эссе құрылымын дайындайды деп болжанады. Содан кейін екі сағат ішінде эссе мазмұнын жазуға арналады [5].

Оқытушы өз пәні бойынша аталған бақылау әдістерін қолдануда тапсырмаларды құрастыру кезінде оның талаптарына сәйкес келетін белгілі бір деңгейлік тәсілді таңдайды.

В.П. Беспальконың айтуы бойынша, ассимиляция деңгейлері – бұл студенттердің оқу іс-әрекетін игеру деңгейлері, оны қолдану сипатына байланысты екі түрге бөлінеді: репродуктивті және өнімді, сонымен қатар әрқайсысының ішіндегі кіші түрлерге: тану деңгейі, өсу деңгейі, білімді әдеттегі жағдайда қолдану деңгейі және жаңа жағдайда қолдану деңгейі (білімді шығармашылық қолдану) [6].

Б. Блумның жетекшілігімен американдық ғалымдар тобы жасаған танымдық тапсырмалар таксономиясы танымдық іс-әрекеттің күрделену дәрежесіне сәйкес алты деңгейден тұрады. Төменгі деңгейлердің міндеттері білуге және түсінуге бағытталған, орташа – білімді қолдану және оларды талдау, ал жоғары – синтез және бағалау қажет. Б. Блумның таксономиясы және оған негізделген тапсырмаларды құрастыру әдістемесі педагогикалық әдебиетте егжей-тегжейлі сипатталған.

Қорыта айтқанда, оқытушыларға бақылау әдістеріне сәйкесінше деңгейлік тапсырмаларды құру көп еңбекті қажет ететіндіктен, бұл пәннің әр тақырыбын зерттеудің тереңдігін талдаумен зерттеу қажеттілігімен байланысты екенін есепке алуы керек.

Білімді қалыптастырудың әрбір сатысында студенттердің кең көлемді ақпараттарды тез іріктей білуге, ой қорытуға сәйкес келетін дәйекті қадамдық бақылаудың негізгі қызметін ұйымдастыруға бағытталған бақылау мен бағалауға басымды көңіл бөлуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek

2 Литвинов А.В.Педагогика будущего: информационные основы консолидации знания и духовного развития личности. https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogika-buduschego-informatsionnye-osnovy-konsolidatsii-znaniya-i-duhovnogo-razvitiya-lichnosti/viewer

3 Исабаева Д.Н. Қашықтан оқыту бойынша тәжірибелер. Вестник: педагогическая серия КазНПУ им. Абая. - №2, 2018.

4 Международный опыт проведения промежуточной и итоговой аттестаций обучающихся вузов во время пандемии коронавируса covid-19 https://enic-kazakhstan.kz/files/1586779981/sistema-proktoringa-mezhdunarodnyy-opyt-cbpiam.pdf

5 Открытые и домашние экзамены: URL: https://student.unsw.edu.au/open-book-and-take-home-exams

6 Герасимов Е.Н. Актуализация и модернизация ключевых понятий теории педагогических систем В..П. Беспалько и её основные принципы с позиции компетентностного и технологического подходов к обучению в вузе. https://cyberleninka.ru/article/n/aktualizatsiya-i-modernizatsiya-klyuchevyh-ponyatiy-teorii-pedagogicheskih-sistem-v-p-bespalko-i-eyo-osnovnye-printsipy-s-pozitsii/viewer

МРНТИ 20.01.45
УДК 330.47
DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.32

Д.Н. Исабаева [1], Н.А. Курмангалиева [1]

[1]Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН НЕГІЗІНДЕ ОҚУ КУРСТАРЫН ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында педагогикалық дизайн негізінде оқу курстарын құрудың маңыздылығы қарастырылады. Педагогикалық дизайн мақсатын білім алушылардың сұраныстарына сәйкесінше білім беру нәтижелерінен оқу материалдарын, білім алушылармен қарым-қатынас тәсілдерін, педагогикалық технологиялар мен құралдарды білім беру деректері негізінде бірыңғай жүйені икемді өзгерту және бейімдеу мақсатындағы білім беру ортасын құруға және оқу процесін әзірлеуге арналған кешенді тәсіл ретінде анықтайды. Қашықтан оқытудағы оқу курсын құруда келесі педагогикалық дизайн кезеңдері: мақсатты топты талдау; білім беру мақсаттарының сипаттамасы оқыту нәтижелері ретінде (рубрикатор); оқу материалының мазмұнын, күрделілігі мен жүйелілігін анықтау; білім контентін дайындау (мәтіндер, видео, аудио, фото, интеллектуалды карталар және т.б.); білім алушыларға нұсқаулық, кейс тапсырмаларды дайындау; диагностика және бағалау жүйесін таңдау (бақылау-өлшеу материалдарын дайындау); білім алушылардың өзара әрекеттесу және қатысу әдістерін таңдау (жеке, топтық жұмыс және т.б.); ресурстарды жоспарлау (техникалық, цифрлық) басшылыққа алынуы қажет екендігі тұжырымдалады. Онлайн курсты жобалаудың кең таралған моделіне сүйеніп педагогикалық дизайнға негізделіп, қашықтан оқыту курстарын жоспарлау ұсынылады.

Түйін сөздер: педагогикалық дизайн, қашықтан оқыту, оқыту процесі, цифрлық ресурстар, оқу курсы.

Аннотация

Д.Н. Исабаева [1], Н.А. Курмангалиева [1]

[1]Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы. Казахстан

ВАЖНОСТЬ СОЗДАНИЯ КУРСОВ НА ОСНОВЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ДИЗАЙНА В КОНТЕКСТЕ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

В статье рассматривается важность создания учебных курсов на основе педагогического дизайна в условиях дистанционного обучения. Цель педагогического дизайна определяется в качестве комплексного подхода к созданию образовательной среды и разработке учебного процесса с целью гибкого изменения и адаптации единой системы на основе образовательных данных, способов общения с обучающимися, учебного материала, соответствующих запросам обучающихся. При разработке курсов дистанционного обучения необходимо проектировать этапы педагогического дизайна: анализ целевой группы; описание образовательных целей как результатов обучения (рубрикатор); определение содержания, сложности и согласованности учебного материала; разработка образовательного контента (тексты, видео, аудио, фото, смарт-карты и др.); обучение студентов, подготовка кейсов; выбор систем диагностики и оценки (подготовка контрольно-измерительных материалов); выбор методов взаимодействия и участия студентов (индивидуальная, групповая работа и др.); планирование ресурсов (технических, цифровых). Основываясь на распространенной модели проектирования онлайн-курса, предлагается планировать дистанционные обучающие курсы, основываясь на педагогическом дизайне.

Ключевые слова: педагогический дизайн, дистанционное обучение, учебный процесс, цифровые ресурсы, учебный курс.

Abstract

THE IMPORTANCE OF CREATING COURSES BASED ON PEDAGOGICAL DESIGN IN THE CONTEXT OF DISTANCE LEARNING

Issabaeva D.N. [1], Kurmangalieva N.A. [1]

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The article discusses the importance of creating training courses based on pedagogical design in the context of distance learning. The goal of pedagogical design is defined as an integrated approach to creating an educational environment and developing an educational process with the aim of flexible change and adaptation of a unified system based on educational data, methods of communication with students, educational material that meets the needs of students. When developing distance learning courses, it is necessary to design the following stages of pedagogical design: Analysis of the target group; Description of educational goals as learning outcomes (Rubricator), Determination of the content, complexity and consistency of educational material, Development of educational content, Teaching students, preparing cases; Selection of diagnostic and evaluation systems (preparation of control and measuring materials), Choice of methods of interaction and participation of students (individual, group work, etc.), Resource planning (technical, digital). Based on a common online course design model, it is suggested to plan distance-learning courses based on pedagogical design.

Keywords: pedagogical design, distance learning, educational process, digital resources, training course.

Қазіргі пандемия белең алған кезеңде санитарлық-эпидемиялогиялық шараларды жүзеге асыру мақсатында білім алушыларды қашықтықтан оқыту курстарын қолданудың маңыздылығы күмән тудырмайды. Оқу орнынан тәуелсіздік, оқу уақытын өзін-өзі ұйымдастыру мүмкіндігі, материалдарға шексіз қол жетімділік, нәтижелердің дереу қол жетімділігі оқытудың бұл түрінің қазіргі жаңдайдағы ыңғайлылығын дәлелдейді, сонымен қатар қазіргі уақытта білім алушылардың сапалы кәсіби білім алуына қосымша мүмкіндіктер жасауға да ықпал етеді. Қашықтықтан оқыту курсын құру ақпаратпен алмасу, желіде білімді тиімді тарату мақсатында заманауи цифрлық технологияларды қолдануды көздейді. Алайда, ақпараттық-білім беру ортасының болуы, әртүрлі инновациялық технологияларды қолдану әрдайым тиімді нәтиже бере бермейді, ал ақпаратты орналастыру және курста практикалық тапсырмаларды орындау жаңа білім, білік пен дағдыларға әкеледі. Қашықтықтан оқыту курсының оқу нәтижелеріне педагогикалық дизайн принциптеріне негізделген желіде оқу процесін құруға жүйелі тәсіл арқылы ғана қол жеткізуге болатындығын түсіну керек.

Сонымен, педагогикалық дизайн дегеніміз не және тиімді қашықтықтан оқыту курсын жасау кезінде қандай принциптерді ескеру керек? Бұл тұжырымдаманың оқу архитектурасын дамыту, оқу ортасын жобалау процесі ретінде көптеген зерттеулер бар. Педагогикалық дизайн ұғымының пайда болу тарихы 1-кестеде берілген.

1-кесте. Педагогикалық дизайн пайда болу тарихы

Жылдары	*Анықтамасы*
1905 ж. - 1920 ж.	*Педагогикалық дизайнның пайда бола басталуы*
1940 жылдары	*ПД тарихы Б.Ф. Скиннердің оперативті оқыту теориясына негізделген көптеген адамдарды күрделі техникалық тапсырмаларды орындауға, дайындауға арналған тиімді оқытудың жаңа теориясы мен практикасын дамытудан басталды.*
1950–1960 жылдары	*В.Ф. Скиннер, Б. Блумберг және Р.Ф. Магераның ең алдымен, бағдарламаланған оқыту мәселелерін шешуде қосқан үлестері көрсетілді*
1965-шы жылдары	*Американдық психолог Роберт Ганье ПД қағидаттарын ұсынды және тұжырымдаманы белсенді түрде дамытты. «Педагогикалық дизайн» терминін алғаш рет Роберт Миллс Ганье (Principles of Instructional Design) және Роберт Глейзер (Psychology and Instructional Technology) қолданды.*
1970-ші жылдары	*Білім берудегі сапалы нұсқаулау идеясын жүйелі тәсіл жақтаушылары қабылдады*
1980-1990-шы жылдары	*Электронды оқыту ұғымы қолданысқа енді және педагогикалық дизайн ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен тікелей байланысты қарастырылды.*
2003 жылы	*Педагогикалық дизайн оқу материалдарын жобалау, жасау, бағалау және пайдалану процесінде тиімді оқыту жұмысы туралы (жүйеде келтірілген) білімді (қағидаттарды) жүйелі пайдалану ретінде (А.Ю. Уваров және т.б.)*
2010 жылдан бастап	*Педагогика, психология және эргономиканың теориялық ережелеріне сүйене отырып, оқу материалын өңдеумен, оның ішінде ақпараттық технологиялар негізінде (К.Г.Кречетникова және т.б.) негізделген және білім беру процесін ең ұтымды, тиімді және ыңғайлы ететін ғылым мен практика саласы.*

Ресейде педагогикалық дизайнның негізін қалаушы А. Ю. Уваров педагогикалық дизайнды "оқу материалдарын жобалау, әзірлеу, бағалау және пайдалану процесінде тиімді оқу жұмысы (оқыту және оқыту) туралы білімді (принциптерді) жүйелі (жүйеге келтірілген) пайдалану ретінде қарастырады [1].

E-Learning орталығы компаниясының бас директоры Е.В.Тихомирова педагогикалық дизайн білім беру мақсаттарынан, оқу материалдарынан және білім беру үшін қолжетімді құралдардан бірыңғай жүйені құруға мүмкіндік беретінін айтады. Педагогикалық дизайн курстың мазмұнының, материалдың стилі мен дәйектілігінің, сондай-ақ оны ұсыну тәсілдерінің маңыздылығына негізделгендігін басып көрсеткен [2]. Педагогикалық дизайн мақсаты – білім алушылардың сұраныстарына сәйкесінше білім беру нәтижелерінен оқу материалдарын, білім алушылармен қарым-қатынас тәсілдерін, педагогикалық технологиялар мен құралдарды білім беру деректері негізінде бірыңғай жүйені икемді өзгерту және бейімдеу мақсатындағы білім беру ортасын құруға және оқу процесін әзірлеуге арналған кешенді тәсіл. Қашықтықтан оқыту курсын құру кезіндегі педагогикалық дизайнның мәні қашықтықтан оқыту курсы аясында арнайы құрылған бірегей оқу траекториясын әзірлеу және ұстану болып табылады, онда оқу материалдарын әзірлеу процесі келесі негізгі кезеңдерден өтеді: талдау, жобалау және әзірлеу, қолдану, бағалау [3].

Талдау оқытудың мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін, мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін, курс тыңдаушыларының құзыреттерін анықтауды, оқу жұмысын жүзеге асыру құралдарын таңдауды қамтиды.

Курсты әзірлеу кезінде бастапқы міндет-қашықтықтан оқыту курсын не үшін жасайтынымызды, нені көздейтінімізді, соңында нені алғымыз келетінін нақты түсіну. Бірқатар оқу бағдарламаларының мақсаттары оқушылардың нақты өмірлік нұсқауларынан айтарлықтай ерекшеленеді. Ықтимал сәйкессіздіктің алдын алу үшін мақсаттар оқушылардың мүдделері мен нақты қажеттіліктеріне жауап беруі керек. Нақты мақсат болған кезде, ұмтылатын нәрсе болған кезде оқу - үйрену оңайырақ түседі. Тренингте мотивация өте маңызды, өйткені оның жетіспеушілігі адамның кеш немесе ерте қызықсыз және оқудан бас тартуына әкеледі. Курстың мақсаттарын жақсы түсіну үшін білім алушылардың іс-әрекетінің нақты нәтижесін көрсету керек, тақырыпты, бөлімді, курс модулін оқу кезінде алатын дағдыларын нақты көрсету керек. Білім алушылардың оқу мақсаттарын түсінуі, болашақта алған білімдерін қалай қолдана алатындығын түсіну, оқу іс-әрекетін мағынамен толтырады және мотивацияның жоғары деңгейіне әкеледі.

Жобалау кезеңінде сценарийлер және көбінесе оқу іс-әрекеттері барысында кездесетін жағдайлар жобаланады. Курсты бастапқы мақсат материалды жеткізудің тиісті құралдары мен әдістерімен жүзеге асырылатындай етіп құру өте маңызды. Дәріс мәтінін электронды форматта оқу және тест тапсыру ондағы жағдай мен әрекет туралы жаңа білім алу үшін жеткіліксіз. Қашықтықтан оқыту курсындағы ең бастысы-курстың сценарийін ойластыру, оқу шеңберінен тыс және нақты жағдайларға мүмкіндігінше жақын жағдайларды енгізу.

Келесі кезең-*қашықтықтан оқыту курсында оқу процесінде оқу материалдарын тікелей енгізу және пайдалану*. Алынған білімді белгілі бір жағдайларда қолдану қажет тапсырмаларды орындау жаңа материалды игеруге ғана емес, сонымен қатар кәсіби шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесін байытуға көмектеседі.

Бағалау кезеңі одан әрі пысықтау мақсатында құрылған қашықтықтан оқыту курсын нәтижелерінің тиімділігі тұрғысынан тестілеу процесін қамтиды. Қашықтан оқыту курсының тиімділігі туралы оның нәтижелері болмаған кезде айтуға болмайды. Сондықтан кері байланыс қашықтықтан оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Кері байланыс жүйесі бізге білімді тексеріп қана қоймай, білім алушыларға өз әрекеттерінің нәтижелерін көруге, оларды бағалауға және дұрыс түсінілмеген материалдарды түзетуге мүмкіндік береді. Мысалы, "бұл дұрыс емес жауап", "сіз 70 ұпай жинадыңыз" деген стандартты сөздерді "сіздің бірінші Күніңіз сәтті болды" Әзірге бәрі жақсы, бірақ сәл күшейту қажет" деген тәрізді сөз тіркестерімен ауыстыру қажет. Осылайша оқушы өз әрекеттерінің салдарын көре алады [4].

Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, қашықтан оқыту курсын құру күрделі, көп уақытты қажет ететін процесс, оның тиімділігі көптеген факторларға байланысты. Алайда, кез-келген қашықтықтан оқыту курсы эксперимент болып саналатыны анық, яғни егер білім алушылар оқу барысында оқу курсының материалын игерсе, тиімді болады. Осыған байланысты курс материалдарын әзірлеу кезінде әзірленетін курстың ерекшелігін, электрондық контентті ұйымдастыру ерекшеліктерін ескеру және жеке педагогикалық дизайн бойынша курс құру қажет.

Біздің ұстанымыз бойынша қашықтан оқыту курсы келесідей сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- білім алушы нені білуі керек?
- ұсынылған материалды игеру үшін білім алушы не істеу керек?
- оқу іс-әрекетінің жүйелілігі қандай болуы керек?
- қандай оқыту әдістері қолданылады?
- білім алушылар топтарының құрылымы мен құрамы қандай болады?
- қандай оқыту құралдары қолданылады?
- оқу процесі қалай бақыланатын болады?

Сондықтан, қашықтан оқытудағы оқу курсын құруда келесі педагогикалық дизайн кезеңдерін басшылыққа алу қажет деп тұжырымдаймыз:

- Мақсатты топты талдау;
- Білім беру мақсаттарының сипаттамасы оқыту нәтижелері ретінде (Рубрикатор);
- Оқу материалының мазмұнын, күрделілігі мен жүйелілігін анықтау;
- Білім контентін дайындау (мәтіндер, видео, аудио, фото, интеллектуалды карталар және т.б.);
- Білім алушыларға нұсқаулық, кейс тапсырмаларды дайындау;
- Диагностика және бағалау жүйесін таңдау (бақылау-өлшеу материалдарын дайындау);
- Білім алушылардың өзара әрекеттесу және қатысу әдістерін таңдау (жеке, топтық жұмыс және т.б.).
- Ресурстарды жоспарлау (техникалық, цифрлық ресурстар).

Мақсатты топты талдау. Бұл курстың қай мақсатты топ білім алушыларына: мектепті жақында бітірген жастарға немесе тұрақты сабақтар тыңдаудан алшақтап қалған, бірнеше жылдар бойы әртүрлі ой-пікір қалыптастырған ересектерге арналғанын нақты түсінген жөн. Бұл оқу материалдарын жасағанда және оқу процесінде әдіснамалық және дидактикалық принциптерді қолдану кезінде тиісті әдістемеге (қарапайым университет немесе андрогогия) назар аударуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқу мақсаттарын сипаттау:

- білім алушыға белгілі бір көлемде білім беру, нәтижесінде ол материалды қайталауға немесе тануға мүмкіндік алады;
- процестер мен құбылыстардың мәнін түсінуге үйрету, содан кейін интерполяция мен экстраполяция мүмкіндіктерін көрсете бастайды;
- ойлау, бағалау, талдау және синтездеу дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушыны кәсіби іс-әрекетке дайындығының жоғары деңгейін сипаттайтын кәсіби дағдыларға ие болуға тәрбиелеу.

Оқу материалының мазмұнын, күрделілігі мен жүйелілігін анықтау

Білім контентін дайындау

Оқу модулі келесі элементтерді қамтуы мүмкін:

- оқу мақсаттары;
- мазмұны;
- материалды және тапсырмаларды өз бетінше зерттеу кестесі;
- әдебиеттер тізімі;
- суреттері, кестелері, графиктері, фотосуреттері, анимациялық және тірі бейнелерімен белгіленген мультимедиялық қосымшалары бар мәтін;
- пікірлері, кеңестері және диалог режимдері бар практикумдар;
- виртуалды (немесе қашықтықтан қол жеткізуге болатын) зертханалар мен тренажерлер;
- білім алушының іскерлігі мен кәсіби шеберлігін дамытатын тапсырмалар;
- өзін-өзі бақылау және мұғалімнің көмегімен білімін тексеру тапсырмалары;
- қосымша электрондық оқу материалдары (анықтамалықтар, сөздіктер, бағдарламалар және т.б.);
- глоссарийлер, көрсеткіштер және т.б.

Қашықтан оқыту курсының оқу материалы өз бетінше оқуға арналған және белгілі бір әдістемелік және дидактикалық талаптарға сәйкес келуі керек екенін есте сақтаған жөн.

Бағалау және диагностика жүйесін таңдау. Әдетте, оқу модулінде тексеру элементтерінің екі түрі болуы керек:

– әр бөлімнің соңында білім алушыға зерттелген материалды қарап шығуға және олардың үлгерімін бағалауға мүмкіндік беретін өзін тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар; оқу процесінде кері байланысты қамтамасыз ету үшін оларға жауаптар немесе түсініктемелер берілуі керек;

– білім алушылар тапсырмаларды орындаған кезде және оқытушы нәтижелерін тексерген кезде білім алушылардың оқу әрекетін бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

Ресурстарды жоспарлау. Бұл кезеңде қашықтан оқыту курсын құру және оқу процесінде қолдануға қажетті қолда бар техникалық ресурстарды бағалау қажет. Техникалық ресурстарды жоспарлау оқу материалдарын жасау, жаңарту, сақтау және жеткізудің техникалық шешімдерін іздеумен байланысты; ақпарат алмасуды және ақпараттық ресурстарға қол жетімділікті ұйымдастыру. Басқаша айтқанда, Интернетке кімнің қол жеткізетінін, қандай серверлерде оқу материалдары сақталатынын, қандай компьютерлерде және қандай материалдармен осы материалдар жасалатындығын (мультимедиялық фрагменттерді, виртуалды зертханаларды, басқару кешендерін қосқанда) шешу керек.

Білім алушыларға нұсқаулық дайындау. Аудиторияда оқытушы әрқашан оқу процесінің ретін, кездескен қиындықтарды түсіндіреді, зерттелетін материалмен жұмыс жасаудың ең жақсы әдістерін ұсынады. Мұның бәрінен қашықтан оқуға шешім қабылдаған білім алушы айырылмауы керек. Оны түсініксіз материалдармен жұмыс жасауға мәжбүрлеуге болмайды. Сондықтан оқытушының қашықтан оқыту процесіне қатысуы маңызды. Бұған қашықтан оқыту курсын қолданушыларға нұсқаулық дайындау арқылы қол жеткізуге болады. Ең алдымен, нұсқаулық білім алушыларға түсінікті тілде жазылуы керек. Сонымен қатар, ол келесі ақпаратты қамтуы керек:

- курсты оқып үйренудегі ең бастысы неде; курсты оқу тәртібі қандай;
- курстың білім алушының білім алуындағы орны немесе рөлі;
- курсты оқу барысында білім алушыны не күтеді;
- курста ол қандай режимде жұмыс істеуі керек;
- қандай нақты тапсырмаларды және қандай мерзімде аяқтауы керек;

- бақылау тапсырмаларын қайда жіберу керек;
- курста білімді бақылаудың қандай формалары қолданылады;
- курста қандай жұмыс сәтті аяқталды деп саналады;
- егер білім алушы курсты игермеген болса не істеу керек;
- оқытушылар мен тьюторлардан курс бойынша кеңестерді қалай алуға болады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған педагогикалық дизайн кезеңдеріне негізделген оқу курстары ғана қашықтықтан оқыту жағдайында тиімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Уваров А. Ю. Педагогический дизайн. Университет Российской академии образования. 1999. – 102 с.*

2 *Тихомирова Е. 800 слов про педагогический дизайн [Электронный ресурс]. URL: http://www.trainings.ru/library/ articles/?id=11059 (дата обращения: 17.03.2012).*

3 *Лисицына Л.С. Педагогический дизайн электронных курсов. – СПб: Университет ИТМО, 2018. – 67 с.*

4 *Driscoll M.P. Psychology of learning for instruction. Boston, 1994. P. 322.*

МРНТИ 14.33.07, 82.01.85
УДК 004.4
DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.33

Г.Б. Камалова[1], Н.А. Водолазкина[1], К.И. Аклбеков[1]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ИНФОРМАЦИОННЫЕ CRM-СИСТЕМЫ В ОРГАНИЗАЦИОННО-УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТЕХНИКОВ-ПРОГРАММИСТОВ

Аннотация

Выделение организационно-управленческой деятельности как самостоятельного вида в структуре профессиональной деятельности специалиста технического профиля (техника-программиста), включающую выполнение таких организационно-управленческих функций, как планирование и совместная работа в команде, принятие и реализация управленческих решений, налаживание и поддержание внутренних и внешних коммуникаций, оценивание и развитие профессионального и карьерного продвижения, управление проектами, позволит ему эффективно организовать деятельность, как свою собственную, так и вверенного ему подразделения организации. Одной из главных организационно-управленческих функций являются функции управления взаимоотношениями с клиентами. Эти задачи реализуются в CRM-системах.

Для автоматизации организационно-управленческой деятельности специалистов разного звена, в том числе техников-программистов, сегодня в условиях стремительного развития техники и технологий, масштабной цифровизации целесообразно применение подобных информационных систем. Обладая высокими техническими и функциональными возможностями, они позволяют накапливать и быстро обрабатывать огромные объемы разнообразной информации, адекватно и оперативно принимать решения на основе данной информации. Однако готовые CRM-системы, в основном, платные и перегружены лишним функционалом, так как являются лишь одним из компонентов гигантской корпоративной системы. Практика показывает, что в небольших компаниях ограничиваются минимально необходимым набором функций, реализованных в подобных CRM-системах, поэтому часто проще разработать собственные CRM-системы под свои процессы.

В статье описаны требования, предъявляемые к подобным системам автоматизации организационно-управленческой деятельности техников-программистов и ее функциональная структура.

Ключевые слова: техник-программист, CRM-система, организационно-управленческая деятельность, управление контактами, цифровизация

Аңдатпа

Г.Б. Камалова[1], Н.А. Водолазкина[1], К.И. Аклбеков[1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ТЕХНИК-БАҒДАРЛАМАШЫЛАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ CRM ЖҮЙЕЛЕРІ

Жоспарлау және командалық жұмыс, басқарушылық шешімдер қабылдау және жүзеге асыру, ішкі және сыртқы коммуникацияларды орнату және қолдау, кәсіпқойларды бағалау және дамыту сияқты ұйымдастырушылық-басқарушылық функцияларды жүзеге асыруды қоса, техник-бағдарламашының кәсіби қызметі құрылымында ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті бөлу және мансаптық өсу, жобаларды басқару, оған өзінің де, өзіне жүктелген ұйымның бөлімшелерінің де қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Негізгі ұйымдастырушылық-басқарушылық функциялардың бірі клиенттермен қарым-қатынасты басқару функциясы болып табылады. Бұл тапсырмалар CRM жүйелерінде жүзеге асырылады.

Техник-бағдарламашыларды қоса алғанда әр түрлі деңгейдегі мамандардың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін автоматтандыру үшін қазіргі кезде технологиялар мен технологиялардың қарқынды дамуы, ауқымды цифрландыру жағдайында осындай ақпараттық жүйелерді қолданған жөн. Жоғары техникалық және функционалдық мүмкіндіктерге ие бола отырып, олар әртүрлі көлемді ақпараттарды жинақтап, тез өңдеуге, осы мәліметтер негізінде жеткілікті және жылдам шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Алайда, дайын CRM жүйелері негізінен ақы төленеді және қажетсіз функционалдылықпен жүктеледі, өйткені олар алып корпоративті жүйенің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Практика көрсеткендей, шағын компаниялар осындай CRM жүйелерінде іске асырылатын минималды функциялар жиынтығымен шектеледі, сондықтан олардың процестері үшін өздерінің CRM жүйелерін құру көбінесе оңайырақ болады.Мақалада техник-бағдарламашылардың ұйымдастырушылық және басқару қызметін автоматтандырудың осындай жүйелеріне қойылатын талаптар және оның функционалдық құрылымы сипатталған.

Түйін сөздер: бағдарламалық жасақтама техникі, CRM жүйесі, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет, байланыс басқармасы, цифрландыру

Abstract

INFORMATION CRM SYSTEMS IN ORGANIZATIONAL AND MANAGEMENT ACTIVITIES OF TECHNICIANS-PROGRAMMERS

Kamalova G.B.[1], Vodolazkina N.A.[1], Aklbekov K.I.[1]

[1]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Allocation of organizational and managerial activity as an independent type in the structure of the professional activity of a technician-programmer, including the implementation of such organizational and managerial functions as planning and teamwork, making and implementing managerial decisions, establishing and maintaining internal and external communications, evaluating and developing professional and career advancement, project management, will allow him to effectively organize activities, both his own and the division of the organization entrusted to him. One of the main organizational and managerial functions is the functions of customer relationship management.

These tasks are implemented in CRM systems. To automate the organizational and management activities of specialists of various levels, including technicians-programmers, today, in the context of the rapid development of technology and technology, large-scale digitalization, it is advisable to use such information systems. Possessing high technical and functional capabilities, they allow to accumulate and quickly process huge volumes of various information, to make decisions based on this information adequately and quickly. However, ready-made CRM systems are mostly paid and overloaded with unnecessary functionality, since they are only one of the components of a giant corporate system. Practice shows that small companies are limited to the minimum required set of functions implemented in such CRM systems, so it is often easier to develop their own CRM systems for their processes.

In this article the requirements for such systems of automation of organizational and management activities of technicians-programmers and its functional structure are describes.

Keywords: technician programmer, CRM-system, organizational and management activities, contact management, digitalization.

В статье проанализированы курсы по высокопроизводительным вычислениям, преподаваемые на экспериментальных базах и за рубежом, на основании этого определены темы спецкурса и содержание, рекомендуемые для внедрения в учебный процесс. В ходе обучения были выявлены компетенции студентов по высокопроизводительным вычислениям.

Ключевые слова: образование, высокопроизводительные вычисления, содержание курса, учебный процесс.

Abstract

CONTENT OF A SPECIAL COURSE ON HIGH PERFORMANCE COMPUTING

Serik M. [1], Yerlanova G. Zh.[1]

[1]L.N. Gumilyev Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

At present, along with the dynamic development of computer technology in the world, the most effective ways of solving problems of practical importance are being considered. High performance computing takes the lead in this. Therefore, the development of modern society is closely related to the training of experienced, modern specialists in the field of information technology. This, in turn, depends on the inclusion of new courses in the curriculum and full coverage of these issues in the content of the taught courses.

This article analyzes the courses on high performance computing, taught at experimental bases and abroad, on the basis of this, the topics of the special course and the content recommended for implementation in the educational process are determined. During the training, the competencies of students in high performance computing were identified.

Keywords: education, high-performance computing, course content, educational process.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» [1],-деп атап көрсеткен болатын.

Қазіргі кезде жасанды интеллект, үлкен деректер сияқты салалардың дамуымен қатар, ақпарат көзі де молайып, сол ақпаратты нақты уақытта жылдам, әрі тиімді өңдеу және оны өңдеу құралдарының қажеттілігі туындайды. Ол қажеттіліктерді қанағаттандыру жоғары өнімді есептеулер мен суперкомпьютердегі есептеулердің маңызының өте зор екендігін айқындайды.

Кейінгі кезде жоғары өнімді есептеулер жылдам дамып, қажеттілігі артып, барлық саланың тиімді есептеулерінде таптырмас құралға айналды. Маңызды барлық ғылыми-техникалық есептеулер жоғары өнімді есептеулердің көмегімен іске асырылып жатқаны белгілі. Соның бір дәлелі ретінде короновирустық инфекцияға қарсы дәріні жасап шығару үшін Ресейдің «Ломоносов» суперкомпьютерінде жүргізіліп жатқан үлкен масштабты есептеулерді келтіріп кетсек, артық болмас. Ол есептеулер бірнеше күнге созылып, эксперименттік нәтижесі бірнеше айлардан кейін дайын болады деп күтілуде [2].

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Param-Bilim орталығындағы суперкомпьютерде ғылыми және инженерлік облыстардағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған биоинформатика, гидродинамика, климатология, астрофизика, ауар райын модельдеуге және әртүрлі молекулалардың арасындағы байланыстарды зерттеуге арналған қосымшалар бар [3]. Солардың көмегімен бірқатар есептеулер, яғни параллель есептеулер арқылы нәтижелер алу, биоинформатика, сонымен қатар физикалық модельдеу мәселелері, оның ішінде біртекті емес ортада электромагнитті толқындардың таралуын модельдеу [4] сияқты есептеулер суперкомпьютерде шешімін тауып жүр.

Жоғары өнімді есептеулер, оның ішінде параллель есептеулер бойынша жоғары өнімді есептеулер мәселесімен айналысып, әрі оқу үдерісіне енгізіп жүрген ғалымдарды атап өтуге болады. Соның ішінде параллель есептеулердегі жоғары өнімді есептеулерді зерттеуге шет елдерде Воеводин Вл.В., Гергель В.П., Шкред А.В [5], Малышкин В.Э. [6], Копыльцов А.В. [7], Баденко В.Л. [8], Грегори Р. Эндрюс [9], ал елімізде Серік М., Карелхан Н., Зулпыхар Ж. [10], Ақжалова Ә.Ж. [11], Дүйсембиев Е.Е. [12] жоғары оқу орнының оқу үдерісінде ендіріп, өз үлестерін қосып жүр.

Жоғары өнімді есептеулер ресурстары ғылым саласында маңызды шешімдер қабылдауға, зерттеулер жүргізу үдерісін жылдамдатып, жоспарланған нәтиженің шығарылу мерзімін қысқартуға септігін тигізеді. Кез келген нәтижені нарыққа тез шығару үшін алдымен моделін жасап, содан кейін жобаланып, есептеулері жүргізіледі. Сондықтан да, осы есептеулерді жүзеге асыратын мамандар қажеттігі пайда болады. Ал, мамандарды даярлау үшін оқу үдерісіне жоғары өнімді есептеулер бойынша арнайы курс ендіру, курстың мазмұны қандай болу керек деген мәселелер туындайды.

Жоғары өнімді есептеулер бойынша мамандарды даярлауды жоғары оқу орындарында қолға алу үлкен мүмкіндіктерге жол ашады, әрі еліміздің осы сала мамандарының ұтымды шешімдері басқа елдермен бәсекеге қабілетті болуға да септігін тигізері сөзсіз. Ал, мамандарды даярлауда сол бағыт бойынша арнайы курс мазмұны мәселені толық қамтитындай дұрыс құрастырылуы тиіс.

Жоғары өнімді есептеулерді курс ретінде оқыту елеулі аппараттық және бағдарламалық құралдарды қажет етеді. Өйткені, жоғары өнімді есептеулер бағыты толассыз даму үстінде болғандықтан, курстың мазмұны да соған сай өзгеріп отырады.

Жүргізіліп жатқан жұмыстың мақсаты - жоғары өнімді есептеулер бойынша арнайы курстың мазмұнын талдау, теориялық-практикалық негіздерін, аппараттық-бағдарламалық негіздерін анықтау және жоғары оқу орнының оқу үдерісіне енгізу.

Жұмысымызда мынадай мәселелерге тоқталдық:

- білім алушылар үшін жоғары өнімді есептеулер бойынша тақырыптарды талдау;
- жоғары өнімді есептеулер бойынша курстың мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- курсты оқығаннан кейінгі алатын білімдері мен қалыптасатын іскерліктерін анықтау;
- жоғары өнімді есептеулер бойынша арнайы курстың мазмұнын құру, жүзеге асыру негіздерін айқындау.

Жоғары өнімді есептеулер бойынша арнайы курстың мазмұнын құру барысында, басқа пәндермен өзара байланысы анықталды, яғни студенттердің қажетті білімдері мен іскерліктерінің артуын қамтамасыз ететін басқа курстардың пәнаралық байланысы ескеріледі. Мысалы, параллель есептеулер, бұлттық есептеулер және С, С++ тілдерінде бағдарламалау пәндерінен алынған білімдері мен іскерліктері біздің зерттеу жұмысымызға алғы шарт бола алды. Сонымен қатар біз жұмысымызды практикалық жүзеге асыруда Python тілінде бағдарламалауды игеру мен жоғары өнімді есептеулер жүргізуде қолдануды қарастырдық.

Арнайы курстардың мазмұнын құру барысында ең алдымен жоғары өнімді есептеулердің эксперименттік базалары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінде, сонымен қатар Ресейдің бірқатар жоғары

оқу орындарында оқытылу жағдайын зерттеп, талдау жасап, салыстырылды. Соның негізінде арнайы курстың мазмұны жасалды. Зерттеу барысында эксперименттік базалар ретінде алынған университтерде жоғары өнімді есептеулер параллель есептеулер бағыты бойынша оқытылатыны белгілі болды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде «Параллель есептеулер кластері», «Параллель есептеулер негіздері» курсы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Информатика» мамандығында «Параллель есептеулер» курсы оқытылады. Бұл курстар жалпы мынадай тақырыптарды қамтиды:

- параллель есептеулер туралы негізгі түсініктер;
- параллельді жүйе деректерін өңдеу классификациясының негіздері;
- параллель есептеулер архитектурасы, алгоритмдері және модельдері;
- білім берудегі параллель есептеулер кластерін баптау негіздері және кластерде параллель есептеулер және т.б.

Ресейде оқытылатын жоғары өнімді есептеулерге байланысты пәндердің тақырыптарына тоқталсақ, Ульянов мемлекеттік техникалық университетінің «230100.62-Информатика және есептеу техникасы» мамандығы бойынша «Жоғары өнімді есептеулер» курсына төмендегідей тақырыптар енгізілген [13]:

- жоғары өнімді есептеулер негіздері: өнімділіктің критерийлі параметрлері және олардың динамикасы;
- функцияларды іске асырудың жоғары өнімді әдістері;
- параллель есептеулер;
- жоғары өнімді есептеулердің микроархитектурасы.

Аталған пәндер мазмұнында есептеулер C/C++ және ассемблер тілдерін қолданып жүргізілген.

Оренбург мемлекеттік университетінде «Қазіргі жоғары өнімді есептеу жүйелері және технологиялары» пәні оқытылады және мынадай тақырыптар қарастырылған [14]:

- жоғары өнімді есептеулер жүйесінің архитектурасы;
- параллель есептеулерді модельдеу және талдау;
- OpenMP және MPI технологиялары;
- бұлттық сервистер.

Пермь ұлттық зерттеу политехникалық университетінде «Жоғары өнімді есептеулер мен параллель технологиялар әдістері» арнайы курсы мазмұны мынадай тақырыптарды қамтиды [15]:

- деректерді параллель өңдеуді енгізудің қажеттілігі;
- көпесептілік, параллель және таратылған есептеулердің айырмашылығы;
- параллелизмді қолдану мәселелері;
- көппроцессорлы есептеу жүйелерін құру мәселелері;
- параллель есептеу жүйелерінің түрлері;
- көппроцессорлы есептеу жүйелерінің өнімділігін бағалау.

Аталған пәндер мен арнайы курстардың тақырыптарында есептеу машиналарында параллель өңдеуді іске асыру принциптерінің архитектурасын білуге, параллель есептеулерді талдау және модельдеуге, параллель алгоритмдер мен программаларды құрастыру принциптерін білу мен қолдануға, көппроцессорлы есептеу жүйелерінің өнімділігін бағалау мен жоғары өнімді есептеулерде бұлттық сервистерді пайдалануға көбірек көңіл бөлген.

Талдау жасай келе, аталған пәндердің мазмұны жоғары өнімді есептеулердің параллель есептеулер негізінде қарастырылғанын көрсетті.

Аталған жоғары оқу орындарының тақырыптарын талдай келе, біз жоғары өнімді есептеулер бойынша ендірілетін курстың мазмұнында мынадай сұрақтарды қарастырдық:

- білім алушыларды жоғары өнімді есептеулерді жүзеге асыру үшін оның аппараттық-бағдарламалық платформасын анықтау;
- университеттің Param-Bilim орталығындағы суперкомпьютерінде қолданбалы есептерді шешу әдістері, соның ішінде тиімді алгоритмдер, әдістер, функцияларды қолдану; қосымшалар мен технологияларды нақтылау;
- жоғары өнімді есептеулердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін операциялық жүйелер, соның ішінде Linux операциялық жүйесінің негізгі ұғымдарымен және Linux сервермен SSH хаттамасы арқылы файлдар мен каталогтармен, негізгі компиляторлармен жұмыс жасау негіздерін қарастыру; Linux сервермен SSH хаттамасы арқылы жұмыс істейтін бағдарламаларды талдау; сонымен қатар Linux операциялық жүйесінде Vi мәтіндік редакторы пайдалану; MPI технологиясы; OpenMp технологиясы.
- үлкен көлемді массивтер;
- анықталған интегралды есептеудің жоғары өнімді әдістері;

- Деректерді талдаудағы жоғары өнімді есептеулер: R ортасында бағдарламаның тиімділігін талдау және бағалау; бағдарламадағы векторизация; R кіріктірілген функциялары жылдамдықты арттырудың негізгі құралы ретінде.

«Жоғары өнімді есептеулер» арнайы курсын енгізу білім алушыға ғылымда кездесетін белгілі есептер мен олардың әдіс-тәсілдерін жоғары жылдамдықпен іске асыра білу дағдылары мен іскерліктерін беруді көздейді.

Курсты оқу барысында білім алушы жоғары өнімді есептеулерді игеруі бойынша мынадай құзыреттілікке ие болады:

- әртүрлі операциялық жүйелерде файлдық жүйемен жұмыс істеу;
- көппроцессорлы есептеу жүйелері мен жоғары өнімді есептеу жүйелері классификациясы мен негізгі даму бағыттарын меңгеру;
- жоғары өнімді есептеу әдістерімен, технологиялары және қосымшаларымен жұмыс істеу іскерлігін алу;
- әртүрлі функцияларды қолдануда жоғары өнімді әдістерін игеру;
- жоғары өнімді есептеулер алгоритмдерін жүргізу;
- жоғары өнімді есептеулердің тиімділігін бағалай білу;
- математикалық есептердің жоғары жылдамдықпен іске асырылу тәсілдерін үйрену;
- есептеуде алынған нәтиженің тиімділігі мен жылдамдығы сияқты негізгі параметрлерін бағалау.

Қорытынды.

Оқу үдерісіне жоғары өнімді есептеулерді ендіру бойынша экспериментке Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен бакалавр бойынша 6В01511-Информатика мамандығы, магистратура бойынша 7М01511-«Информатика мамандықтары», ал, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің бакалавр бойынша 5В070300 «Ақпараттық жүйелер» және 5В070400 - «Есептеу техникасы» мамандықтарының білім алушылары қатысты. Респонденттерге Google форма көмегімен сауалнамалар жүргізіліп, нәтижесі сарапталды. Аталған мамандықтардың бірнеше курстар мазмұны жоғары өнімді есептеулер бойынша бірнеше тақырыптармен толықтырылды. Оқу үдерісінде сол тақырыптар бойынша қарапайым және массивтерге дейін есептер шығарылып, нәтижелері салыстырылып, жоғары өнімді әдістер анықталды.

2019-2020 оқу жылында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеттің 6В01511-«Информатика» мамандығы бойынша «Алгоритмдеу және бағдарламалау» курсының силлабусы жасалып, «Жоғары өнімді есептеулер» 3-ші модулі енгізілді. Ал магистратураның 7М01511-«Информатика» мамандығы бойынша «Информатиканы оқыту әдістемесі» курсының құрамына жоғары өнімді есептеулер бойынша 2-ші модуль енгізіліп, мазмұнына тақырыптар ендірілді. Зерттеу жұмысымыздың міндеттеріне сәйкес, ғылыми жұмысымыз жалғаса бермек. Енгізілген арнайы курс мазмұны жетілдіріледі және негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [Электронды ресурс] - 2017. URL: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

2 *Скрынников А. «Ломоносов» против COVID-19: как суперкомпьютер МГУ ищет лекарство от короновируса [Электронный ресурс] -2020.-URL:https://russian.rt.com/science/article/735301-superkompyuter-mgu-koronavirus*

3 C-DAC deploys supercomputer in Kazakhstan [Электронный ресурс] - 2016. - URL: https://economictimes.indiatimes.com/c-dac-deploys-supercomputer-in-kazakhstan/articleshow/ 50868309.cms?from=mdr

4 Baenova G.M., Zhumadillayeva A.K. Solving physical modeling tasks using a supercomputer // Новости науки Казахстана, №1(139), Алматы 2019, С.26-33

5 Воеводин Вл.В., Гергель В.П., Шкред А.В. Интернет-университет суперкомпьютерных технологий // Открытые системы. 2009, №2

6 Малышкин В. Э. Fragmented Programming of Library Parallel Numerical Subroitines / В. Э. Малышкин // In the Handbook of Research on Scalable Computing Technologies. IGI Global, 2010, 1021 pp, Chapter 13, pp. 295 - 311

7 Копыльцов А.В, Серик М., Бакиев М.Н. Моделирование и реализация алгоритма оценивания качества обучения студентов на кластере высокопроизводительных параллельных вычислений//Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. 2014, № 3 (100). С. 147-152

8 Баденко В. Л. Высокопроизводительные вычисления: учеб. пособие – СПб.: Изд-во Политехн. ун-та, 2010. – 180 с

9 Грегори Р. Эндрюс. Основы многопоточного, параллельного и распределенного программирования. Пер. с англ.-М.:Издательский дом «Вильямс», 2003.-512с

10 Serik M, Karelkhan N, Kultan J, Zulpykhar Z Setting up and implementation of the parallel computing cluster in higher education// International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET) 14 (06), 4-17

11 Ақжалова Ә.Ж. Параллельдік есептеу (оқу құралы). Алматы, 2004. 105б

12 Дүйсембиев Е.Е. Параллель есептеулер: жоғары өнімді технологиялар : оқулық / Е. Е. Дүйсембиев ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. – 270 б.

13 Рабочая программа дисциплины «Высокопроизводительные вычисления» [Электронный ресурс]- Ульяновский государственный технический университет URL : http: //vt.ulstu.ru/sites/default/files/26.-%20Высокопроизводительные%20Вычисления.pdf

14 Рабочая программа дисциплины «Современные высокопроизводительные системы и технологии» [Электронный ресурс] / Оренбургский государственный университет-2017.- URL: http://www.osu.ru/download/work_program/RP%2036515%20.pdf

15 Рабочая программа дисциплины «Методы высокопроизводительных вычислений и параллельных технологий» [электронный ресурс] /Пермский национальный исследовательский политехнический университет-2015.-URL: https: //pstu.ru/files/file/annotacii_rpd_uop/fpmm/mmsp/mm_bacalavry/010400_62_ metody_ vysokoproizvoditelnyh_vychisleniy.pdf

МРНТИ 20.01.45
УДК 618.005
DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.41

Н. Ұзақбаев[1] , М. Ерекешева[1]

[1]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

ANDROID ПЛАТФОРМАСЫНДА КЛИЕНТ- СЕРВЕРЛІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТАҢДАУ ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ

Аңдатпа

Android салыстырмалы түрде жаңа операциялық жүйе болып табылады, қысқа уақыт ішінде ол мобильді құрылғылар нарығында өте танымал болды. Операциялық жүйенің әзірлеушілері келесі негізгі талаптарды ұстануы тиіс: жаңа платформа әзірлеу шығындарын төмендетуге және мобильді қосымшаларды әзірлеушілерге қосымшаларды жасау үшін жүйенің барлық функцияларына қол жеткізу мүмкіндігін ұсынуға мүмкіндік беретін ашық стандарттарға негізделуі тиіс. Android платформасының негізгі артықшылықтарының бірі – оның ашықтығы. Android операциялық жүйесі ашық бастапқы код негізінде құрылған және еркін таралған. Бұл қолданушыларға бастапқы кодқа қол жеткізуге және қолданбалардың қасиеттері мен функцияларының қалай жүзеге асырылғанын түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада Android платформасында құрылған клиент-серверлі қызметкерлерді таңдау қосымшасының программалық жабдықтары, құрылымы және функционалдық мүмкіндіктері, қолданылу саласы сипатталған.

Түйін сөздер: Android платформасы, мобильді қосымша, кросплатформалы қосымша, клиент-сервер архитектурасы, жүйелік кітапхана.

Аннотация

Н. Узакбаев[1] , М. Ерекешева[1]

[1]Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова, г. Актобе, Казахстан

РАЗРАБОТКА КЛИЕНТ - СЕРВЕРНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ ДЛЯ ВЫБОРА ПЕРСОНАЛА НА ПЛАТФОРМЕ ANDROID

Android - относительно новая операционная система, которая за короткое время стала очень популярной на рынке мобильных устройств. Разработчики операционных систем должны придерживаться следующих основных требований: новая платформа должна быть основана на открытых стандартах, что снизит затраты на разработку и предоставит разработчикам мобильных приложений доступ ко всем функциям системы для создания приложений. Одно из главных преимуществ платформы Android – ее прозрачность. Операционная система Android основана на открытом исходном коде и распространяется свободно. Это позволяет пользователям получить доступ к исходному коду и понять, как реализованы свойства и функции приложений. В статье описаны программное обеспечение, структура, функциональные возможности и область применения клиент-серверного приложения для выбора персонала, созданного на платформе Android.

***Ключевые слова*:** платформа Android, мобильное приложение, кросплатформное приложение, архитектура клиент-сервера, системная библиотека.

Abstract

DEVELOPING A CLIENT-SERVER APPLICATION FOR SELECTING AN EMPLOYEE ON THE ANDROID PLATFORM

Uzakbayev N. [1]*,Yerekesheva M.*[1]

[1]*K. Zhubanov Aktobe regional state University, Aktobe, Kazakhstan*

Android is a relatively new operating system that has become very popular in the mobile device market in a short time. Operating system developers must adhere to the following basic requirements: the new platform must be based on open standards, which will reduce development costs and provide mobile application developers with access to all system functions to create applications. One of the main advantages of the Android platform is its transparency. The Android operating system is open source and free. This allows users to access the source code and understand how application properties and functions are implemented. This article describes the software, structure, functionality, and scope of the client-server application for personnel selection created on the Android platform.

***Keywords**:* Android platform, mobile app, cross-platform app, client-server architecture, System Library.

Ақпараттық технологиялардың (IT-технологиялардың) дамуы және мобильді құрылғылардың жаппай таралуы жаңа нарықты – мобильді қосымшалардың нарығын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Қазірге танда келесі бағыттары қарқынды дамып жатыр:

- Мобилді қосымшалар
- Жасанды интеллект
- Блокчейн технологиясы
- Робототехнка
- Бұлтты есептеулер және т.б.

Сондай бағыттардың ішінде мобильді қосымша құрудың әр түрлі технологиялары бір орында тұрмай дамып жатыр. Соңғы зерттеулерге тоқталатын болсақ 2021 жылға қарай мобильді қосымшалардың саны 385 пайызға өседі, 7 млрд мобильді құрылғы қолданушылары болады. Ал 2022 жылға таман "Play Google" магазин табысы 92 пайызға, немесе 157 млрд долларға артады деген болжам бар. Мобильді қосымша құрудағы болашақтағы үрдістерге тоқталайық. Қазіргі таңнан бастап және болашақта қосымшалар мынадай бағытта болады:

- Чат боттар
- IoT-қосымшалар
- Толықтырылған шындық(Augmented reality)
- Электронды төлемдер және т.б. бағыттар.
- Ойындар
- Банктер

Мобильді қосымшалар ақпараттық технологиялар саласындағы соңғы жылдардағы басты трендтердің бірі болып табылады. Әзірлеушілер саны өсуде, қосымшалар мен пайдаланушылар саны ұлғаюда, сондай-ақ көптеген компаниялар бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру үшін өз қосымшаларын құру қажеттілігін мойындайды. Мобильді қолданушылардың мұндай динамикалық өсуі, сонымен қатар технологиялардың тұрақты дамуы – мобильді қосымшалардың әлемдік нарығы белсенді өсу фазасында тұрғанын көрсетеді.

Қазіргі уақытта мобильді қосымшаларды әзірлеу – ақпараттық технологиялар саласындағы ең танымал міндеттердің бірі болып табылады. Мобильді әзірлеу тұтынушылардың қажеттіліктерін болжай алатын қосымшаларды құруға бағытталған; шешу алгоритмі алдын ала белгісіз міндеттерді шешуге бағытталған. Енді қосымшалар бірнеше көздерден алынған ақпаратқа талдау жасай алады және қолданушыға шешім қабылдауға, процестерді бақылауға және басқа да маңызды міндеттерді шешуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде бизнес-процестерді оңтайландыруға, қабылданатын шешімдердің өнімділігі мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді [1].

Мобильді қосымша тұтынушылық қажеттіліктерді болжайтын қосымшаларды құруға бағытталған; шешу алгоритмі алдын ала белгісіз міндеттерді шешуге бағытталған. Енді қосымшалар бірнеше көздерден алынған ақпаратқа талдау жасай алады және қолданушыға шешім қабылдауға, процестерді бақылауға және өзі үшін ең аз уақыт пен талдау шығындарымен басқа да маңызды міндеттерді жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл өз кезегінде бизнес-үдерістерді оңтайландыруға, қабылданатын шешімдердің өнімділігі мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Мобильді қосымша – бұл пайдаланушыға әртүрлі ақпаратпен өзара әрекеттесуге көмектесетін адаптер. Android салыстырмалы түрде жаңа операциялық жүйе болып табылады, бірақ қысқа уақыт ішінде ол мобильді құрылғылар нарығында өте танымал болды. ОЖ құру идеясы Android Inc компаниясына тиесілі. 2005 жылы компанияны Google корпорациясы сатып алды және дайын өнім жағдайына дейін платформаны әзірлеуді жалғастыру үшін

қажетті ресурстар мен қолдау көрсетті. Операциялық жүйенің әзірлеушілері келесі негізгі талаптарды ұстануы тиіс: жаңа платформа әзірлеу шығындарын төмендетуге және мобильді қосымшаларды әзірлеушілерге қосымшаларды жасау үшін жүйенің барлық функцияларына қол жеткізу мүмкіндігін ұсынуға мүмкіндік беретін ашық стандарттарға негізделуі тиіс. Алғаш рет платформа 2007 жылы ұсынылды, оның негізгі құрылымы мен іске асырылуы көп жағдайда қазіргі заманғы жүйенің архитектурасына ұқсас болды. Клиент - сервер архитектурасы жұмыс жасау қағидасы бойынша клиент қосымша арқылы сервердегі мәліметтермен жұмыс жасай алады [2]. Барлық мәліметтер серверде мәліметтер қорында сақталады. Клиент қосымшаның көмегімен веб-серверге сұраныс жіберіп керек ақпаратты алады. ТМД елдері ішінде Android операциялық жүйелі смартфондар қолданушылар саны бірінші орында. Осы танымал болып отырған Android платформасында арналған қосымшалардың құрудың негізгі екі бағытты бар:

- Нативті
- Кроссплатформалы

Кросплатформалы қосымшалардың құруда әр түрлі фреймворктар мен бағдарламалау тілдері қолданалады. Солардың ішіндегі ең танымалысы JavaScript тілін пайдаланатын ReactNative фреймворкы болып табылады.Нативті қосымшалар тек арнайы бір платформаға арналып құрылады. Мысалы, Android Studio бағдарламасымен Java бағдарламалау тілін қолдана отырып құру. Клиент-сервер архитектурасы бойынша Android платформасына арналған қосымша Google компаниясы ойлап тапқан Android Studio бағдарламалау ортасында қарастырылады. Клиент - сервер архитектурасы технологиясы бойынша қосымша құру бірнеше қадамнан тұрады [3]:

- Веб-серверді таңдау қажет. Веб-серверге скрипт тілі арқылы мәліметтер қорымен жұмыс жасайтын сервис құрамыз.
- Қосымшада кітапханалар көмегімен осы сервиске сұраныс жібереміз.
- Веб сервер жіберген сұранысты, JSON немесе XML форматында келген ақпаратты өңдеп қоданушыға көрсетеміз.

Клиент - сервер архитектурасында қосымша құру үшін AndroidStudio бағдарламалау ортасында бірнеше жүйелік кітапханалар бар[4]. Олардың ішінде негізгі үшеуіне тоқталайық . Олар:

1. OkHTTP
2. Retrofit
3. Volley

Құрылған қосымша қызметіне тоқталайық. Адамзат күнделікті өмірінде қажет болған мәселерді шешуде қиындықтарға кездеседі. Керек мамандарды табу үшін әр түрлі сервис түрлерін пайдаланымыз. Бұл сервистер сенімді нәтиже бермейді, себебі маман туралы нақты ақпараттар көзі жеткіліксіз, тұрақты және сенімді сервис саны аз.

Қосымшаның функционалдық сипаттамасы:

1. Қолданушылар тіркелуі;
2. Тапсырыс беру немесе тапсырыстарды қабылдау;
3. Тапсырыс бойынша кері байланыс беру;
4. Тапсырыс берушімен тапсырыс арасындағы тікелей чат;
5. Тапсырыс беруші рейтинг бойынша мамандар тандай алады;
6. Қосымшаны арнайы баптау;
7. Қолданушы жеке ақпаратын басқару;

Қосымашаны қолдану үшін алдымен аккаунт құру керек. Қосымшада аккаунттың екі түрі бар:

1. Тапсырыс беруші;
2. Тапсырысты орындаушы;

Тапсырыс беруші керек қызмет түрін келесі категориялар бойынша таңдайды:

1. Шаруашылық бойынша көмек
2. Тұрмыстық жөндеу
3. Әрлеу және құрылыс
4. Техника және жабдықтар
5. Тасымалдау және жеткізу
6. IT мен бағдарламалық қамтамасыз ету
7. Сұлулық және денсаулық
8. Оқу мен репититор
9. Іскерлік қызметтер

Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген категорияның бірін тандап форманы толтырады. Толтыру формасы келесі түрде болады:

1. Тапсырыс берушімен қалай байланысқа шығу(тікелей хат жазу немесе телефонмен хабарласу)
2. Уақыт және орындау мезгілін көрсету.
3. Туындаған мәселе бойынша қысқаша ақпарат алу.

Тапсырыс орындайтын мамандар үшін жаңадан келген тапсырыс сары түсте экран бетіне шығарылады. Жаңадан түскен тапсырысқа «Қызметті ұсыну» батырмасын басу арқылы өзінің қызметін ұсынады. Тапсырыс берушінің «Менің заказдарым» бөлімінде «Белсенді заказдар» бөлімшесінде тапсырыс тізімі тұрады. Әр тапсырыста қанша ұсыныстар келгені және хаттар саны саны көрсетіліп тұрады. Қолданушы көңіліне сәйкес баға ұсынған маман иесіне «Келісім беру» батырмасын басу арқылы келісмге отырып, басқа ескертпелердің келуін тоқтатады. Тапсырысты орындап болған соң қолданушы маманға кері байланыс береді, яғни жұмыстың сапасын бағалайды.

Қорыта келгенде, құрылған қосымша арқылы тапсырыс берушінің сенімді, қауіпсіздігі ортақтандырылған сервис арқылы маман иелерін таңдап алуға және жалдауға мүмкіндігі бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Пантилейкин Н. В. Мобильные приложения и их виды // Научно-методический электронный журнал Концепт. – 2016. – Т. 26. – С. 776-780.*

2 *SQLite vs MySQL vs PostgreSQL: Сравнение систем управления базами данных. Доступно на: http://devacademy.ru/posts/sqlite-vs-mysql-vs-postgresql / (от 12.04.2017).*

3 *Шалтабаев А.А., Смагулова Л.А., Теберикова Д.Б. Мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды тестілеу әдістерін талдау // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Физика-математика» сериясы №2(66), 2019, 285-290 б.*

4 *[Электрондық ресурс]. URL: https://proglib.io/p/11-tendenciy-mobilnoy-razrabotki-v-2020-godu-2020-01-23*

5 *[Электрондық ресурс]. URL: https://developer.android.com/training/volley/simple#java*

МРНТИ 20.01
УДК 372.8

DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.42

Е.К. Хеннер

Пермский государственный национальный исследовательский университет, г. Пермь, Россия

О СТИЛЕ МЫШЛЕНИЯ, СВЯЗАННОМ С ИНФОРМАТИЗАЦИЕЙ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Обсуждается вопрос о стиле мышления, в наибольшей мере отражающем результаты информатизации образования. Показано, что таковым является так называемое «вычислительное мышление», способствующее решению проблем в высокоразвитой информационно-образовательной среде. Вычислительное мышление – это стиль мышления людей в цифровую эру, который может быть полезен (а для многих и необходим) в мире информационных технологий и массового привлечения компьютеров к решению проблем. Для формирования вычислительного мышления необходимо прилагать специальные усилия, и плодотворными они будут только в высокоразвитой информационно-образовательной среде, созданной в процессе информатизации образования. Вычислительное мышление не возникает само по себе – его надо целенаправленно формировать.

Ключевые слова: вычислительное мышление, информатизация образования, информационно-образовательная среда, информационные технологии.

Аңдатпа

Е.К. Хеннер

Пермь мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті, Пермь қ., Ресей

БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОЙЛАНУ СТИЛІ ТУРАЛЫ

Білім беруді ақпараттандырудың нәтижелерін көбірек көрсететін ойлау стилі туралы мәселе талқыланады. Ақпараттық-білім беру ортасында дамыған мәселелерді шешуге ықпал ететін «есептеуіш ойлау» деп аталатыны көрсетілген. Есептік ойлау - бұл ақпараттық технологиялар әлемінде пайдалы болуы мүмкін (және көпшілігі үшін) цифрлық дәуірдегі адамдар үшін ойлау тәсілі және мәселелерді шешуге компьютерлерді жаппай тарту. Есептік ойлауды қалыптастыру үшін ерекше күш-жігер жұмсау керек және олар білім беруді ақпараттандыру процесінде құрылған жоғары дамыған ақпараттық-білім беру ортасында ғана жемісті болады. Есептік ойлау өздігінен пайда болмайды - ол мақсатты түрде қалыптасуы керек.

Түйін сөздер: компьютерлік ойлау, білім беруді ақпараттандыру, ақпараттық-білім беру ортасы, ақпараттық технологиялар.

Abstract

ON THE STYLE OF THINKING RELATED TO INFORMATIZATION OF EDUCATION

Henner E.K.

Perm State National Research University, Perm, Russia

The question of the style of thinking, which most reflects the results of informatization of education, is discussed. It is shown that such is the so-called "computational thinking", which contributes to solving problems in a highly developed information and educational environment. Computational thinking is the way people think in the digital age that can be useful (and for many it is) in the world of information technology and the massive involvement of computers in solving problems. For the formation of computational thinking, special efforts must be made, and they will be fruitful only in a highly developed information and educational environment created in the process of informatization of education. Computational thinking does not arise by itself - it must be purposefully shaped.

Keywords: computational thinking, informatization of education, information and educational environment, information technology

Исходя из того, что под информатизацией образования «понимается область научно-практической деятельности человека, направленная на применение технологий и средств сбора, хранения, обработки и распространения информации и обеспечивающая систематизацию имеющихся и формирование новых знаний в сфере образования для достижения психолого-педагогических целей обучения и воспитания» [1], естественно поставить вопрос о том, как погружение в высокоразвитую информационно-образовательную среду, являющуюся результатом информатизации образования, влияет на изменение стиля мышления, с одной стороны, и какой стиль мышления наиболее адекватен профессиональной и учебной деятельности в такой среде. Этот стиль мышления должен, в первую очередь, способствовать осознанному и/или доведенному до уровня автоматизма восприятию каждой возникшей в ходе профессиональной или учебной деятельности проблемы в свете возможности ее решения с помощью современных информационных технологий и средств обработки информации. По мнению автора, ближе всего к такому стилю мышления находится так называемое «Вычислительное мышление» (Computational thinking).

Массовое использование этого термина началось с работы J.Wing [2], опубликованной в 2006 г. В настоящее время он широко распространен в англоязычной литературе, посвященной проблемам психологии и педагогики, и все чаще используется в публикациях на русском языке (его популяризации, в частности, заметно поспособствовала статья автора [3]). Для примера: сопоставительный анализ изучения информатики в школах 15 стран показал [4], что формирование вычислительного мышления и тесно связанный с ним механизм решения проблем занимают место в первой тройке целей изучения информатики из трех десятков, используемых в этих странах; в этом смысле информатика не является исключением, поскольку вычислительное мышление воспринимается в зарубежной педагогической литературе как важный межпредметный и личностный результат обучения, общего и профессионального. Уместно отметить в этой связи, что задача формирования вычислительного мышления обозначена и в государственном общеобязательном стандарте образования республики Казахстан (в разделе, посвященном информатике) [5].

С момента начала широкого использования термина «Computational thinking» его значение в основном устоялось. Важно отметить, что вычислительное мышление воспринимается не как достояние компьютерных программ (и даже систем искусственного интеллекта), а как нечто, присущее людям. «Вычислительное мышление является способом решения проблем людьми, а не попыткой уподобить человеческое мышление компьютерам. Компьютеры – скучные и нудные, а люди умны и обладают воображением. Мы, люди, делаем компьютеры эффективными. Оснащенные вычислительными устройствами, мы используем наш ум, чтобы решать проблемы, которые мы не могли решать до компьютерной эры и создавать системы, обладающие функциональностью, ограниченной только нашим воображением» [2].

Та же мысль отчетливо выражена во многих публикациях и документах, например, в рекомендациях рабочей группы по изучению информатики в школах Великобритании [6]: «Вычислительное мышление – это процесс распознавания аспектов вычислений в окружающем нас мире и применение инструментов и методов вычислений для понимания и обоснования как естественных, так и искусственных систем и процессов. Вычислительное мышление – это то, что делают люди (а не компьютеры); оно включает в себя способность мыслить логически, алгоритмически и (на более высоких уровнях) рекурсивно и абстрактно.

Основной проблемой в вычислительном мышлении является масштаб и сложность систем, которые мы изучаем или создаем. Основной метод, используемый для управления этой сложностью, – это

абстракция. Процесс абстракции принимает множество конкретных форм, таких как моделирование, декомпозиция и обобщение».

Анализ ряда публикаций, в которых обсуждается вычислительное мышление, позволяет выделить наиболее часто упоминаемые его составляющие и сопутствующие ему методы (приемы). Это *декомпозиция*, *обобщение*, *алгоритмическое мышление*, *абстрагирование*, *компьютерное моделирование*, *сопоставление с образцом* и *распознание закономерностей (паттернов)*. Некоторые авторы расширяют этот перечень, добавляя к нему такие составляющие как *научное мышление*, *эвристика*, *логическое мышление*, *понимание людей*, *креативность*. Иногда (достаточно редко) к этому списку добавляется программирование. Важно подчеркнуть, что развитое вычислительное мышление подразумевает использование при решении конкретной проблемы не одного приема из числа перечисленных выше, а некоторой их совокупности.

Из сказанного напрашивается вывод, что вычислительное мышление – это, скорее, зонтичный термин, нежели принципиально новая сущность. Тем не менее, новизна во всем этом есть, и она заключается в требовании к обладателю вычислительного мышления владеть знаниями и навыками, связанными со всеми перечисленными выше составляющими (или, хотя-бы, большей частью из них) и быть нацеленным на использовании информационных компьютерных технологий для решения самых разнообразных проблем.

Еще одно важнейшее обстоятельство, связанное с вычислительным мышлением, состоит в том, что в своих образовательных применениях оно неразрывно связано с тем, что в англоязычной литературе называют problem solving – «решение проблем», причем это решение реализуется в рамках вполне конкретной методологии. Указанная связь была обозначена в первой публикации J.Wing и подчеркивается практически во всех последующих работах, посвященных рассматриваемой проблеме. Она четко выражена в операционном определении вычислительного мышления, сформулированного Международным обществом технологий в образовании (ISTE) и Ассоциацией учителей информатики США (CSTA) [7]:

«Вычислительное мышление – процесс решения проблем, включающий следующие характеристики (но не ограничивающийся ими):

- Формулирование проблем таким образом, чтобы позволить использовать компьютер и другие инструменты для их решения.
- Логическую организацию и анализ данных.
- Представление данных через абстракции, такие как модели и имитации.
- Автоматизацию решения посредством алгоритмического мышления (серии упорядоченных шагов).
- Выявление, анализ и реализацию возможных решений с целью достижения наиболее эффективного и эффектного сочетания шагов и ресурсов.
- Обобщение и перенос процесса решения данной проблемы на процесс решения широкого круга задач».

Из анализа многочисленных публикаций, посвященных вычислительному мышлению, можно сделать вывод, что это качество есть нечто гораздо большее, чем совокупность навыков, сколь бы важными они ни были. Вычислительное мышление – это стиль мышления людей в цифровую эру, который может быть полезен (а для многих и необходим) в мире информационных технологий и массового привлечения компьютеров к решению проблем. Для формирования вычислительного мышления необходимо прилагать специальные усилия, и плодотворными они будут только в высокоразвитой информационно-образовательной среде, созданной в процессе информатизации образования.

Вычислительное мышление не возникает само по себе – его надо целенаправленно формировать. Большое количество примеров, направленных на развитие вычислительного мышления, содержится в коллекции учебных материалов Google for Education [8]. В пояснительной записке к этой коллекции говорится, что она адресована организациям, работающим над поддержкой преподавания и обучения вычислительному мышлению во всем мире. Ресурсы, включая коллекцию планов уроков, видео и другие, были созданы чтобы обеспечить лучшее понимание вычислительного мышления для преподавателей и администраторов, а также для поддержки тех, кто хочет интегрировать его в содержание своего предмета, учебную практику и обучение. Все материалы опубликованы под лицензией Creative Commons Attribution 4.0 International License, позволяющей копировать, распространять, создавать производные и новые материалы, опираясь на приведенные в коллекции.

Приведем пример относительно простого урока из этой коллекции (на сайте приведены примеры и планы реализации гораздо более сложных уроков). Урок “Water Water Everywhere” адресован учащимся 11-14 лет для урока математики и информатики. Согласно заданию, учащиеся должны найти способ отмерить 5 мл воды располагая емкостями 4 мл и 7 мл. Для этого они используют ***декомпозицию***,

чтобы разбить проблему на более мелкие проблемы, затем ***разрабатывают алгоритм*** для ее решения, и выполняют ***моделирование***, чтобы проверить алгоритм на предмет оптимальности и эффективности.

Отметим, что в этом упражнении легко усматривается вариация на тему хорошо известной задачи о взвешиваниях. Новация, связанная с вычислительным мышлением, состоит в том, чтобы учащиеся осознали использованные приемы как частные случаи универсальных приемов.

Подчеркнем, что развитие вычислительного мышления не увязывается с конкретными учебными предметами. Наибольшее количество примеров того, как формируется вычислительное мышление, в зарубежных публикациях связано с изучением дисциплин группы STEM (естественные науки, технология, математика и информатика), однако подчеркивается, что соответствующие навыки могут формироваться и при изучении социально-экономических и гуманитарных дисциплин. Поскольку подобные примеры в литературе встречаются гораздо реже, рассмотрим один из них, приведенный в работе [8]. В нем описывается развитие вычислительного мышления в процессе изучения истории и географии некоторого небольшого региона США, начиная с появления там первых европейских поселенцев. Сопоставляя карты и документы тех лет с современными, учащиеся отыскивают закономерности в расположениях поселений; при этом у них формируются такие элементы вычислительного мышления как:

- Определение данных: что включено? Что исключается?
- Распознавание образов и обобщение: что я вижу? Применимо ли это в другом месте?
- Абстракция: можно ли удалить детали, чтобы было легче увидеть шаблоны или связи?
- Разработка правил: всегда ли применим шаблон? Может ли он предсказать, что произойдет в новой ситуации?
- Автоматизация: могут ли технологии помочь определить или подтвердить закономерность?
- Декомпозиция: можно ли я разбить этот вопрос или набор данных на более мелкие части?
- Анализ выбросов: какие части данных не соответствуют шаблону? Что они могут сказать нам?

В заключение еще раз отметим двунаправленную связь между вычислительным мышлением – ментальным качеством, которое подлежит развитию в процессе образования – и тем аспектом информатизации образования, который направлен на интеллектуализацию деятельности учащихся на основе реализации дидактических возможностей современных информационных и коммуникационных технологий. Указанная интеллектуализация деятельности требует наличия адекватного стиля мышления и специальных навыков, совокупность которых сведена в понятие «вычислительное мышление». С другой стороны, развитие вычислительного мышления в полной мере опирается на ресурсную базу информатизации образования – материальную, методологическую и технологическую. Не случайно, что цель развития вычислительного мышления не возникла (а возникнув, не смогла бы быть в полной мере выполнима) в период времени, предшествующий современному этапу информатизации образования.

Список использованной литературы:

1. *Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информатизация образования. Фундаментальные основы. // Учебник для студентов педагогических вузов и слушателей системы повышения квалификации педагогов. Томск. Изд-во «ТМЛ-Пресс». 2008. – 286 с.*
2. *Wing J. Computational Thinking // Communications of the ACM, 2006. March 2006. Vol. 49. no. 3. P. 33 –35.*
3. *Хеннер Е.К. Вычислительное мышление // Образование и наука. – 2016. – № 2. – С. 16-33. URL: https://www.edscience.ru/jour/article/view/572*
4. *A Global Snapshot of Computer Science Education in K-12 Schools / P. Hubwieser [et al.] // Conference Proceedings of the 2015 ITiCSE Working Group Reports (ITICSE-WGR '15). DOI: 10.1145/2858796.2858799. URL: https://www.researchgate.net/publication/292722310*
5. *О внесении изменений и дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования». Постановление Правительства республики Казахстан от 13 мая 2016 г.*
6. *Computing. A curriculum for schools // Computing at school working group. – 2012. URL: https://www.computingatschool.org.uk/data/uploads/ComputingCurric.pdf*
7. *Operational Definition of Computational Thinking for K – 12 Education. CSTA/ISTE. URL: https://id.iste.org/docs/ct-documents/computational-thinking-operational-definition-flyer.pdf*
8. *Google for Education. Exploring Computation Thinking. URL: https://edu.google.com/resources/programs/exploring-computational-thinking/index.html#!home*
9. *Thomas C. Hammond, Julia Oltman, and Shannon Salter. Using Computational Thinking to Explore the Past, Present, and Future // Social Education 83(2), pp. 118–122. URL: https://www.socialstudies.org/publications/socialeducation/march-april2019/using-computational-thinking-to-explore-past-present-and-future*

МРНТИ 20.23.25, 16.31.21, 28.23.39
УДК 004.82; 004.912; 81.322.2
DOI: https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.43

А.Ә. Шәріпбай[1], Б.Ш. Разахова[1], А.С. Муканова[1], Л. Жеткенбай[1]

[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ТЕЗАУРУСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Аңдатпа

Бұл жұмыста қазақ тілі грамматикасы бойынша тезаурусқа қойылатын талаптар қарастырылады. Дескрипторлар сияқты элементтер, сонымен қатар, аскрипторлар немесе дескрипторлар емес деп аталатын тезаурусқа қосылған синонимдік қатардың терминдері қарастырылады және олар лайықты дескрипторларды табуға көмектесетін қосымша элементтер (мәтіндік кірістер) ретінде пайдаланылады. Дескрипторларға қойылатын талаптар келтірілген. Егер дескриптор сөз тіркесі арқылы құралса және онда тірек сөзі ретінде зат есім қолданылса, онда келесі шарттардың бірі орындалуы тиіс. Және оған мысалдар берілген. Бірмәнді және анық дескрипторды таңдау мүмкін емес жағдайлар болады, мұнда дескриптор ретінде таңдалған термин релятор мен пікірлермен қамтылады. Дескрипторлар арасында ассоциативті катынасты орнатудың негізгі мақсаттары, қатынастың қандай типтері ассоциативті семантикалық катынасқа жататыны сипатталған және әрбір қатынас типіне анықтама берілген.

Түйін сөздер: Тезаурус, лексикалық бірлік, ассоциативті қатынастар, семантикалық қатынастар, компьютерлік лингвистика.

Аннотация

А.Ә. Шәріпбай[1], Б.Ш. Разахова[1], А.С. Муканова[1], Л. Жеткенбай[1]

[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

ТРЕБОВАНИЯ К ТЕЗАУРУСУ ГРАММАТИКИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ

В данной работе рассматривается требования к тезаурусам по грамматике тюркиязычных языков на примере казахского языка. Рассматриваются такие элементы, как дескрипторы, а также термины из синонимического ряда, который включен в тезаурус, называются аскрипторами или недескрипторами и используются как вспомогательные элементы (текстовые входы), помогающие найти подходящие дескрипторы. Также приведены требования к дескрипторам. Если дескриптор образован словосочетанием и в нем опорным словом будет существительное, то должно выполняться одно из следующих условий. И к ним приведены примеры. Бывает случаи, когда не удается подобрать однозначный и ясный дескриптор, то термин, который взят в качестве дескриптора, снабжается релятором или комментарием. Описаны основные цели установления ассоциативных отношений между дескрипторами, какие типы отношении относятся к ассоциативным семантическим отношениям и даны определения к каждым типам отношений.

Ключевые слова: Тезаурус, лексическая единица, ассоциативные отношения, семантические отношения, компьютерная лингвистика.

Abstract

THESAURUS REQUIREMENTS GRAMMARS OF TURKIC LANGUAGES

Sharipbay A.[1], Razakhova B.[1], Mukanova A.[1], Zhetkenbay L.[1]

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

This paper describes the requirements for thesaurus grammar of Kazakh language. Elements such as descriptors are considered, as well as terms from the synonymic series that is included in the thesaurus, called ascriptors or non-descriptors, and are used as auxiliary elements (text inputs) to help find suitable descriptors. The requirements for descriptors are also given. If the descriptor is formed by a phrase and the reference word is a noun, then one of the following conditions must be met. And examples are given for them. There are cases when it is not possible to find an unambiguous and clear descriptor, then the term that is taken as a descriptor is provided with a relator or comment. The semantic relationship between descriptors is described in detail. The main goals of establishing associative relations between descriptors are described. Definitions are given for each type of relationship.

Keywords: Thesaurus, lexical unit, associative relations, semantic relations, computational linguistics.

1. Кіріспе

Ақпараттық кеңістіктің жаһандануына және әлеуметтік желілердің кеңінен таралуына, сондай-ақ, қоғамның интеллектуалды қызметін цифрландыруды жүргізуге байланысты үлкен көлемді табиғи тілдердегі мәтіндік ақпараттық көздерді пәндік аймақтың тезаурустарын қолдана отырып өңдеу қажеттілігі күрт өсті.

Тезаурус – бұл сөздер мен сөз тіркестері мағыналарының жақындығына байланысты түсінік, концепт немесе дескрипторлар деп аталатын бірліктерге топтастырылған сөздік және осы түсініктер

(концептер, дескрипторлар) арасындағы семантикалық қатынастар айқын (қатынастар, иерархия түрінде) көрсетіледі [1].

Қазіргі кезде тезаурустарды көрсетудің форматын реттейтін бірқатар стандарттар бар, мысалы ISO 2788 Құжаттама. Біртілді тезаурустарды құру және дамыту бойынша нұсқаулық ISO 5964 Құжаттама – Көптілді тезаурустарды құру және дамыту бойынша нұсқаулық, ГОСТ 7.25-2001 «Біртілді ақпараттық-іздеу тезаурус. Құрастыру ережесі, құрылымы, құрамы және көрсетілу түрі» және ГОСТ 7.24-2007. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Көптілді ақпараттық-іздеу тезаурусы. Құрамы, құрылымы және құрастырылуындағы негізгі талаптар), ANSI/ NISO Z39.19-2005 Құрастыру, формат және біртілді бақыланатын сөздіктермен басқару бойынша нұсқаулық [2-6].

Информатикада тезаурус қолданылуының басты қажеттілігі – бұл ақпараттық іздеу.

Компьютерлік лингвистика және мәтіндерді автоматты өңдеу саласындағы аса танымал лексикалық ресурстардың бірі WordNet компьютерлік тезаурусы болып табылады [1].

Кез-келген пәндік аймақта негізгі ақпараттық бірлік синонимдер деп саналатын терминнің бірнеше нұсқасымен берілетін түсінік болып табылады. Осындай синонимдердің арасынан бір термин таңдалып алындаы, ол тезаурус шеңберіндегі түсінікке сілтеменің негізгі тәсілі ретінде қарастырылады да *дескриптор* деп аталады. Синонимдік қатардағы тезаурусқа қосылған басқа терминдер *аскрипторлар* немесе *дескрипторлар емес* деп аталады және сәйкес дескрипторды табудағы қосымша элементтер (мәтіндік кірістер) ретінде қолданылады.

Тезаурустар түсіндірме сөздіктерге ұқсас, бірақ олардың өзара айырмашылықтары бар. Егер түсіндірме сөздіктер берілген терминмен көрсетілген (осы терминнің мағынасын ашу) түсінікті іздеуге қызмет етсе, тезаурустар берілген түсініктің көрсетілуіне сәйкес келетін терминді іздеуге мүмкіндік береді, яғни, түсіндірме сөздікте термин бойынша оның мағынасы ізделеді, ал тезауруста берілген мағына бойынша сол мағынаны білдіретін термин табылады. Сондықтан тезаурустың түсіндірме сөздікке қарағанда терминнің мағынасын тек оның анықтамасының көмегімен емес, сонымен қатар оны басқа терминдермен немесе оның топтарымен олардың арасында семантикалық қатынастар орнату негізінде салыстыруға мүмкіндік береді. Демек, тезаурус негізгі ұғымдардан тұратын терминдер жинағы мен олардың арасындағы берілген семантикалық қатынастар жиынтығымен бірлестіктері болып табылады. Тезауруста *терминдер анықтамасының* болуы оны тек қолмен немесе автоматтандырылған индекстеуге арналған құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар пәндік аймақ туралы білімнің жүйеленген көзі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақ тілі грамматикасынан [7] белгілі негізгі ұғымдарды пайдаланып тезаурус құру үшін қойылатын талаптар мен қатынастарға тоқталайық.

2. Дескрипторларға қойылатын талап

Көпмағыналы табиға тілдің сөзіне бірнеше дескриптор, ал бірнеше *синонимдік* сөздер мен сөйлемшелерге – бір дескриптор сәйкес келеді. Дескрипторлар келесі іздеулер үшін құжаттар мен ақпараттық сұраныстарды координатты индекстеу үшін қолданылады.

Тезаурустағы барлық дескрипторлар келесі шарттарды қанағаттандыруы керек:

1) Бірмәнділік – дескриптордың мағынасы бірмәнді болуы керек;

2) Түсініктілік – дескриптордың мағынасы тезаурустың пәндік аймағы шеңберінде қолданушыға түсінікті болуы керек;

3) Толықтық – дескрипторлар тезаурустың барлық түсініктері мен олардың пәндік аймақтағы байланысын көрсету керек;

4) Эквиваленттілік – мағынасы бойынша жақын, бірақ әр түрлі түсінікті білдіретін дескрипторлар эквиваленттілік класстарына біріктіріліп, олардың индекстелуінің субъективтілігін азайту үшін және көпмағыналылықты жою үшін бір дескрипторға келтірілу керек.

Егер дескриптор сөз тіркесінен жасалған болса және ондағы тірек сөз зат есім болса, онда келесі шарттардың бірі орындалуы қажет:

1) Дескриптордың мағынасы оның компоненттерінің мағынасынан алынбайды. Мысалы: *сөйлем мүшелері;*

2) Дескрипторда компоненттерінің кем дегенде біреуі басқа тіркестер құрамында қолданылмайды немесе үнемі басқа мағынада қолданылады. Мысалы: *зат есім;*

3) Дескриптордың толық синонимі болуы мүмкін. Мысалы: *натрий хлориді= ас тұзы*;

Дескриптор жалқы есімі бар тұрақты сөз тіркесі болып табылады. Мысалы: *Ципфа заңы* (Мәтіннің барлық сөздерін қолданылу жиілігіне байланысты кему ретімен орналыстырса, онда *n*-ші сөздің жиілігі мұндай тізімде оның реттік нөміріне *n* кері пропорционал болып қалады).

4) Дескрипторда жеке сөздердің мағынасы өте кең болады. Мысалы: *машина* сөзі сөз тіркестерінде: *тігін машинасы, мемлекеттік машина*;

5) Дескриптордың сөз тіркесі компоненттерінің алғашқы әріптерінен құралған көпшілік мақұлдаған аббревиатурасы болады: *Біріккен ұлттар ұйымы – БҰҰ;*

6) Дескрипторды жеке компоненттерге бөлу іздеу үшін маңызды болатын семантикалық байланыстардың жоғалуына әкеліп соқтырады. Мысалы: операциялық жүйе сөз тіркесін бөлу «Unix», «Windows», «Android», «iOS» сияқты тілдік өрнектермен байланыс орнатуға мүмкіндік бермейді

7) Дескриптор кәсіби ұғымдардан құралуы мүмкін. Мысалы: *ықтималды логика, компьютерлік лингвистика;*

8) Дескриптор жалған корреляциялауды болғызбайды. Мысалы: *қоғам туралы ғылым – қоғамтану* терминін бөлу *қоғамдық ғылым* бойынша құжаттардың табылуына әкеп соқтырады;

9) Екі терминнен құралған дескрипторда комбинациялау нәтижесінде біреуінің мағынасы өзгеруі мүмкін. Мысалы: *ұшу алаңы* терминін *ұш алаң* терминдер комбинациясы ретінде қарастыруға болмайды, себебі *ұш* терминіне тән емес пайдалануға әкеледі;

10) Дескриптор қандайда бір толықтықты немесе спецификалық объектіні білдіреді. Мысалы: *сан есім, сөз таптары*;

11) Дескриптордың сөз тіркесі деңгейінде бір немесе бірнеше синонимдері бар немесе сөз тіркесін құрайтын жеке сөздер деңгейінде емес тек сөз тіркесі деңгейінде синонимдері ғана болады. Мысалы: *жартылай өткізгішті триодтар – транзисторлар*;

12) Дескриптор тек жекеше немесе көпше түрде ғана қолданылады. Мысалы: *қазақ тілі, түркі тілдері*;

13) Сөз тіркесінің кейбір элементтерінің осы сөз тіркесінен басқа жерде пайдалануының ықтималдылығы аз. Мысалы: *есін жинады*;

14) Дескрипторда сөз тіркесінің бір элементі басқа элементтің омонимдігін жою мүмкін. Мысалы: *автоматтар: телефон автоматтары, сату автоматтары;*

15) Дескриптор ақпараттық шуды азайтудың бірден бір әдісі болып табылады, яғни, сұранысқа сәйкес келмейтін құжаттарды беруге болады. Мысалы: *«тізбектелген кодты параллелді кодқа түрлендіргіштер» және «параллелді кодты тізбектелген кодқа түрлендіргіштер»* сөз тіркестерінің терминдерін құраушы элементтерге бөліп қарастырсақ, онда *рөлдер* көрсеткіштерінсіз және осы термин элементтері арасындағы байланыстарсыз оларды ажырату мүмкін емес.

Айтылған шарттарды қанағаттандырмайтын сөз тіркестері компоненттерге бөлінеді.

3. Реляторларды қолдану

Бірмәнді және айқын дескриптор дәл табылмайтын жағдайлар да кездеседі, бұл кезде дескриптор ретінде алынған термин релятормен немесе түсініктемемен бірге беріледі. Релятор ақпараттық іздеу тілінің тәуелсіз лексикалық бірлігі болып табылмайды және ол екі орны да бастауыш позициясында бола алатын екі орындық қатынас болып табылады. Мысалдар: *Есімдік пен үстеу – сөз табы*.

Реляторлар етістіктер мен есімдер кластарындағы сөздердің үлкен тобын құрайды.

Етістіктер арасында келесі қатынастардың көрсеткіштері беріледі:

1) Меңгеру, иелену, бар болу қатынастары: ие болу, меңгеру, иелену, болу, бар болу. Мысалы: кез-келген тілдің әліпбиі *болуы* керек; Лингвист грамматикалық ережелерді меңгеруі қажет; Дауысты дыбыстар әр түрлі дыбысталуға *ие болуы* керек; Сөйлемнің соңында нүкте *болуы* керек; Әрбір сөз түбірге *ие*.

2) Бөлшек пен бүтіннің байланысы: *кіру, құрау* (ненің қандай бөлшегі), *сәйкес келу* (ненің неге), *қосу* (өзіне, құрамына) және басқалар, сондай-ақ *бірі* элективті компоненті. Мысалы: *(а)* дыбысы дауысты дыбыстылар құрамына *кіру* керек; *Лексемалар* сөздердің бір бөлшегін *құрайды;* [*а*] дыбысын білдіретін әріпке мәтіннің 20% *сәйкес келеді;* Аффикстер өз құрамына жұрнақтар мен жалғауларды *қосу* керек; Қазақ тілі – түрік тілдерінің *бірі;* Түрік тілдерінің қасиеттерінің *бірі* агглютинативтілік болып табылады.

3) Кеңістіктік қатынастар, оның ішінде:

– *Статикалық:* болу, орнығу, сыйғызу, орналасу, көршілес болу, қысылу, қалу, мекендеу, жетектеу. Бұл реляторларда локативті модуль міндетті. Мысалдар: Түрік тілдерінде түбір сөздің басында *болады.* Жұрнақ түбірден кейін орнығады; Жұрнақ түбір мен жалғаудың арасында *орналасады.*

Мәтінде реляторлар қызметін өздері релятор болып табылмайтын *тұру, жату, ілініп тұру* типтес етістіктер атқаруы мүмкін. Мысалы: Нүктелер сөздің соңында *тұруы* мүмкін; Морфология негізінде морфема *жатыр.*

– *Метрикалық: созылу, көсілу*. Мысалы: [*r*] дыбысының дыбысталуы [*t*] дыбысынан көбірек *созылады;* Мәтін беттің соңына дейін көсіледі.

4) *Уақыттық қатынастар***,** оның ішінде:

– *Реттік***:** *бірдей* (немен), алдында болу (ненің), *еру* (немен), *түсу* (неге), *жатады* (неге). Мысалы: Омонимдердің жазылуы *бірдей;* Сөзде жұрнақ жалғаудың алдында *болу керек;* Түбірден кейін аффикстер *еру* керек; Морфологияда ережелердің көп бөлігі етістіктерге *түседі*. Сөздердің септелмейтін жағдайларына үстеу *жатады.*

– *Метрикалық***:** *созылу, жалғасу, ұзағынан болу* және т.б. Мысалы: [*t*] дыбысының дыбысталуы 1 секундтан артық *созылмайды*; [*m*] дыбысының дыбысталуы бірнеше секундқа жалғасуы мүмкін.

5) Алдын-ала келісу қатынастары, оның ішінде:

– Туындау (жағдайдың): *туындау, әкеп соғу* (неге), *мәжбүр ету,* және т.б. Мысалдар: Бірмәнділіктің болмауы релатордың дұрыс анықталмағандығынан *туындаған;* Терминдердің қате классификациялануы шешілмейтін мәселеге *әкеп соғуы* мүмкін; Іздеудің дұрыс болуының шарты тезауруста семантикалық қатынастардың толықтығы мен қарама-қайшылықтың болмауын қамтамасыз етуге *мәжбүрлейді*.

– *Тәуелділік: тәуелді болу, ықпал ету, шарттау, алдын ала анықтау, анықтау.* Мысалы: Тезаурустың дұрыстығы ондағы семантикалық қатынастардың толықтығына *тәуелді*. Тезаурустың құрылымы оның толықтығын қамтамасыз етуге *ықпал етеді*; Қатынастардың аксиомасы олардың жүзеге асырылуын *шарттандырады; Терминдердің дұрыс классификациялануы* тезаурустың дұрыстығын *алдын ала анықтайды*; Сұраныс формасын тезаурустың құрылымы *анықтайды*.

– *Логикалық шығыс: куәлік ету, білдіру, көрсету және т.б.* Мысалдар: Тезаурусты сынау оның дұрыстығына *куәлік етеді;* Тезаурустың бірмәнділігі бір сұраныс бойынша бірден артық жауап алудың мүмкін еместігін *білдіреді*; Тезауруста синонимдердің, омонимдердің, гипонимердің және гиперонимдердің болуы оның толықтығын *көрсетеді.*

6) *Тұлғааралық (жақын, туыстық) қатынастар: тура келу, болып келу (кімге кім):* Мысалы: Қазақ тілі басқа түрік тілдеріне қарағанда қарақалпақ тіліне жақынырақ *болып келеді.*

Релятор мәні функционалды емес құралдармен берілуі мүмкін. Тезаурустың жасалуы түрік тілдерінің дамуына *әкелді* →Тезаурустың жасалуы – түрік тілдерінің дамуының себебі → Тезаурустың жасалуынан – түрік тілдері дамыды → Тезаурус жасалғандықтан түрік тілдері дами бастады → Тезаурустың жасалуы – бұл түрік тілдерінің дамуы.

4. Дескрипторлар арасындағы семантикалық қатынастар

Дескрипторлар арасындағы қатынастарды шартты түрде 3 түрге бөлуге болады: *«жақындық қатынастары», «иерархиялық қатынастар»* және *«ассиоциативті қатынастар».* Бұл қатынастар кейбір формалды қасиеттерге ие болуы мүмкін (*рефлексивті, антирефлексивті, симметриялылық, асимметриялылық, антисимметриялылық және транзитивтік*), олардың мағыналары кейін тезаурустың анықтамасын және терминдер арасындағы қатынастарды жасаған кезде қарастырылады.

Жақындық қатынастарына келесі қатынастар типі жатады:

1) *Антонимия* – дыбысталуы және жазылуы бойынша әртүрлі, бір біріне тура қарама-қарсы мағынаны білдіретін бір сөз табы дескрипторларының семантикалық қатынастарының (антонимдердің) типі. Мысалы, ақиқат – өтірік, мейірімді – зұлым;

2) *Омонимия* – дыбысталуы және жазылуы бойынша бірдей, бірақ мағынасы әртүрлі дескрипторлардың семантикалық қатынастарының (омонимдердің) типі. Мысалы, *эфир* – органикалық зат мағынасында, *эфир* – радио немесе теледидар мағынасында.

3) *Паронимия* – дыбысталуы және жазылуы ұқсас, бірақ мағынасы (мәні) әртүрлі дескрипторлардың семантикалық қатынастарының (антонимдердің, паронимдердің) типі. Мысалы, *адресат – адресант.*

4) *Синонимия* – дыбысталуы және жазылуы бойынша әртүрлі, бірақ мағыналары бірдей немесе өте жақын бір сөз табы дескрипторларының семантикалық қатынастарының (антонимдердің) типі. Мысалы, *батыл – ержүрек.*

5) *Лексикалық полисемия* – тілдің лексикалық бірлігінің екі немесе одан көп тарихи шартталған немесе мағынасы мен шығуы бойынша өзара байланысқан мағынасының болуы. Мысалы, бидай өрісі, энергетикалық өріс, алгебралық өріс, қызмет өрісі, шайқас өрісі. Өріс сөзінің мағынасын контекст бойынша оңай анықтап алуға болады.

6) *Грамматикалық полисемия – сөзді* (әдетте етістік) бірнеше мағынада қолдануға болады. Мысалы, «Есікке қоңырау шалды» сөйлемінде етістік анықталмаған-жеке мағынада қолданылған,

себебі, бұл әрекетті нақты кім жасағаны көрсетілмеген. «Біз туған күн иесіне қоңырау шалдық» сөйлемінде етістік жеке дара мағынанада қолданылған, себебі кім қоңырау шалғаны белгілі.

Эквиваленттілік қатынасы *рефлексивті, транзитивті* және *антисимметрилылық* қасиеттерге ие.

*Иерар*хиялық қатынастарға келесі қатынастардың типтері жатады: «*түр-көрініс»* (*«жоғары-төмен»*) және *«бөлшек-бүтін»*.

«түр-көрініс» типіндегі қатынас келесі 2 типті қатынасқа ие:

1) Гипероним – кең мағыналы дескрипторлардың семантикалық қатынастарының типі, олар объектілердің кейбір ішкі мағынасына қатысты осы объектілердің (заттардың, қасиеттердің, сипаттарының) жалпы түр мағынасын (класс, жиын атауы) білдіреді, яғни, гипероним жалпылаудың логикалық операциясының нәтижесі (жалпыламалық кванторы) болып табылады және заттар (қасиеттер, сипаттар) класының атауы ретінде беріледі және класс элементіне қарағанда әлдеқайда кең мағынаға ие болады. Гиперонимия рефлексті емес, симметриялы емес және транзитивті қатынас болып табылады. Мысалы, «жануар» термині «ит» терминіне қатысты гипероним болып табылады, ал «ит» термині өз кезегінде «*овчарка*» терминіне қатысты гипероним болып табылады.

2) *Гипонимия* – басқа әлдеқайда жалпы ұғымдарға қатысты жеке мәнді білдіретін дескрипторлардың (гипонимдардың) семантикалық қатынастарының типі, яғни гипоним шектеу логикалық операциясының нәтижесі болып табылады, класс элементі ретінде беріледі және классқа қарағанда тар мағынаға ие, сонымен қатар гиперонимнің барлық қасиетін еншілеген. Гипонимия рефлексивті емес, симметриялы емес және транзитивті қатынас болып табылады. Мысалы, «овчарка» мәні «ит» ұғымына қатысты гипоним, ал «ит» – «жануар» ұғымына қатысты гипоним болып табылады.

«*бөлшек-бүтін*» қатынасы келесі 2 типті қатынасқа ие:

1) *Меронимия* (*партонимия*) – бір ұғым басқа ұғымдардың құраушы бөлігі болып табылатын зат есімдер үшін ғана анықталған дескрипторлардың (меронимдердің) семантикалық қатынасының типі, яғни, бұл қатынастың ішінде «элементі болу» және «жасалынған болған» қатынастары көрінеді. Мысалы, автомобиль ұғымының меронимдері қорап, капот, қозғағыш, дөңгелек ұғымдары болып табылады. Меронимияны таксономиядан – «ұқсастыққа» негізделген классификациялаудан айыра білу қажет.

2) *Холоним* – бір ұғымдар басқа ұғымға (ұғымдарға) қарағанда бүтін болып табылатындығын (яғни, басқа ұғымдар біріншісінің құраушы бөлшегі ретінде көрсетілетін) білдіретін зат есімдер үшін ғана анықталған дескрипторлардың (холонимдардың) семантикалық қатынасының типі. Мысалы, автомобиль ұғымы қорап, капот, қозғағыш, дөңгелек ұғымдарына қатысты холоним болып табылады.

Меронимия мен холонимия семантикалық қатынастар сияқты бір біріне өзара кері болып келеді. Тезаурустағы немесе онтологиядағы жазбада меронимдер (партонимдер) әдетте «Part-Of» немесе «APO» (A-Part-Of), ал холонимдер – «HAS-A» қатынастарымен белгіленеді.

Ұсыныс:

– «*бөлшек-бүтін*» қатынасы тек бір ұғым басқа ұғымға контекстке тәуелсіз түрде кірістірілген жағдайда ғана орнатылуы керек, сол кезде дескрипторлар иерархиясы жасалынуы мүмкін. Мысалы, «*Морфология*», «*Синтаксис*» және «*Семантика*» ұғымдары контекстке тәуелсіз «*Грамматика*» ұғымына кірістірілген болса, ал ол өз кезегінде *«Лингвистика»* ұғымына кірістірілген болса, онда былай жазуға болады:

(*Лингвистика* (*Грамматика* (*Морфология*) (*Синтаксис*) (*Семантика*))).

– *«бөлшек-бүтін»* қатынасының 3 түрлі түсіндірмесі болуы мүмкін:

1) ***A – B***-ның бөлшегі болып табылады деген ***A*** кейде ***B***-ның бөлшегі бола алады, егер қандай-да бір кезде ***A***-ның әрбір мысалы ***B***-ның бөлшегі болғанда дегенді білдіреді;

2) ***A – B***-ның бөлшегі болып табылады деген ***A*** кейде ***B***-ның бөлшегі бола алады, егер уақытқа тәуелсіз ***A*** класы ***B*** класының бөлшегі болады, егер ***B***-ның ішкі класы болып табылатын ***C***-класы болса және ***A***-ның барлық мысалдары ***C***-ның бөлшегі болады, сондай-ақ ***C***-ның барлық мысалдарында ***A***-ның мысалдары бөлшек ретінде болады дегенді білдіреді.

3) ***A – B***-ның бөлшегі болып табылады деген ***A*** сөздігі ***B*** сөздігіне қосылған дегенді білдіреді, мысалы, сөз тіркестері синтаксисінің онтологиясы сөйлемдер синтаксисінің онтологиясына қосылған.

Лексикалық бірліктер арасында иерархиялық қатынастарды орнатар кезде келесі ұсынымдар беріледі:

– Әрбір жоғарыда тұрған дескриптор төменде тұрған дескриптор жататын базистік семантикалық типке қарасты болуы керек, мысалы, екі дескриптор да (төмендегі және жоғарыдағы) затты, әрекетті, қасиетті және т.с.с. білдіруі мүмкін. Мысалы, *информатика (пән)* және *компьютер (құрылғы)* дескрипторлары әртүрлі типті ұғымдарға жатады, сондықтан олар иерархиялық қатынастар арқылы

байланысуы мүмкін емес. *Компьютер* және *процессор* дескрипторлары «құрылғы» деген бір типті ұғымға жататындықтан олар иерархиялық түрде байланысуы мүмкін.

– Иерархияның көп деңгейін болдырмау үшін берілген пәндік аймақ үшін өте нақты дескрипторларды алып тастау қажет.

– Иерархиялық қатынастар тек контексттен тәуелсіз шынайы болған жағдайда орнатылу керек.

– Түркөріністік қатынастарды сипаттаған кезде «барлығы-кейбірі» тестін қолдану керек. Мысалы, барлық адамдарда ақыл бар, бірақ кейбір адамдар табысты.

Егер дескрипторлар иерархиялық қаисиетке ие болса, олардың арасындағы байланыстарды иерархиялық түрдегі қатынас ретінде көрсеткен жөн.

Ассоциативті қатынастар

Дескрипторлар арасында ассоциативті қатынастарды орнатудағы негізгі мақсат индекстеу немесе іздеу кезінде қажет болатын қосымша дескрипторларды көрсету болып табылады. Екі дескритпор арасында ассоциативті қатынас орнатуға болады, егер бір терминді қолданған кезде келесі термин тұспалданатындай болса. Бір термин басқа терминді анықтауда қажетті элемент болуы мүмкін, мысалы, морфема термині сөз терминінің анықтамасының қажетті бөлігін құрайды.

Ассоциативті семантикалық қатынастарға келесі қатынастардың типтері жатады: *себеп-салдар, шикізат-өнім, үрдіс-объект, қасиет-қасиетті иеленуші* және т.б.

Себеп-салдар – бір дескриптордың әрекеті – *себеп* басқа дескрипторды – *салдарды* туындататындай фактты орнататын дескрипторлардың (оқиғалардың, үрдістердің) семантикалық қатынасының типі. Бұл ретте бір себеп әртүрлі жағдайда бірдей емес салдар туындатуы мүмкін, бірдей себеп бірдей жағдайда бірдей салдар туындатуы мүмкін.

Себеп-салдар қатынасы басты және басты емес; жай және құрама; жалпы және ерекше; жеке және көпше; ішкі және сыртқы; объективті және субъективті; ақпараттық және энергетикалық; динамикалық және статикалық; бірфакторлы және көп факторлы; жүйелі және жүйелі емес.

Шикізат-өнім – берілген дескриптор – шикізаттан алдағы уақытта өңделіп, басқа дескриптор – өнімді тудыратын фактты орнататын дескрипторлардың семантикалық қатынасының типі, бұл ретте кез келген өнім шикізат болып, басқа өнімге айнала алады. Мысалы, әріптерден сөз құралады, ал сөздерден сөйлем құрастыруға болады, ал сөйлемдерден мәтін жасауға болады.

Үрдіс-объект – дескриптор – үрдіс қандай да бір нәтижеге жету үшін шынайы немесе ойдан шығарылған әлемде бір бүтінді білдіретін басқа дескриптордың – объектінің келесі қалпын ауыстыруды көрсететін фактты орнататын дескрипторлардың семантикалық қатынасының типі.

Мысалы, берілген сөзге жұрнақты жалғау үрдісі жаңа сөзді жасауға мүмкіндік береді, ал жалғауды қосу үрдісі – оның формасын өзгертеді.

Қасиет-қасиетті иеленуші – берілген дескриптордан – қасиеттен, яғни басқа дескриптордың атрибутын көрсететін – қасиетті иеленуші, осы қасиетке ие объектілерді көрсететін фактты орнататын дескрипторлардың семантикалық қатынасының типі.

Терминдер арасындағы семантикалық қатынастар мағынасы тезаурустың анықтамасын және терминдер арасындағы қатынастарды жасау кезінде берілетін келесі қасиеттерге ие:

– Антонимия және омонимия жақындық қатынастары рефлексивті емес, симметриялы емес және транзитивті емес қасиеттерге ие, ал паронимия және синонимия – рефлексивті, симметриялы және транзитивті қасиеттерге ие.

– Иерархиялық семантикалық қатынастар транзитивті және антисимметриялылық қасиеттерге ие, ол ақпараттық іздеудің тиімділігін жоғарылату мақсатында индекстеу артық болғанда пайдаланылады;

– Ассоциативтіліктің қатынастары рефлексивті, транзитивті және антисимметриялылық қасиеттерге ие.

Осы қарастырылған мәселелерді ескере отырып жасалған тезаурус мысалынан үзінді:

Дескриптор: Есімді тіркес

UniTurk: NP

Анықтамасы: Басыңқы бөлімі есім сөздер болатын сөз тіркесі

Гипероним: Еркін сөз тіркесі

Гипоним: Есімді меңгеру, Есімді матасу, Есімді қабысу

Мероним: Зат есім, Сын есім, Есімдік, Сан есім

Қорытынды

Бұл жұмыста тезаурусқа, сонымен қатар оның түсіндірме сөздіктен айырмашылығына ерекше көңіл бөлінеді. Ол адамға бағытталған сияқты индекстеу мен ақпараттық іздеу жүйелеріне бағытталуы мүмкін. Ақпараттық-іздеу тезаурусы мәтінді табиғи тілден дескрипторлы ақпараттық-іздеу тіліне

лексикалық бірліктерді сәйкес дискрипторлармен бірмәнді ауыстыру жолымен аударуда және дескрипторлар арасындағы парадигматикалық байланыстарды көрсетуде пайдаланылады. Тезаурус мәтіндерді автоматты өңдеу сияқты қосымшаларда қолдануға арналған.

Осы мақалада сипатталған тезаурусқа қойылатын талаптарды қолдана отырып түрік тілдері (қазақ, қырғыз, татар, түрік және өзбек) грамматикасының электронды тезаурустары жасалады.

Мақала 2018 жылғы 12 наурыздағы №132 келісім шарт бойынша ЖТН AP05132249 «Көптілді іздеу және білімдерді шығару жүйелерін құруға арналған түркі тілдерінің электрондық тезаурустарын әзірлеу» жобасы аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Лукашевич Н.В. Тезаурусы в задачах информационного поиска. – М.: Изд-во Московского университета, 2011. – 512 с.

2 ISO 2788-1986. Documentation – Guidelines for the establishment and development of monolingual thesauri. Ed. 2.

3 ISO 5964-1985. Documentation - Guidelines for the establishment and development of multilingual thesauri, IDT (Revised by: ISO/DIS 25964-1 Under development).

4 ГОСТ 7.25-2001. Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу. Тезаурус информационно-поисковый одноязычный. Правила разработки, структура, состав и форма представления (введен в действие с 1 июля 2002 г.)

5 ГОСТ 7.24-2007. Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу. Тезаурус информационно-поисковый многоязычный. Состав, структура и основные требования к построению

6 ANSI/NISO Z39.19-2005 Guidelines for the Construction, Format, and Management of Monolingual Controlled Vocabularies (Periodic Review).

7 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Өңд. және толықт., 3-бас. – Алматы: Санат, 1997. – 239 б.

ҚҰРМЕТТІ АВТОРЛАР!

Физика-математикалық ғылымдары» сериясы, «Хабаршы» ғылыми журналы математиканың, механика мен физиканың, информатиканың, сонымен қатар мектепте, колледжде және жоғары оқу орынында физика-математикалық пәндерді оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-білім беру басылымы болып табылады.

«Хабаршы» журналы Қазақстан Республикасының мәдени және ақпарат Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден (Куәлік №4824-Ж, 15.03.2014 ж.) өткен және халықаралық идентификациялық нөмірі (ISSN 1728-7901) бар. ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен (10.07.2012 ж., №1082 бұйрық) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдар тізбесіне, ғылыми қызметтерінің негізгі ғылыми нәтижелерін жариялау үшін Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналы

- физика-математика ғылымдары (математика, физика, информатика, механика);
- техникалық ғылымдар;
- педагогика (оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі /математика, физика, информатика, білім беруді ақпараттандыру) ғылымдарыма мандықтары бойынша басылымдар тізіміне енгізілді.

Журнал "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" АҚ (ҰМҒТСО) мәліметтер базасына кіреді және қазақстандық цитаттау базасы (ҚазЦБ) бойынша нөлдік емес импакт факторы бар (http://www.nauka.kz).

2009 жылдан бастап Инжениринг және Технология Институтымен (Ұлыбритания) ақпараттық-қолдау қызмет көрсетуге жасалған келісім-шарттың (№2, 12.01.2009ж.) негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ «Физика-математика сериясы» бойынша Хабаршы журналында жарияланатын мақалалардың реферативті ақпараты INSPEC электронды мәлімтер қорына енгізіледі.

«ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ» СЕРИЯСЫ, «ХАБАРШЫ»ЖУРНАЛЫНА БАСЫЛАТЫН МАҚАЛАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРІЛУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

I. Қажетті материалдар

1. Жеке өз аттарынан жариялайтын докторанттар, магистранттар және студенттер үшін ғылыми жетекшінің рецензиясы болуы керек.
2. Мақала авторларының саны-4 артық емес.
3. Автор (авторлар) туралы мәліметтерді қамтитын, Хабаршы журналының электрондық Форма толтырылады: тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны (қала, ұйымның/ЖОО толық атауы және қысқартылған атауы), ғылыми дәрежесі мен атағы, лауазымы, білім алушылар үшін – докторант, магистрант немесе студент, e - mail, байланыс телефоны; мақалаға аннотациялар, 3 тілдегі түйінді сөздер.

II. Мақала құрылымы IMRAD форматына сәйкес болуы керек.

1. Мақала аты (7-10 сөзден тұруы тиіс, қысқартусыз, сөздердің саны бойынша асып кетуге жол берілмейді).
2. Андатпа (сіздің зерттеуіңіздің мақсаттары мен міндеттері ұсынады; зерттеу әдіснамасын қысқаша түсіндіреді; сіз қол жеткізген нәтижелер туралы айтылады; зерттеудің ғылым үшін маңыздылығы негізделеді).
3. Кіріспе (Кіріспесі. Неліктен зерттеу жүргізілді? Не зерттелінді, зерттеу мақсаты, қандай болжамдар сыналды?).
4. Зерттеу әдіснамасы (Зерттеулер қашан, қайда және қалай жүргізілді? Қандай материалдар қолданылды немесе кім енгізілді?)

Когда, где и как были проведены исследования Какие материалы были использованы или кто был включен в выборку).

5. Зерттеу нәтижелері (Қандай жауап табылды. Болжам дұрыс тексерілді ме?).
6. Дискуссия (Нәтижелерді талқылау. Жауап нені білдіреді және бұл неге маңызды болады? Бұл басқа зерттеушілер тапқан нәрсеге қалай сәйкес келеді? Зерттеудің болашағы қандай?).
7. Қорытынды (выводы).
8. Пайдаланылған дереккөздердің тізімі (Web of Science және/немесе Scopus индекстелетін жарияланымдарға сілтемелерді қоса алғанда, 15-тен аспау керек).

III. Мақаланы безендіру ережесі

Мақала мәтіні Word редакторында бірлік интервал арқылы терілу керек; .Парақ пішімі : 210 x 297 mm (A4); Жоғары, төменгі, оң жақтағы, сол жақтағы өрістер: – 2 см; Мақала беттері нөмірленбейді; Шрифт: Times New Roman (қазақ, орыс, ағылшын тілдері үшін) – 11 пт; жоларалық интервал – бір; абзацтың бірінші жолының шегінісі-0,5 см.; Word редакторында орындалған суреттер объект (топтастырылған) ретінде қойылуы керек; Кестелер мен суреттердің атауы болуы және нөмірленуі тиіс (10 қаріп, курсив). Мәтінде нөмірі көрсетілген кестелер мен суреттерге сілтеме болуы керек. Кестелердегі мәтінді безендіру: интервал бір, шрифт 10 Times New Roman, курсив. Мақала мәтіні ені бойынша форматталуы керек.

IV. Формула жазуға қойылатын талаптар

Формулалар мақала мәтініне MS Equation нысаны ретінде енгізіледі. Формуладағы символдардың өлшемдері: обычный – 11 пт, крупный индекс – 6 пт, мелкий индекс – 5 пт (математикалық редактор Equation).

V. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: Мақалада пайдаланылған әдебиеттер мәтінде пайдалану ретіне сәйкес қолжазбаның соңында келтіріледі. Мақаладағы әдебиетке сілтеу квадраттық жақшада беріледі, мысалы, [1], [2,3], [4-7]. Беттің соңында нүктесіз тізімдеп келтіру керек. Әдебиеттерге сілтемелер саны **15 әдебиеттен** аспауы тиіс. Дереккөздер тізімінде соңғы 5 жылда (2015-2020 жж.) жарияланған жұмыстар болуы тиіс.

VI. Мақаланың түрі

1. Сол жақ жоғарғы бұрышында бас әріптермен МРНТИ (жартылай қарайтылған, кегль №10);
2. Сол жақ жоғарғы бұрышында бас әріптермен ӘОЖ (жартылай қарайтылған, №10 кегль);
3. Курсивпен, жартылай қарайтылмаған кіші әріптермен (№11 кегль) ортада автордың (авторлардың) аты-жөні мен тегі; Жоғарғы индекспен автордың жұмыс орны (бірнеше авторлар болған жағдайда) сәйкестігін көрсетеді.
4.Бір бос жолдан кейін курсивпен автор (авторлар) жұмыс істейтін ұжым және қаланың аты (кегль №11);
5. Бір бос жолдан кейін жартылай қарайтылған бас әріптермен, шрифт Cambria (кегль №11) мақала аты;
6. Бір бос жолдан кейін мақалаға үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) **100-150 сөзден** тұратын қысқаша *аңдатпа* (кегль №10); "*Аңдатпа", "Аннотация", "Abstract*" жазылу тіліне сәйкес сөздерден басталады. Аннотацияда сілтеме келтіруге болмайды. Аббревиатуралар толық жазылуы тиіс. Аннотацияда жұмыстың мақсаты, зерттеу қорытындылары көрсетіледі.
7. Бір бос жолдан кейін үш тілде **6-8 сөзден** тұратын түйін сөздер (кегль №10); «Түйін сөздер:», «Ключевые слова:», «Keywords:» сөздерінен басталуы керек.
8. Бос жолдан кейін мақала тақырыбын қайталау: басқа екі тілдегі авторлар, ұйымның атауы, андатпа және түйін сөздер (10 өлшем, Times New Roman).
9. Бір бос жолдан кейін мақала мәтіні (кегль №11);
10. Бос жолдан кейін жарияланым материалы туралы ақпарат көрсетіледі: егер мақала грант шеңберінде дайындалған болса, мақаланың авторлары болып табылмайтын, бірақ олардың көмегімен зерттеу жүргізілген ғылыми жетекшіге, әріптестерге алғыс білдіру және т. б.
11. Мәтіннен кейін екі бос жол тастап кіші әріптермен әдебиеттер тізімі курсивпен (кегль №10). Бірлік интервал. Әдебиеттер тізім нүктесіз нөмерленеді.

VII. Мақалаларды жариялау тілдері – қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Редакцияға түскен мақалаларға білім саласы бойынша 2 жетекші мамандар мен ғылымдар пікір береді. Пікір негізінде редакция алқасы авторға мақаланы тағы да толықтыруға (түзетуге) ұсыныс жасауы, не мүлдем қайтарып беруі мүмкін. Бұрын жарияланған немесе басқа баспаға жіберілген мақалалар қабылданбайды. Мақала көлемі 5-7 бет. Көлемі 7 беттен артық болған жағдайда журнал редакциясымен хабарласып келісулері қажет. Мақала мәтініне енетін иллюстрациялардың, сұлбалардың және кестелердің көлемі мәтіннің жалпы көлеміне кіреді.

Мақаланы дайындау және жариялау бойынша пайда болған барлық сұрақтар бойынша журнал редакциясына хабарласыңыздар.

e-mail: Vestnik.KazNPU.FMS@gmail.com

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Төле би 86 көшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институты.

Жауапты хатшылар: +7 707 7268828, +7 707 1754132

УВАЖАЕМЫЕ АВТОРЫ!

Научный журнал «Хабаршы» КазНПУ им. Абая, серия «Физико-математические науки» является научно-образовательным изданием по актуальным вопросам математики, механики и физики, информатики, а также информатизации образования и методике преподавания физико-математических дисциплин в школе, колледже и вузе.

Решением Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки РК (Приказ №1082 от 10.07.2012 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «физико-математические науки» включен в *Перечень изданий, рекомендуемых* Комитетом по обеспечению качества *в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан* для публикации основных результатов научной деятельности по следующим направлениям:

- физико-математические науки (математика, физика, информатика, механика);
- технические науки;
- педагогические науки (теория и методика обучения и воспитания /математика, физика, информатика, информатизация образования).

Журнал входит в базу данных АО «Национальный центр государственной научно-технической экспертизы» (НЦГНТЭ) и имеет ненулевой импакт фактор по казахстанской базе цитирования (КазБЦ) (http://www.nauka.kz).

С 2009 г. действует Договор с Институтом Инжениринга и Технологий (Великобритания), на оказание информационно- сопроводительных услуг, согласно которому реферативная информация о статьях, публикуемых в Вестнике КазНПУ имени Абая, вносится в электронную базу данных INSPEC.

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ, ПУБЛИКУЕМЫХ В ЖУРНАЛЕ «ВЕСТНИК. СЕРИЯ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ»

I. Представление необходимых материалов

1. Для докторантов, магистрантов и студентов, публикующихся единолично, представляется рецензия научного руководителя.
2. Количество авторов статьи - не более 4.
3. Авторами заполняется электронная Форма Вестника, содержащая сведения об авторе (авторах): фамилия, имя, отчество, место работы (город, название организации/вуза без сокращений и сокращенное название), ученая степень и звание, должность, для обучающихся – указывается: докторант, магистрант или студент, e- mail, контактный телефон; аннотации к статье, ключевые слова на 3-х языках.

II. Структура статьи должна соответствовать формату IMRAD

1. Название статьи (состоит из 7–10 слов, без сокращений, превышение по количеству слов недопустимо).
2. Аннотация (представляет цели и задачи вашего исследования; кратко объясняет методологию исследования; сообщает о достигнутых вами результатах; обосновывает значимость исследование для науки.
3. Введение (Вступление. Почему проведено исследование? Что было исследовано, цель исследования, какие гипотезы проверены?).
4. Методология исследования (Когда, где и как были проведены исследования? Какие материалы были использованы или кто был включен в выборку?).
5. Результаты исследования (Какой ответ был найден. Верно ли была протестирована гипотеза?).
6. Дискуссия (Обсуждение результатов. Что подразумевает ответ и почему это имеет значение? Как это вписывается в то, что нашли другие исследователи? Каковы перспективы для исследований?).
4. Заключение (выводы).
5. Список использованных источников (не более 15, включая ссылки на публикации, индексируемые в Web of Science и/или Scopus).

III. Правила оформления статей.

Текст статьи должен быть набран в редакторе MS Word через одинарный интервал; Формат листа: 210 x 297 mm (A4); Поля: верхнее, нижнее, правое, левое – 2 см; страницы статьи не нумеруются; Шрифт: Times New Roman (для каз., рус. и англ. языков), размер - 11 пт; межстрочный интервал – одинарный; отступ первой строки абзаца – 0,5 см.; Рисунки, выполненные в редакторе Word, должны быть вставлены как объект (сгруппированы); Таблицы и рисунки должны иметь название и быть пронумерованы (шрифт 10, курсив). В тексте необходимо давать ссылку на таблицы и рисунки с указанием номера.

Оформление текста в таблицах: интервал одинарный, шрифт 10 Times New Roman, курсив. Текст статьи должен быть отформатирован по ширине.

IV. Требования к написанию формул

Формулы вставляются в текст статьи как объект MS Equation. Размеры символов в формулах (Equation): обычный - 11 пт, крупный индекс - 6 пт, мелкий – 5 пт.

V. Список использованной литературы, составляется по ходу упоминания ее в тексте и приводится в конце рукописи. Ссылки на литературу в тексте указываются в квадратных скобках, например, [1], [2,3], [4-7]. В списке каждый источник нумеруют арабской цифрой без точки и печатают с абзацного отступа. Количество ссылок не должно превышать 15 наименований. В списке источников должны присутствовать работы, опубликованные за последние 5 лет (2015-2020 гг.).

VI. Вид статьи

1. МРНТИ в левом верхнем углу прописными буквами (полужирным, кегль №10);
2. УДК в левом верхнем углу прописными буквами (полужирным, кегль №10);
3. Заголовок статьи: Курсивными, не полужирными прописными буквами (кегль №11) по центру инициалы и фамилия автора (авторов); Верхним индексом указывают соответствие месту работы автора (в случае нескольких авторов).
4. Через одну пустую строку указать название организации без сокращений, город, страну в котором работает автор (авторы) курсивом (кегль № 11)), Верхним индексом указывают соответствие автора месту работы;
5. Через пустую строку по центру полужирными прописными буквами, шрифт Cambria (кегль №11) название статьи;
6. Через пустую строку аннотация в 100-150 слов в кратких предложениях на языке статьи (кегль №10), начинается со слов соответственно языку написания *«Аңдатпа», «Аннотация», «Abstract».* В аннотации не допускается цитирование. Аббревиатуры должны быть расшифрованы. В аннотации указывается цель работы, выводы исследования.
7. Ключевые слова или словосочетания по тематике, 6-8 слов, на языке статьи (кегль №10, полужирно). Должны начинаться со слов «Түйін сөздер:», «Ключевые слова:», «Keywords:» соответственно.
8. Через пустую строку повторить заголовок статьи: авторы, название организации и название, аннотации и ключевые слова на двух других языках (кегль №10, Times New Roman).
9. Через пустую строку текст статьи (кегль №11);
10. Через пустую строку указывается информация о материале публикации: если статья подготовлена в рамках гранта, благодарность научному руководителю, коллегам, которые не являются авторами статьи, но при их содействии проводилось исследование и т.п.
11. Список использованной литературы, указывается после текста статьи, через две пустые строки строчными буквами, курсивом (кегль №10). Интервал - одинарный. Нумерация списка без точки.

VII. Языки издания (вещания) статей - казахский, русский, английский. Поступившие в редакцию статьи рецензируются 2 ведущими специалистами и учеными по отраслям знаний. На основании рецензии редколлегия может рекомендовать автору доработать статью или отказать в публикации. Рукописи статей, опубликованных ранее или переданных в другие издания, не принимаются. Рекомендуемый объем статьи - не менее 5 и не более 7 страниц. В ином случае вопрос по объему статьи необходимо согласовать с редакцией журнала. Иллюстрации, схемы, таблицы, включаемые в текст статьи, учитываются в общем объеме текста.

По всем вопросам, связанным с подготовкой, представлением и публикацией материалов, необходимо обращаться в редакцию журнала.

Адрес: г.Алматы, ул.Толе би 86, КазНПУ им. Абая, Институт математики, физики и информатики
Ответственный секретарь: +7 707 7268828, +7 707 1754132
e-mail: Vestnik.KazNPU.FMS@gmail.com